«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»

БӨКЕТОВ ОҚУЛАРЫ – 2024

Магистранттар мен студенттердің Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

28–29 наурыз 2024 ж.

Ғылыми электрондық басылым

БУКЕТОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2024

МАТЕРИАЛЫ

Региональной научно-практической конференции магистрантов и студентов

28–29 марта 2024 г.

Научное электронное издание

ISBN 978-601-362-197-5

Қарағанды
2024

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Б78

Баспа басылымының электрондық аналогы — Электронный аналог печатного издания

Бөкетов оқулары – 2024 = Букетовские чтения – 2024 : Магистранттар мен студенттердің Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (28–29 наурыз 2024 ж.) / Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ун-ті ; [ұйымдаст. комитеті: Н.О. Дулатбеков т.б.]. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2024. — 197 б. — Қазақша – орысша.

Ұйымдастыру комитеті — Организационный комитет

Дулатбеков Н.О. *(төраға)*, **Тажбаев Е.М.** *(төрағаның орынбасары)*,
Касымов С.С., Аданов К.Б., Джумабеков Д.А., Зейниденов А.К., Ибраев М.К., Ламбекова А.Н., Макатова А.Д., Муликова С.А., Серикбаев А.М., Талжанов С.А., Танин А.О., Тлеужанова Г.К., Түйте Е.Е., Сериков Т.М. *(жауапты хатшы)*

Б78 **Бөкетов оқулары – 2024 = Букетовские чтения – 2024** : Магистранттар мен студенттердің Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (28–29 наурыз 2024 ж.) : ғылыми электрондық басылым / Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ун-ті ; [ұйымдаст. комитеті: Н.О. Дулатбеков т.б.]. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2024. — PDF-файл. — Жүйеге қойылатын талаптар: Pentium 4; 1,3 ГГц және жоғары; Internet Explorer Acrobat Reader 4.0 немесе үлкен. — Қазақша – орысша.

ISBN 978-601-362-197-5

Жинақта академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бөкетов оқулары – 2024» магистранттар мен студенттердің Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндама материалдары жарияланған. Мақалаларда жаратылыстану (физика, химия, математика, биология, география), гуманитарлық (филология, тарих, философия), әлеуметтік-педагогикалық (әлеуметтану, педагогика) және қоғамдық (заңтану, экономика) ғылымдардың өзекті мәселелері қарастырылады.

В сборнике опубликованы материалы докладов Региональной научно-практической конференции магистрантов и студентов «Букетовские чтения – 2024» Карагандинского университета имени академика Е.А.Букетова. В работах рассматриваются актуальные проблемы естественных (физика, химия, математика, биология, география), гуманитарных (филология, история, философия), социально-педагогических (социология, педагогика) и общественных (юриспруденция, экономика) наук.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

Материалдар жинағы авторлық басылымда жарияланады
Сборник материалов издается в авторской редакции

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

ISBN 978-601-362-197-5

© **Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2024**

Айкеева Д.М., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті, биология-география факультеті, МБО-22-1к тобы, магистрант

(Ғылыми жетекші — п.ғ.к., профессор Мырзабаев А.Б.)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК БІЛІКТІЛІКТЕРІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кіріспе

Оқушылардың зерттеушілік әрекеттері деп олардың қандайда бір шығармашылық тапсырмаларда орындау жұмыстары деп түсіну қажет. Ол тапсырмалардың, әрине ұстазда алдын-ала белгілі бір шешімі болады. Балалардың шығармашылық іс-әрекеті алған білімін өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, жаңа нәтижеге жете алатын тұлғаның әрекетінің жиынтығы. Педагогикалық теорияларда оқу іс-әрекетінің жоғарғы деңгейі оқушылардың шығармашылығы болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет репродуктивті, продуктивті, ізденушілік, эвристикалық деңгейді меңгерудің негізінде және одан да соңғы оқу-танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейі ретінде қарастырылады [1].

Осы зерттеушілік біліктілікті дамытуда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор, себебі сабақ барысында жаңа ақпаратты игеру негізгі орында тұрады және сабақтың көпшілік уақытын алады, ал сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар өздерінің шығармашылығын көрсетіп дамыта алады, соның нәтижесінде зерттеушілік біліктілігі де дамиды. Оқушылар ұстаздың берген тапсырмаларын орындау үшін қосымша ізденеді, талпыныс жасайды.

Көпшілік ғалымдардың көзқарастары бойынша, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін зерттеушілік тапсырмалар арқылы қалыптастыру жаратылыстану және техникалық ғылымдарында ақиқатты табудың және оны дәлелдеудің жолы ретінде танылған, оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде тұлғаның жаңалық ашу арқылы өзін көрсетуі мақсатында қолданылатын құрал екендігін мойындауға негізделеді [2].

Мектептегі зерттеушілік жұмыстар арқылы оқушылардың зерттеушілік біліктілігін дамыту үшін оқушылардың ғылыми негізделген тәжірибелер мен эксперимент жасау барысында жобалау, бақылау, өздігінен шешім қабылдау, талдау, тексеру, салыстыра білуі және олардың өздігінен алған білімін кеңейтіп, тереңдететін, өзін-өзі дамытатын, саналы ойлайтын, өздігінен тұжырым жасайтын, жаңалық ашу біліктілігі мен дағдылары бар, өмірлік тәжірибелерінде кездесетін проблемаларды өздері шеше алатындай деңгейге шығаруға мүмкіндік туғызады [3].


Зерттеу әдістері мен нысандары

Зерттеудің барысында келесідей әдістер қолданылды: оқушылармен сауалнамалар жүргізу, салыстыру, тұжырымдау, математикалық статистикалық зерттеу әдістері, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу әдістері. Мектеп бойынша биология сабағына қызығушылық танытатын оқушылармен сыныптан тыс жұмыстар жүргізіліп, мектеп оқушыларының зерттеушілік біліктілігін қорытынды экспериментте анықтау үшін оларға сыныптан тыс жұмыстар (дербес, топтық эпизодтық жұмыстар) барысында арнайы зерттеушілік тапсырмалар ұсынылды, оларды орындау кезінде және орындағаннан кейінгі көрсеткіштер талдауға алынды.

Қарағанды қаласындағы №.7, № 66 жалпы білім беретін мектептерде бақылау жүргізілді.

Анықталған нәтижелер және оларды талдау

Мектептерде оқу эспериментінің көмегімен эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің және зерттеугілік біліктілігінің қаншалықты қалыптасқаны сауалнамалар, тест тапсырмаларын жүргізу барысында анықталып, білім сапасы жеткілікті емес екені айқындалды (1-сурет).



1–сурет. Мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасу деңгейі (экспериментке дейін)

Мектеп оқушыларында зерттеушілік біліктілікті дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылып, әр түрлі деңгейдегі зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекетке бағытталған тапсырмалар берілді. Мектеп оқушыларының зерттеушлік біліктілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға жүргізілген анықтау экспериментінің үш сатысына байланысты алынған мәліметтерді ой елегінен өткізе отырып сандық және сапалық нәтижесін салыстырмалы түрде арифметикалық орта есеппен ала отырып, төмендегі 1-кестеде көрсетіледі.

1-кесте. Анықтау эксперименті кезінде оқушылардың шығармашыл тұрғыда тапсырма орындау деңгейлері

Білімдік өлшемдер	Эксперименттік сыныптары				Бақылау сыныптары			
	Оқушы саны	Төмен-гі деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей	Оқушы саны	Төмен-гі деңгей	Орта-ша деңгей	Жоға-ры деңгей
Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығы, қажеттілігі, ынтасы, зияткерлік ұмтылысын тудырып, зерттеушілік тапсырмалар арқылы шығармашылық іс-әрекетке түрткісі	19	9	6	4	19	9	6	4
		47 %	31 %	22 %		47 %	31 %	22%
Теориялық білімдерді игеруі, қосымша ізденуі, қзіндік зерттеушілік қабілетінің қалыптасу деңгейі	19	8	5	6	19	8	6	5
		42%	27 %	31 %		42 %	31%	27 %
Шығармашылық болжау, шығармашылық ұмтылыс, шығармашылық нәтиже	19	9	5	5	19	9	6	4
		47 %	27 %	27 %		47 %	31 %	22 %

Мектеп оқушыларының компоненттер бойынша жүргізілген бекіту экспериментінің мәні, сандық және сапалық нәтижесі зерттеу қорытындысын көрсетті.

Бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштерін бекіту эксперименті кезінде оқушылардың шығармашылық деңгейлері төмендегі 2-кестеде көрсеттік.

2 –кесте. Эксперименттен кейінгі оқушылардың шығармашыл тұрғыда тапсырма орындау деңгейлері

Білімдік өлшемдер	Эксперименттік сыныптары				Бақылау сыныптары			
	Оқушы саны	Жоға-ры деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей	Оқушы саны	Жоға-ры деңгей	Орта-ша деңгей	Төмен-гі деңгей
Танымдық қызығушылығы, зияткерлік ұмтылысын тудырып, зерттеушілік тапсырмалар арқылы шығармашылық іс-әрекетке түрткісі	19	13	5	1	19	5	6	8
		68 %	27 %	5 %		26 %	31 %	43 %
Теориялық білімдерді игеруі, қосымша ізденуі, қзіндік зерттеушілік қабілетінің қалыптасу деңгейі	19	12	5	2	19	5	6	8
		63 %	26 %	11 %		27 %	31 %	42 %
Шығармашылық болжау, шығармашылық ұмтылыс, шығармашылық нәтиже	*19*	9	6	4	19	3	7	9
		47%	31 %	22 %		17 %	36 %	47 %

Қалыптастыру экспериментін зерттеу нәтижесінде жаратылыстану саласы бойынша пән мұғалімдері оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға арналған тәжірибелер жиынтығының тиімділігін жоғары бағалап, білім сапасының артқандығын білдірді. Қалыптастыру эксперименті зерттеу нәтижесінің шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқан, оны орындаудағы білімі, зерттеушілік біліктілігі, жаңа бастамаларды ойлауы, зерттеушілік жұмыстарға бағытталған әрекет тәсілдерін ізденімпаздықпен таңдау, жаңа идеяларды шығармашылық деңгейде ойлауы, іс-әрекетте жоғары деңгейге қол жеткізу біліктілігі, шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі жоғары қалыптасқанын айқындауға мүмкіндік тудырады.

Қорытынды

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы тәжірибелік эксперименті кезеңінде алынған мектептер бойынша эксперимент және бақылау сыныптары (топтары) таңдалып алынды. Эксперименттік жұмысқа қатысатын сыныптардағы жұмыстар зерттеу мәселесі бойынша кесте бойынша өткізіліп отырды. Мектептегі оқу эксперименті арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың

сауалнамалар, сұрақ-тапсырмалар, тест тапсырмалары және т.б. әдістерді пайдалана отырып, экология, биология пәндері бойынша тапсырмалар беріліп, оқушылардың білімдік деңгейлері анықталды. Осы өлшем бойынша үш топқа бөлінді: біріншісі – оқушылар шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқан, интеллектуалдық мүмкіндіктері бар, ізденімпаз тұлға; екіншісі – оқушылар оқу экспериментіне қызығушылығы болғанымен, оған үнемі көмекті қажетсінеді, үшінші – оқушылардың оқу экспериментіне ықыласы орташа, білімді меңгеруге белсенді көзқарасы оның іс-әрекетінде айқын көрініс бермейді.

Қорыта келгенде жоғарыдағы сандық көрсеткіштер мектептегі оқу-зерттеушілік тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырған жағдайда оқушылардың зерттеушілік біліктілігі дамиды, яғни пәнге қызығушылығы мен қосымша өзіндік ізденіс пен зерттеу жұмыстарына қатысуы артады деген қорытынды жасауға болады.

1. Шамова Т.И. Активизация учения школьников, Москва, 1989.
2. Половникова Н.А. О системе воспитания познавательной самостоятельности школьников, Москва, 1989.
3. И. Н. Пономарева. Общая методика обучения биологии, - М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 272с.

Әбілдаева А.Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, химия факультеті, ТФП-410, студент

(Ғылыми жетекші - PhD докторы, қауымдастырылған профессор Жапарова Л.Ж.)

ПОЛИМЕРЛІ НАНОБӨЛШЕКТЕР – БОЛАШАҒЫ ЗОР ЖАҢА ДӘРІЛІК ҮЛГІЛЕР

Қазіргі уақытта фармацевтикалық өндірісте дәрілік препараттардың сан алуан түрлерінің болуына қарамастан, заманауи талаптарға жауап беретін тиімділігі жоғары, яғни талғамды әсер етуге қабілетті дәрілік заттардың саны аз немесе әлі де зерттелу үстінде. Бұл мәселе, әсіресе, созылмалы ауруларды және түберкулез, қатерлі ісік тәрізді ұзақ мерзімді терапияны қажет ететін ауруларды емдеуде ерекше маңызға ие. Себебі, басқа ауруларды емдеумен салыстырғанда қатерлі іск пен түберкулездің химиятерапиясында қолданылатын препараттардың фармакологиялық белсенділігі жоғары болумен қатар, олардың зиянды әсері де күшті. Сондықтан, мұндай препараттардың емдік әсерін жоғарылату мақсатында дәрілік заттардың дозасын арттыру және терапияның уақытын ұзарту адам ағзасының уланууына әкеледі. Осыған орай, бүгінгі таңда фармакологтардың шешетін мәселесі - дәрілердің жаңа түрлерін синтездеуден гөрі, фармакологиялық әсері белгілі дәрілік препараттардың физика-химиялық қасиеттерін жақсарта отырып, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа үлгілерін жасап шығару. Соңғы 20 жылда бұл бағытта жасалған зерттеулер дәрілік заттардың нано-өлшемді үлгілерін қолдану жақсы нәтиже беретінін көрсетіп отыр [1-4]. Мәселен, дәрілік заттарды липосомалар, везикулалар, полимерлердің негізінде алынған нанокапсулалар тәрізді жүйелерге енгізіп, нанобөлшектермен байланыстыру арқылы онкологиялық аурулар мен түберкулезді емдеуге қолданудың болашағы зор екендігі анықталған [1-4]. Полимерлі нанобөлшектер дәрілік заттарды адам ағзасындағы қажетті мүшеге бағытты тасымалдап, оны белгіленген орында бақыланған түрде бөліп шығарылуын қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл әртүрлі қатерлі ісікке қарсы дәрілік препараттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасын өзгерте отырып, олардың фармакологиялық әсерін оптимизациялауға мүмкіндік берді.

Қатерлі ісік әлем бойынша адам өліміне әкелетін себептердің бірі болып табылады, осылай, 2020 жылы бұл дерт 10 млн. адамның өмірін қиған (https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/cancer) [5]. Елімізде де қатерлі ісікпен ауыратын адам саны жыл сайын өсуде, мәселен, соңғы 20 жылда Қазақстан бойынша онкологиялық ауруға шалдыққан адамдардың үлесі 25%-ға артты. Соңғы онжылдықтарда қатерлі ісік терапиясының жаңа жүйелері белсенді түрде жасалып шығарылуда. Полимерлі нанотасымалдау жүйесіне тіркелген дәрілік заттардың бос дәрілерге қарағанда бірқатар артықшылықтары бар: 1) гидрофобты дәрілердің ерігіштігі артады; 2) олардың жасушаларға енуі оңайырақ жүреді; 3) дәрілік препараттың фармакокинетикасы жақсарады, 4) мембраналық және гематоэнцефалиттік кедергілерден өтуге қабілетсіз дәрілік заттардың өткізгіштік қасиетін арттыру. Дәрілік заттарды тасымалдау үшін полимерлі нанобөлшектерді пайдалану препараттың биожетімділігін арттырып қана қоймай, оның белгілі бір мүшелер, ұлпалар мен жасушаларға түсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Нанобөлшектердің фармацевтикалық тұрғыдағы анықтамасы – өлшемдері 10-нан 1000 нм-ге дейінгі табиғаты липидті немесе биодеградацияланатын полимерден құралған қатты, тұрақты коллоидты бөлшектер [6]. Дәрілік заттар нанобөлшектердің бетіне адсорбцияланады немесе ішіне инкапсуляцияланған, немесе онымен ковалентті байланысқан түрде болады. Қатерлі ісікке қарсы препараттардың нанотасымалдаушылары жалпы химиятерапияның улылығын төмендетуге және дәрілік заттың қатты ісік ұлпаларында жинақталуынамүмкіндік бере отырып, ісік жасушаларын талғамды түрде жойып, дәрінің фармакокинетикасын жақсартады [6]. Атап айтқанда, полимерлердің негізіндегі нанобөлшектер дәрінің

физика-химиялық қасиеттерін жақсартумен қатар, оның ағзада сіңірілуін, таралуын және босап шығуын реттеу арқылы биологиялық белсенді заттың әсерін пролонгациялауға мүмкіндік береді.

Негізінен алғанда, медициналық мақсатта қолдануға рұқсат етілген полимерлердің саны шектеулі. Фармацевтика мен медицина саласының талаптарына жауап беретін полимерлердің тізіміне табиғи (сиыр және адам сарысуының альбумині, полисүт қышқылы)және синтетикалық полимерлер (полиалкилцианакрилаттар, полилактид пен оның гликоль қышқылымен сополимері) кіреді.Бұған дейін жүргізілген зерттеулер нәтижесінде осындай полимерлердің негізінде синтезделіп, дәрілік заттармен иммобилизацияланған нанобөлшектер мен нанокапсулалардың тиімділігі дәстүрлі дәрілік үлгілермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екендігі анықталған [7]. Осылай, әлемдік деңгейде әсері ұзартылған қатерлі ісікке қарсы препараттардың жаңа үлгілерінің қатарына Абраксан препараты жатады [7]. Бұл альбуминмен байланыстырылған паклитаксель препаратының наноөлшемді үлгісінің бос күйіндегі Таксол препаратымен салыстырғанда тиімділігінің жоғары екендігінің дәлелі болып табылады. Полимерлердің негізінде наноөлшемді бөлшектерді алудың бірнеше әдісі белгілі, олар қолданылатын полимердің табиғатына байланысты болады: нанотұндыру және қос эмульсия әдісі (полисүтқышқылды және полилактид-со-гликолидті нанобөлшектер), десольваттау (альбуминді нанобөлшектер), полимерлену(полиалкилцианакрилаттардың нанобөлшектері) және т.б.

Дәрілік заттардың тасымалдаушылары ретінде қолданылатын синтетикалық полимерлердің ішінде биоүйлесімді әрі биодеградацияларуға қабілетті полилактидтің гликоль қышқылымен сополимері (ПЛГ) ерекше орын алады. ПЛГ-тің медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуда 82:18 поли(L-лактид-со-гликолид) тігіс материалы ретінде, ал 85:15-поли(D,L-лактид-со-гликолид) ортопедиялық құрылғыларды, соның ішінде, бұрандалар мен пластиналарды, сондай-ақ бас сүйегінің жалпақ сүйектерін пластикалық құрылғыларды жасау үшін кең қолданылғаны белгілі [8].

ПЛГ сополимерін синтездеудің химиялық реакциясы 1-суретте келтірілген (сурет 1).



Сурет 1. Поли(полилактид-со-гликолид) синтезінің реакциясы

Алайда қазіргі уақытта дәрілік заттардың тасымалдаушылары ретінде әртүрлі қатынастағы дайын сополимер кең қолданылады. Бұл сополимерді түрлі дәрілік препараттармен иммобилизациялауды әртүрлі әдіспен жүргізу алынатын бөлшектердің өлшемін реттеуге мүмкіндік береді, ал сополимер тізбегіндегі қышқылдардың құрамын өзгерте отырып, алынатын өнімнің физика-химиялық қасиеттерін оңтайландыруға болады [9]. Бұл сополимердің қанағаттандырарлық сипаттамаларға ие нано-өлшемді жүйелерін синтездеу мақсатымен нанотұндыру әдісін қолдана отырып, өлшемдері 63-тен 560 нм-ге дейінгі нанобөлшектер алынған; нәтижелері 1-кестеде келтірілді [10-12].

Кесте 1. Нанотұндыру әдісімен алынған ПЛГ-ті нанобөлшектер

Еріткіш	Еріткіш емес орта	Тұрақтандырғыш	Бөлшектердің өлшемі, нм	Әдебиет
Ацетон	Су	ПВС	95-560	[10]
Ацетон/этанол	Су	Твин 80	63-90	[11]
Ацетон	Су	-	165±5	[12]

Сонымен қатар, лактид және гликолид тізбектерінің қатынасы дәрілік заттың босап шығарылу сипатына әсер ететіні анықталған [10-12]: мәселен, егер дәрілік заттың ағзаға босап шығуы деградациялану үрдісінің алдында жүрсе, полимердің құрамында гликолидті тізбектердің көбеюі гидрофилді дәрілік препараттардың босап шығу жылдамдығының артуына әкелетіні, ал липофилді дәрілік заттар үшін кері заңдылық байқалатыны көрсетілген [9].

Корея елінде қатерлі ісікке қарсы дәрілік затпен иммобилизацияланған ПЛГ нанобөлшектері жоғары тиімділік танытып, «Genexol-PM» атты препарат түрінде кеуде және өкпе ісігін емдеуде қолдануға рұқсат етілген. Бұдан басқа, паклитаксель, цисплатин, 5-флуоресцеин, тамоксифен тәрізді препараттар ПЛГ-ті нанобөлшектер матрицасына енгізіліп, қазіргі кезде *in vitro* және *in vivo* сынақтардан өтуде.

Бұған дейін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің органикалық химия және полимерлер кафедрасының ғалымдарының зерттеулерінде басқа полимерлермен қатар, ПЛГ-ті

нанобөлшектерге түберкулезге қарсы дәрілік препараттар «Изониазид» пен «п-Амин салицил қышқылы», гепатопротекторлы препарат «Силимарин» және т.б. дәрілік заттар тиімді иммобилизацияланғаны көрсетілген [7, 12-14]. Осыған орай, бұл жұмыс ПЛГ сополимерін негіз ретінде қолдана отырып, оған қатерлі ісікке қарсы кең қолданылатын бірден-бір дәрілік препарат «Доксорубицинді» енгізу әдісін жасап шығару арқылы қанағаттанарлық физика-химиялық қасиеттерге нанобөлшектерін синтездеп, олардың қатерлі ісік жасушаларына қатысты тиімділігін зерттеуге бағытталған.

1. Wissing S., Kayser O., Müller R. Solid lipid nanoparticles for parenteral drug delivery // Advanced Drug Delivery Reviews. – 2004. – Vol. 56. – P. 1257-1272.
2. Sosnik A., Carcaboso Á.M., Glisoni R.J. et al. New old challenges in tuberculosis: Potentially e ffective nanotechnologies in drug delivery // Advanced Drug Delivery Reviews. – 2010. – Vol. 62. Issue 4-5. – P. 547-559.
3. Sung J.C., Pulliam B.L., Edwards D.A. Nanoparticles for drug delivery to the lungs // Trends in Biotechnology. – 2007. – Vol. 25, Issue 12. – P. 563-570.
4. Patil J.S. Significance of Particulate Drug Delivery System in Antimicrobial Therapy // Advances in Pharmacoepidemiology & Drug Safety. – 2016. – Vol. 5, Issue 1. – P. 1-2.
5. Показатели Онкологической службы Республики Казахстан за 2018 год (статистические и аналитические материалы) https://onco.kz/news/pokazateli-onkologicheskoj-sluzhby-respubliki-kazahstan-za-2018-god-statisticheskie-i-analiticheskie-materialy/.
6. Kreuter J. Colloidal Drug Delivery Systems. – New York: Marcel Dekker, 1994. – 344 p.
7. Тажбаев Е.М., Жумагалиева Т.С., Жапарова Л.Ж., Арыстанова Ж.Т. Создание научных основ нанокапсулирования противоопухолевых препаратов в полимерные матрицы (монография). – Караганда, 2020. – 108 с.
8. Elsewedy H.S., Dhubiab B.E.A., Mahdy M.A. et al. Development, optimization, and evaluation of PEGylated brucine-loaded PLGA nanoparticles // Drug Delivery. – 2020. – Vol. 27, Issue 1. – P. 1134-1146.
9. Anderson J.M., Shive M.S. Biodegradation and biocompatibility of PLA and PLGA microspheres // Adv. Drug Del. Rev. 28. – 1997. P. 5-24.
10. Hernández-Giottonini K.Y., Rodríguez-Córdova R.J. et al. PLGA nanoparticle preparations by emulsification and nanoprecipitation techniques: effects of formulation parameters // RSC Advances. – 2020. – Vol. 10. – P. 4218-4231.
11. Sah E., Sah H. Recent Trends in Preparation of Poly(lactide-co-glycolide) Nanoparticles by Mixing Polymeric Organic Solution with Antisolvent // Journal of Nanomaterial. – 2015. – Vol. 2. – P. 1-22.
12. Tazhbayev Ye. M., Zhumagalieva T. S., Zhaparova L. Zh., Agdarbek A.A., Zhakupbekova E.Z., Burkeeva G.K., Karimova B.N., Zhautikova S.B. Synthesis and investigation of PLGA-based nanoparticles as a modern tool for the drug delivery // BULLETIN OF THE UNIVERSITY OF KARAGANDA-CHEMISTRY.-2020. –Vol.98, P.97-104.https://doi.org/10.31489/2020Ch2/97-104).
13. Tazhbayev, Ye.M., Galiyeva, A.R., Zhumagaliyeva, T.S., Burkeyev, M.Zh., Kazhmuratova, A.T., Zhakupbekova, E.Zh., Zhaparova, L.Zh., Bakibayev, A.A. Synthesis and characterization of isoniazid immobilized polylactide-co-glycolide nanoparticles. Bulletin of the University of Karaganda – Chemistry, 2021, 101(1), 61-70. https://doi.org/10.31489/2021Ch1/61-70)
14. Galiyeva, A.R., Tazhbayev, Ye.M., Zhumagaliyeva, T.S., & Daribay, A.T. (2022) Encapsulation of Isoniazid in Polylactide-Co-Glycolide Nanoparticles by Nanoprecipitation. Bulletin of the University of Karaganda – Chemistry, 107(3), 208-217. https://doi.org/10.31489/2022Ch3/3-22-17.


Акчекенов Б. - Е.А.Букетов ат. Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ОП-33 топ, студент

Келисбеков А.К. - Е.А.Букетов ат. Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ғыл. жетекші, PhD

ҚАТПАРЛЫ КОНВЕЙЕРДІҢ БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ КӨП ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ, ЖИІЛІКТІК РЕТТЕЛЕТІН ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН ӘЗІРЛЕУ

Ұзын магистральды қатпарлы конвейерлерді пайдалану кезінде (ұзындығы 1000 м-ден 6000 м-ге дейін) көпжетекті схемасы бойынша конструкциялар қолданылады. Бұл ретте көп қозғалтқышты шынжырлы конвейердің бірқалыпты іске қосуын қамтамасыз ету маңызды практикалық міндет болып табылады және күрделі тау-кен-геологиялық жағдайларда пайдаланылатын магистральдық қатпарлы конвейердің конструкциясының жұмысқа қабілетті статикалық және динамикалық жағдайын басқару және қамтамасыз ету сөзсіз өзекті мәселе. Кен массасын қайта тиеусіз тасымалдау схемасы кезінде қатпарлы конвейерде аралық жетектердің көп мөлшерде болуына байланысты оның электр жетектері арасындағы жалпы жүктемені автоматты түрде тарату мәселесін шешу қажет.

Электр жетектері үшін, оның ішінде конвейерлердің реттелмейтін асинхронды электр жетектері үшін ең ауыр іске қосу режимдері болып табылады, олар үшін номиналды мәннен бірнеше есе асатын үлкен іске қосу токтары және іске қосу момент тербелістері тән болып табылады. Бұл бір жағынан электрқозғалтқыштың орамаларының қызып кетуінің және оның ресурсының азаюының себебі болып табылады, ал екінші жағынан редукторда және шынжырлы тартқыш жұмыс органында шамадан тыс жүктеуге әкеледі. Электр тораптарына да үлкен іске қосу токтары теріс әсер етеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазіргі таңда көп жетекті қатпарлы конвейерлерде жиіліктік реттелетін асинхронды электр жетекті әзірлеу өзекті мәселе болып табылады. Асинхронды жиілікті реттелетін электр жетектері бар көп қозғалтқышты қатпарлы конвейердің берілген схемасы 1-суретте көрсетілген



1-сурет: асинхронды жиілікті реттелетін электр жетектері бар көп қозғалтқышты қатпарлы конвейердің берілген схемасы

мұнда J_1 – бірінші қозғалтқыштың инерция моменті; J_2 – екінші қозғалтқыштың инерция моменті; J_3 – үшінші қозғалтқыштың инерция моменті; J_4 – төртінші қозғалтқыштың инерция моменті; c_1, c_2 – тиісінше 1-ші және 2-ші электр жетектерінің қаттылық коэффициенттері; c_3, c_4 – тиісінше 3-ші және 4-ші электр жетектерінің қаттылық коэффициенттері; ω_1, ω_2 – тиісінше бірінші және екінші электр қозғалтқыштары роторларының бұрыштық айналу жылдамдығы; ω_3 , ω_4 – тиісінше үшінші және төртінші электр қозғалтқыштары роторларының бұрыштық айналу жылдамдығы; $M_{AҚ1}$ – бірінші жетекші қозғалтқышпен дамытылатын электромагниттік момент; M_{c1} – бірінші қозғалтқыштың білігіне келтірілген статикалық момент; $M_{AҚ2}$ – екінші аралық қозғалтқышпен дамытылатын электромагниттік момент; M_{c2} – екінші қозғалтқыштың білігіне келтірілген статикалық момент; $M_{AҚ3}$ – үшінші аралық қозғалтқышпен дамытылатын электромагниттік момент; M_{c3} – үшінші қозғалтқыштың білігіне келтірілген статикалық момент; $M_{AҚ4}$ – төртінші соңғы қозғалтқышпен дамытылатын электромагниттік момент; M_{c4} – төртінші қозғалтқыштың білігіне келтірілген статикалық момент.

Біз әзірлеген әдістің міндеті- қатпарлы конвейердің тартқыш-көтергіш органының тегіс керілуін қамтамасыз ету. Нәтижесі-іске қосу режимдерінде тартқыш-көтергіш органға динамикалық жүктемелерді азайту және конвейерлердің тартқыш-көтергіш органының ресурсын ұлғайту есебінен қатпарлы конвейерлер жұмысының сенімділігін арттыру.Ұсынылған жиілікті реттелетін қатпарлы конвейер электр жетегінің құрылымдық-блоктық орналасу схемасы 2-суретте көрсетілген. Ұсынылған құрылғының барлық блоктары белгілі техникалық шешімдер негізінде жасалуы мүмкін.

Статикадағы бірқалыпты іске қосу құрылғысының сипаттамасы. Тартқыш-тасымалдаушы орган 1 жұмысшы және бос тармақтардан құралады. Тартқыш-тасымалдаушы органның 1 жұмыс тармағы басқарушы электр жетектің бірінші беріліс құрылғысының шығуымен қосылған. Бірінші беріліс құрылғысының кіруіне басқарушы электр қозғалтқышы қосылған 3, оның кіруі жиілік түрлендіргішінің 4 бірінші шығуымен жалғанған. Жиілікті бірінші түрлендіргіштің 4 екінші шығуы компаратордың 5 бірінші кіруіне қосылған, оның екінші кіруі 6 минималды жүктеме тоғының орнату блогымен қосылған. Өз кезегінде, компараторының 5 шығуы жылдамдық задатчигінің 7 бірінші кіруіне қосылған, оның екінші кіруі ең төменгі жылдамдық орнатушы блогы 8 шығуымен қосылған. Жылдамдық задатчигінің 7 шығуы бірінші қарқындылық задатчигі 9 кіруіне қосылған, оның шығуы бірінші басқару блогына қосылған 10, ал бірінші басқару блогына бірінші жиілік түрлендіргішінің кіруіне қосылған 4. Тартқыш-тасымалдаушы 1 органның бос тармағының кіруі екінші беріліс құрылғысының шығуымен, ал оның кіруі басқарылатын электр жетектің электр қозғалтқыштың шығуына 11 жалғанған. Оның кіруі екінші 13 жиілік түрлендіргішінің шығуымен қосылған. Екінші 13 жиілік түрлендіргішінің кіруі екінші басқарушы блок 14 шығуымен қосылған, ал ол қарқындылық задатчигімен 15 жалғанса, қарқындылық задатчигі 15 жылдамдық задатчигімен қосылған 7.

Нәтижесінде басқарушы электр қозғалтқышының жүктеме тоғының қарқынды өсуі кезінде, яғни тартқыш-тасымалдаушы органның жұмыс тармағының толық керілуі кезінде басқарушы және басқарылатын қосалқы электр қозғалтқыштарының айналу жылдамдығы бойынша тапсырма олардың номиналды жылдамдығына дейін бірқалыпты жеделдету орындалады.

Қорытынды

Осылайша, көп қозғалтқышты қатпарлы конвейерлерде жиіліктік - реттелетін электр жетегін қолданудың өзектілігі негізделді.


Жұмыста ұсынылып отырған қатпарлы конвейердің көп қозғалтқышты электржетегін бірқалыпты қосу тәсілі жүктеме токтарын өлшеуге және олардың белсенді құрамдас бөлігін бөліп алуға, сондай-ақ іске қосу режимінде жетектерді басқаруға негізделген. Тәсілдің мәні келесі алгоритмге негізделген, яғни көпқозғалтқышты қатпарлы конвейердің электржетегін іске қосу процестің бастапқы сәтінде іске қосудың ең төменгі айналу жиілігін береді, әрі қарай, басқарушы электр жетектің жүктеме тоғының белсенді құрамдас бөлігі қарқынды ұлғайған жағдайда, тапсырма бойынша басты және басқарылатын соңғы жетектер айналу жылдамдығын номиналды мәнге дейін жеткізеді. Осылайша, іске қосу режимдерінде көп қозғалтқышты қатпарлы конвейердің ұсынылған математикалық модельдері тартқыш органның серпімді қасиеттерін есепке ала отырып, тартқыш-тасымалдаушы органның динамикалық шамадан тыс жүктемелерін азайту үшін жұмыс тармағын бірқалыпты созу жолымен конвейерді іске қосудың қажетті режимін алуға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде мынадай ғылыми нәтижелер алынды:

Тартқыш-тасымалдаушы органның босаңсуын алдын ала іріктеу процесін және оның тартылуын басқару негізінде тартқыш-тасымалдаушы органға жүктемелердің төмендеуін және оның ресурсының ұлғаюын қамтамасыз ететін қатпарлы конвейердің жиіліктік реттелетін электр жетегі және бірқалыпты іске қосу тәсілі әзірленді.

1. Сагинов А.С., Данияров А.Н., Акашев З.Т.. Основы проектирования и расчета карьерных пластинчатых конвейеров. - Алма-Ата: Наука, 1984. - 328 с.

2. Брейдо И.В. "Оптимизация режимов работы скребковых конвейеров угольных шахт средствами тиристорного электропривода" Диссертация на соискание ученой степени к.т.н. 05.09.03. – "Электрооборудование горной промышленности" Караганда – 1982 .

3. Брейдо И.В., Данияров Н.А., Келисбеков А.К. Перспективы применения в угольной промышленности многодвигательного пластинчатого конвейера с частотно-регулируемым электроприводом. Уголь. 2020. № 5. С. 45-48. DOI: 10.18796/0041-5790-2020-5-45-48.



1 - қатпарлы конвейердің тартқыш - тасымалдаушы органы; 2 - бірінші беріліс құрылғысы; 3 - басқарушы электр қозғалтқыш; 4 - бірінші жиілікті түрлендіргіш; 5 - компаратор; 6 - жүктеменің ең төменгі тогын орнату блогы; 7 - жылдамдық задатчигі; 8 - ең төменгі жылдамдықты орнату блогы; 9 - бірінші қарқындылық задатчигі; 10 - Бірінші басқару блогы; 11 - екінші беріліс құрылғысы; 12 - екінші электрқозғалтқыш; 13 - екінші жиілікті түрлендіргіш; 14 - екінші басқару блогы; 15-екінші қарқындылық задатчигі

Сурет 2 – Қатпарлы конвейерді бірқалыпты іске қосу құрылғысы бар жиіліктік реттелетін екі қозғалтқышты электр жетектің құрылымдық-блоктық сұлбасы

Андрющенко Ю.А., Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, факультет математики и информационных технологий, гр. МиФ-20-2, студент
(Научный руководитель – PhD, ассоциированный профессор, профессор кафедры МАДУ, Космакова М.Т.)

ПРИМЕНЕНИЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ЛАПЛАСА В ДРОБНОМ ИСЧИСЛЕНИИ

На сегодняшний день можно наблюдать заметный рост внимания ученных к дробному исчислению. Это связано с эффективными приложениями дробного дифференцирования и интегрирования при описании обширного класса химических и физических процессов, протекающих во фрактальных средах.

Дробное исчисление – это раздел прикладной математики, который фокусируется на производных и интегралах произвольного порядка (включая комплексные порядки). Дробно исчисление используется уже почти 300 лет. Многие математики (чистые и прикладные), такие как Абель, Капуто, Эйлер, Фурье, Харди, Лаплас, Летников, Лиувилль, Риман, внесли значительный вклад в теорию дробного исчисления.

Только в последние несколько десятилетий дробное исчисление привлекло внимание научного сообщества, которое большую часть времени рассматривало его как чисто теоретическую область исследований. Рост интереса к дробному исчислению объясняется его пригодностью для моделирования большого числа явлений, охватывающих практически все области естественных наук. За последние три десятилетия все большее число исследователей в совершенстве используют дробное исчисление для описания наследственных свойств и свойств памяти различных процессов и материалов. В общем случае дробные аналоги создаются путем замены дробной производной по времени на классическую производную по времени.

В настоящее время его приложения можно найти в биологии и биомеханике [1-3], в моделировании реологических свойств вязкоупругих материалов [4-6], в электрических цепях [7], в аномальных процессах переноса и диффузии в сложных средах [8-9] и во многих других отраслях физики и техники [10,13-14]. А также с помощью дробного исчисления были исследованы другие дисциплины прикладной математики и нелинейной динамики [11-12].

Для решения дифференциального уравнения используют метод анализа, основанный на преобразовании Лапласа. Суть в том, что функция вещественных переменных заменяется ее изображением, связь между которыми осуществляется через оператор Лапласа. Преобразование Лапласа было предложено в начале XIX века выдающимся французским математиком Пьером Симоном Лапласом. Он впервые применил это преобразование при решении задач небесной механики. Однако широкое распространение преобразование Лапласа получило только в XX веке, после развития теории операторов и комплексного анализа. Преобразование Лапласа находит применение в электротехнике и теории цепей, в теории автоматического регулирования, в теплопроводности, в волновой оптике, в медицине и биологии, а так же во многих других областях науки.

Преобразование Лапласа обладает рядом важных свойств, позволяющих эффективно применять его для решения прикладных задач. Рассмотрим некоторые из этих свойств:

- Линейность - преобразование Лапласа линейного оператора.
- Дифференцирование по времени переходит в умножение на p.
- Свертывание функций переходит в произведение изображений.
- Смещение функции во времени приводит к умножению изображения на экспоненту.

Эти свойства позволяют переводить дифференциальные операции в алгебраические, что значительно упрощает решение задач.

Практическая часть.

В данной статье рассматривается решение уравнения с дробными производными различных порядков вида:

$$ {}_0\mathrm{D}_\mathrm{t}^{\alpha}\mathrm{y}(\mathrm{t}) - \lambda\ {}_0\mathrm{D}_\mathrm{t}^{\beta}\mathrm{y}(\mathrm{t}) = \mathrm{f}(\mathrm{t}), $$

где ${}_0\mathrm{D}_\mathrm{t}^{\alpha}$- производная Римана-Лиувилля порядка $1 < \alpha \leq 2$,

${}_0\mathrm{D}_\mathrm{t}^{\beta}$- производная Римана-Лиувилля порядка $0 < \beta \leq 1$,

λ – действительный параметр.

Решение:

Обозначим

$$ Y(s) = \mathcal{L}[y(t)] - \text{преобразование Лапласа} $$
$$ F(s) = \mathcal{L}[f(t)] $$

Выполним преобразование Лапласа для начального уравнения

$$ \mathcal{L}\{{}_0\mathrm{D}_\mathrm{t}^{\alpha}\mathrm{y}(\mathrm{t}); s\} - \mathcal{L}\left\{\lambda_0 D_t^{\beta}\mathrm{y}(\mathrm{t}); s\right\} = \mathcal{L}\{\mathrm{f}(\mathrm{t}); s\} $$

Тогда уравнение примет вид:

$$ Y(s) = \frac{F(s)}{s^{\alpha} - \lambda s^{\beta}} + \frac{c_1}{s^{\alpha} - \lambda s^{\beta}} + \frac{s c_2}{s^{\alpha} - \lambda s^{\beta}} $$

Затем выполним обратное преобразование Лапласа. При вычислении получим общее решение уравнения с дробными производными различных порядков, которое имеет вид:

$$y(t) = f(t) * t^{\alpha-1}E_{\alpha-\beta;\alpha}\left(\lambda t^{\alpha-\beta}\right) + c_1 t^{\alpha-1}E_{\alpha-\beta;\alpha}\left(\lambda t^{\alpha-\beta}\right) + \\ +c_2 t^{\alpha-2}E_{\alpha-\beta;\alpha-1}\left(\lambda t^{\alpha-\beta}\right) \quad (1)$$

Теперь рассмотрим задачу типа Коши для уравнения с дробными производными различного порядка.

$$ {}_0D_t^{\alpha}y(t) - \lambda\ {}_0D_t^{\beta}y(t) = f(t),\ t \in (0,\tau) \quad (2)$$

Где ${}_0D_t^{\alpha}$- производная Римана-Лиувилля порядка $1 < \alpha \leq 2$,

${}_0D_t^{\beta}$- производная Римана-Лиувилля порядка $0 < \beta \leq 1$,

λ- действительный параметр,

Удовлетворяющее условиям

$$\begin{cases} \lim_{t\to 0}\left({}_0D_t^{\alpha-1}y(t) - \lambda\ {}_0D_t^{\beta-1}y(t)\right) = a_0, \\ \lim_{t\to 0}\ {}_0D_t^{\alpha-2}y(t) = b_0. \end{cases} \quad (3)$$

Тогда общее решение (1) после удовлетворения его условием типа Коши (3) примет вид:

$$y(t) = a_0 t^{\alpha-1}E_{\alpha-\beta,\alpha}\left(\lambda t^{\alpha-\beta}\right) + b_0 t^{\alpha-2}E_{\alpha-\beta,\alpha-1}\left(\lambda t^{\alpha-\beta}\right) + \\ +f(t) * \left(t^{\alpha-1}E_{\alpha-\beta,\alpha}(\lambda t^{\alpha-\beta})\right)$$

Для решения задачи типа Коши, были применены следующие определения: определение регулярного решения, определение и формулы вычисления производных Римана-Лиувилля, вычисление пределов.

В результате проведенных вычислений можно сформулировать теорему, утверждающую, что задача типа Коши (2) имеет единственное решение при любых заданных значениях a_0 и b_0, которое определяется формулой для общего решения уравнения.

Замечание. Если левую часть условий типа Коши (3) задать в другом виде, то решение может не существовать, поскольку при взятии предела ($t \to 0$) получаемый ряд может расходиться.

Заключение.

В данной статье было рассмотрено решение уравнения с дробными производными различных порядков с помощью интегрального преобразования Лапласа. Полученное общее решение исходного уравнения было успешно применено для решения задачи типа Коши. Применение метода анализа, основанного на преобразовании Лапласа, позволило эффективно решить поставленную задачу, предоставив единственное решение при заданных начальных условиях.

Работа является теоретической. Полученные результаты найдут применение в развитии теории дифференциальных уравнений дробного порядка, интегральных преобразований и теории специальных функций. Практическая ценность работы определяется прикладной значимостью дробного исчисления в физике и математическом моделировании процессов переноса.

[1] H. Xu. Commn, Nonlinear Sci. Numer. Simul. 14 (5) (2009) 1978-1083.

[2] A.A.M. Arafa, S.Z. Rida, M. Khalil, Nonlinear Biomed. Phys. 6 (1) (2012) 1.

[3] E. Ahmed, A. Hashish, F.A. Rihan, Fractiona; Calculus and Applied Analysis. 3 (2) (2012) 1-12.

[4] F. Mainardi, Fractional Calculus and Applied Analysis. 15 (4) (2012) 712-717.

[5] R.C. Koeller, Applications of fractional calculus to the theory of Viscoelasticity. 51 (2) (1984) 299-307.

[6] R.L. Bagley, P.J. Torvik, J.Rheol. On the fractional calculus model of viscoelastic behavior.

[7] G. Ala, M. Di Paola, E. Francomano. Electrical analogous in viscoelasticity. 19 (7) (2014) 2513-2527.

[8] M. B. Isichenko, “Percolation, Statistical Topography, and Transport in Random Media,” Reviews of Modern Physics, 64 (4) (1992) 961-1043.

[9] W.R. Schneider, W. Wyss. Fractional diffusion and wave equations. Journal of Math. Phys. (1989) 134-144.

[10] I. Podlubny, Fractional differential Equations: Academis Press. 1998. P - 336.

[11] F. Mainardi, Fractional calculus and Waves in Linear Viscoelasticity: An indroduction to mathematical models. Imperial College Press, 2010.

[12] V.E. Tarasov, G.M. Zaslavsky. Fractional dynamics of systems with long-range space interaction and temporal memory. 2007. P- 299.

[13] С.Г. Самко, А.А. Килбас, О.И. Маричев. Интегралы и производные дробного порядка, и некоторые их приложения. – Минск «Наука и техника», 1987. -143с.

[14] М.В. Шитикова. Обзор вязкоупругих моделей с операторами дробного порядка, используемых в динамических задачах механики твердого тела. -М. 2022. -38с.

Аутен Н.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, химия факультеті, ХХИ-41к-20 тобы, студент
Дәрібай А.Т., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, химия факультеті, МХЕ-1к-23 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекшісі - х.ғ.к., профессор Жумагалиева Т.С, .PhD Галиева А.Г)

РИФАМПИЦИН МЕН С ДӘРУМЕНІМЕН ИММОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН ПОЛИЛАКТИД-СО-ГЛИКОЛИД НАНОБӨЛШЕКТЕРІН АЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ


Дәрілік заттарды бақыланатын жеткізу жүйелерін әзірлеуде қолданылатын өзекті дәрілік тасымалдаушылардың бірі-полилактид-со-гликолид (PLGA) болып табылады. PLGA биологиялық ыдырайтын және биоүйлесімді қасиеттеріне, сондай-ақ төмен уыттылыққа ие, сонымен қатар полимер құрамында бірнеше дәрілік препараттар бар жеткізу жүйелерінің кең ауқымын жасау үшін қолданылады. PLGA тұрақты босап шығару препараттарын дайындау үшін кеңінен қолданылады, ал PLGA микробөлшектері туберкулезге қарсы препаратты (ТҚП) тасымалдаушы ретінде қолданылады [1]. Полимердің молекулалық салмағы, лактидтің гликолидке қатынасы және дәрілік заттың концентрациясы сияқты тиісті параметрлерді бақылау арқылы полимер-дәрілік матрицаның жалпы физикалық қасиеттерін препараттың түріне байланысты қажетті доза мен босату аралығына жету үшін реттеуге болады [2].

Vilche`ze және т.б. жұмысында туберкулез микробактериялары тек изониазидті қолданғанға қарағанда, С дәруменімен комбинациясын қолданғанда жылдам зарасыздандырылғаны байқалған [3]. С дәрумені (аскорбин қышқылы) - бұл жасушалық метаболизм процесінде пайда болатын және улы бос радикалдарды және оттегінің басқа реактивті түрлерін жоятын күшті антиоксидант. Туберкулезге қарсы изониазид препаратын антиоксидантты затпен біріктіру изониазидпен туатын бауырдың зақымдануын азайтуы мүмкін. Аскорбин қышқылы (АҚ) супероксид радикалымен, сутегі асқын тотығымен (H_2O_2) және синглетті оттегімен оңай әрекеттесіп, оларды бейтараптандырады. С дәрумені жалғыз немесе басқа бактерияға қарсы агенттермен бірге Helicobacter pylori, S. aureus сияқты әртүрлі қоздырғыштарға, сондай-ақ көп төзімді Pseudomonas aeruginosa бактерияға қарсы белсенділік көрсететіні анықталған. Мұны екі механизммен түсіндіруге болады: бір жағынан, С дәрумені бактериялық жасушаларға ауысқанда, ол оттегінің қатысуымен метаболизденеді, сондықтан бактериялар тотығу стрессіне ұшырайды. Екінші жағынан С дәруменінен сірке және лактат қышқылдары түзіледі [3].

Осыған байланысты, біз рифампицин (RIF) мен С дәруменімен (Vit C) иммобилизацияланған биологиялық ыдырайтын полимерлі нанобөлшектерді синтездеуге қызығушылық таныттық және олар тұрақты әсерге, дәрілік затты бағытты жеткізуге, жоғары тиімділікке және төмен уыттылыққа ие, бұл туберкулезді жылдам емдеу үшін осы қарапайым препараттарды қолдануды кеңейтуге, жоғары тиімділікке және уытты жанама әсерлердің төмендеуіне және туберкулезді емдеудің тиімділігін арттыруға көмектеседі деп болжаймыз.

Бұл зерттеудің мақсаты рифампицин мен С витаминімен иммобилизацияланған полилактидгликолид негізінде нанобөлшектерді алуды оңтайландыру болып табылады: мысалы, органикалық еріткіштің түрі, беттік белсенді заттың түрі, концентрациясы және т.б. және жұмыста алынған нанобөлшектердің физика-химиялық сипаттамаларын анықтау.

Рифампицинмен және С дәруменімен иммобилизацияланған PLGA нанобөлшектері ең кең таралған әдіс – қос эмульсия арқылы алынды.



Сурет 1 – Қос эмульсия әдісімен полимерлік нанобөлшектерді алу сызбасы


Алдымен органикалық ерітікіштің түрі таңдалынды, органикалық еріткіш ретінде диметилсульфоксид және этилацетат қолданылды және әртүрлі қатынаста (5:0; 4:1; 2,5:2,5; 1:4; 0:5). зерттеу нәтижелерінен таза этилацетат қолданғанда алынған нанобөлшектердің өлшемі 138,7±1,8 нм, полидиспрестілігі 0,069±0,02 құрады. Беттік белсенді заттың түрін таңдауда поливинилспирті, плюроник, твин-80 қолданылды. Плюроник және твин-80 қатысында алынған нанобөлшектер ірі және агрегацияланған түрде болды. Оптималды нәтижелерді ПВС қатысында түзілген нанобөлшектер көрсетті. Зерттеу нәтижелерін 1 кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Нанобөлшектердің сипаттамаларына беттік белсенді зат концентрациясының әсері (синтез шарттары: препарат/полимер қатынасы 1:1, еріткіш – этилацетат, гомогенизация уақыты 8 мин)

ПВС конц, %	НБ орташа өлшемі, нм	PDI	Енгізу дәрежесі,%		Байланыстыру дәрежесі,%		Шығымы,%
			RIF	Vit C	RIF	Vit C	
0,5	210,8	0,092	99	99	56	57	44
1	188,6	0,084	99	99	38	39	31
1,5	134,3	0,060	99	99	22	23	27
2	124,8	0,037	98	98	19	21	23
2,5	112,4	0,030	98	98	12	18	17

Жұмыс нәтижелерінен барлық жағдайларда қанағаттанарлық физика-химиялық сипаттамаларға ие нанобөлшектер алынды, алайда байланыстыру дәрежесі ПВС 0,5% жоғары болғандықтан осы жағдайды оптималды деп қарастырамыз.

Дайындалған нанобөлшектердің бетінің пішіні мен морфологиясы СЭМ көмегімен бағаланды (сурет 2). Зерттеу нанобөлшектер сфералық пішінге ие және бөлшектердің тегіс екенін көрсетті.



Сурет -2 PLGA-RIF-VitC нанобөлшектерінің микроскопиялық суреттері

1. Makino K., Nakajima T., Shikamura M. et al. Efficient intracellular delivery of rifampicin to alveolar macrophages using rifampicin-loaded PLGA microspheres: effects of molecular weight and composition of PLGA on release of rifampicin //Colloids and Surfaces B: Biointerfaces. – 2004. – Vol. 36, Issue 1. – P. 35-42.
2. Dean Allison. Effect Of Structural Relaxation On The Preparation And Drug Release Behavior Of Poly(lactic-co-glycolic)acid Microparticle Drug Delivery Systems // Journal of Pharmaceutical Sciences Vol. 97, Issue 6. -P. 2022-2035
3. Vilchèze C., Hartman T., Weinrick B. et al. Mycobacterium tuberculosis is extraordinarily sensitive to killing by a vitamin C-induced Fenton reaction // Nature Communications. – 2013. – Vol. 4, Issue 1. – P. 1881-1-1881-23.

Ахметшин А.Д., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет математики и информационных технологий, гр. ММат-23-2р, магистрант
(Научный руководитель — PhD, ассоциированный профессор, профессор кафедры МАДУ, Космакова М.Т.)

ОБ ОДНОЙ ЗАДАЧЕ КОШИ С ДРОБНОЙ ПРОИЗВОДНОЙ КАПУТО

В литературе довольно часто рассматриваются задачи Коши с дробной производной Капуто в случае, когда коэффициентом при искомой функции является константа [1, с.41], однако вопрос о том, что коэффициентом при искомой функции является непрерывно дифференцируемая функция, исследован не полностью [2]. Поэтому данный вопрос является актуальным. В ходе исследования был найден рациональный метод решения поставленной задачи, расширен класс функций, которые могут быть использованы в качестве коэффициента перед искомой функцией, а так же была расширена область значений порядка дробной производной. Показано представление решения данной задачи и доказана его единственность. Постановка задачи.

При $\alpha > \frac{1}{2}$, $\psi(x) \in C[0,a]$, $a = const.$, $0 < x < a$, найти решение уравнения

$$(\partial_{0x}^{\alpha} y)(x) - \psi(x) y(x) = 0, \tag{1}$$

удовлетворяющее условиям

$$\left(D_{0x}^{n} y\right)(0) = b_k, \; b_k \in R, \; k = 0,1, ..., n-1. \tag{2}$$

Здесь

$$(\partial_{0x}^{\alpha} y)(x) = \left\{ \begin{matrix} (D_{0x}^{\alpha-n} D_{0x}^{n} y)(x), \; n-1 < \alpha \le n \\ y(x), \;\; \alpha = 0 \end{matrix} \right\}$$

- дробная производная Капуто [3, с.17],

$$(D_{0x}^{\alpha} y)(x) = \left\{ \begin{matrix} \int_0^x y(t) \frac{(x-t)^{-\alpha-1}}{\Gamma(-\alpha)} dt, \; \alpha < 0 \\ y(x), \; \alpha = 0 \\ \frac{d^n}{dx^n} \left[D_{0x}^{\alpha-n} y \right](x), \; n-1 < \alpha \le n, n \in N \end{matrix} \right\}$$

- дробная производная Римана – Лиувилля. [3, с.16]

Регулярным решением уравнения (1) назовём:

$y \in C^{n-1}[0,a)$, $\left(D_{0x}^{n-1} y\right)(x) \in AC(0,a)$, y - решение уравнения (1).

Введём обозначения:

$$h_{\beta}(x) = \frac{x^{\beta-1}}{\Gamma(\beta)}, \; \beta > 0, \tag{3}$$

$$(f * g)(x) = \int_0^x f(t) g(x-t) dt = \int_0^x f(x-t) g(t) dt.$$

Тогда $(\partial_{0x}^{\alpha} y)(x) = \left\{ \begin{matrix} \left(D_{0x}^{n} y * h_{n-\alpha}\right)(x), \;\; n-1 < \alpha < n \\ (D_{0x}^{n} y)(x), \; \alpha = n \end{matrix} \right\}$.

Запишем наиболее важные свойства функции (3):

Свойство 1.

$$\left(h_c * h_d\right)(x) = h_{c+d}(x), \; c > 0, \; d > 0. \tag{4}$$

Доказательство:

$$\left(h_c * h_d\right)(x) = \int_0^x \frac{t^{c-1}}{\Gamma(c)} \frac{(x-t)^{d-1}}{\Gamma(d)} dt = \left[\begin{matrix} t = xs \\ dt = x ds \end{matrix} \right] = \frac{x^{c+d-1}}{\Gamma(c)\Gamma(d)} \int_0^1 s^{c-1} (1-s)^{d-1} ds =$$

$$= \frac{x^{c+d-1}}{\Gamma(c)\Gamma(d)} B(c,d) = \frac{x^{c+d-1}}{\Gamma(c)\Gamma(d)} \frac{\Gamma(c)\Gamma(d)}{\Gamma(c+d)} = h_{c+d}(x).$$

Свойство 2.

$$h_c(x) h_d(x) = \frac{\Gamma(c+d-1)}{\Gamma(c)\Gamma(d)} h_{c+d-1}(x). \tag{5}$$

Доказательство:

$$h_c(x) h_d(x) = \frac{x^{c-1}}{\Gamma(c)} \frac{x^{d-1}}{\Gamma(d)} = \frac{\Gamma(c+d-1)}{\Gamma(c)\Gamma(d)} \frac{x^{c+d-2}}{\Gamma(c+d-1)} = \frac{\Gamma(c+d-1)}{\Gamma(c)\Gamma(d)} h_{c+d-1}(x).$$

Теорема 1.

Задача Коши (1) – (2) сводится эквивалентным образом к интегральному уравнению Вольтерра второго рода вида

$$y = \sum_{k=0}^{n-1} b_k h_{k+1}(x) + (D_{0x}^{-\alpha} \psi y)(x), \tag{6}$$

имеющему единственное решение, при условии что $y(x)$ - регулярное решение (1).

Доказательство:

Рассмотрим уравнение (1) при $n-1 < \alpha < n$ и запишем его в виде свёртки Лапласа:

$$\left(D_{0x}^{n} y * h_{n-\alpha}\right)(x) - \psi(x) y(x) = 0. \tag{7}$$

В силу регулярности $\left(D_{0x}^{n-1} y\right)(x) \in AC(0,a)$, следовательно $\left(D_{0x}^{n} y\right)(x) \in L(0,a)$, а так как $h_{n-\alpha}(x) \in L(0,a)$, следовательно, $\left(D_{0x}^{n} y * h_{n-\alpha}\right)(x) \in L(0,a)$.

Функция $\psi(x)y(x) \in L_2(0,a) \subset L(0,a)$, следовательно, уравнение (7) можно интегрировать. Заменим в уравнении (7) x на s, умножим обе части полученного равенства на $h_\alpha(x-s)ds$ и проинтегрируем по s от 0 до x:

$$\left(\left(D_{0x}^{n} y * h_{n-\alpha}\right) * h_\alpha\right)(x) - ((\psi y) * h_\alpha)(x) = (0 * h_\alpha)(x).$$

2. Колосков Е.А. Косовский миф в современной сербской и албанской историографии: этапы и основные тенденции [ЭР]. – Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/kosovskiy-mif-v-sovremennoy-serbskoy-i-albanskoy-istoriografii-etapy-i-osnovnye-tendentsii

3. Турсунов С.Т. Южные Балканы. События и уроки 90-х годов XX века. Учебное пособие. Астана: издательство «Күлтегін», 2004. – 144 с.

4. Сербы против албанцев: как Косово стало зоной боевых действий. [ЭР]. – Режим доступа: https://masa.media/ru/site/serby-protiv-albantsev-kak-kosovo-stalo-zonoy-boevykh-deystviy

5. Вучич заявил, что Сербия будет на пути в ЕС, пока он остается президентом [ЭР]. – Режим доступа: https://www.rbc.ru/rbcfreenews/648f08339a7947c9ab4c4574

6. Kosovo recognition «not condition for integrations». [ЭР]. – Режим доступа: https://www.b92.net/eng/news/politics.php?yyyy=2011&mm=05&dd=20&nav_id=74433

7. EU: Serbia Does Not Have to Recognize Kosovo. [ЭР]. – Режим доступа: https://balkaninsight.com/2012/09/05/eu-does-not-request-serbia-to-recognize-kosovo/

8. Kosovo, Serbia Reach Deal on Regional Representation. [ЭР]. – Режим доступа: https://balkaninsight.com/2012/02/24/kosovo-serbia-reach-deal-on-regional-representation/

9. Сербия и Косово пришли к договору, разойдясь в его оценке. [ЭР]. – Режим доступа: https://ria.ru/20130420/933639325.html

10. Serbia to change foreign policy after EU votes for Kosovo's membership to Council. [ЭР]. – Режим доступа: https://www.aa.com.tr/en/europe/serbia-to-change-foreign-policy-after-eu-votes-for-kosovos-membership-to-council-president/2881260

11. Вучич высказался о вступлении Сербии в ЕС в 2026-2028 годах [ЭР]. – Режим доступа: https://ria.ru/20230911/vuchich-1895617116.html

Асылбекова Н.С., Некоммерческое акционерное общество «Карагандинский технический университет» имени Абылкаса Сагинова, архитектурно-строительный факультет, гр. Арх-22-5, студент
(*Научный руководитель – м.с.н. Хмельницкая О.М.*)

РЕАЛИЗАЦИЯ СТРАТЕГИИ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Процессы демократизации Казахстана, формирования новых социально-экономических основ и собственной модели развития государственности носят сложный и, в определенной степени, противоречивый характер, что обусловлено транзитными условиями. В этом случае принципиально важно определить общенациональные ценности и интересы, находящиеся в центре реформ. В стране, являющейся полиэтническим государством с различной этнической структурой населения, важнейшим условием для сохранения внутриполитической стабильности и национальной безопасности выступает межнациональное согласие. При этом фундаментом модернизации современного казахстанского общества является многонациональная государственная гражданская идентичность народов республики, которая формируется у граждан Казахстана независимо от их этнической принадлежности. Идентичность Казахстана основывается на гражданской консолидации и политической стабильности общества, которые позволяют сформировать государственную систему стратегических ориентиров при сохранении мира и духовного согласия при реализации поставленной задачи и добиться динамичного развития экономики и признания в мировом сообществе, выстроить национальную политику, сделать шаг в сторону сбалансированной демократической политической системы.

Казахстанский процесс демократизации, и формирования новой социально-экономической базы и собственной национальной модели развития сложен и в определенной степени носит противоречивый характер в силу переходных условий. В этом контексте определение национальных ценностей и интересов как центральных направлений реформы имеет решающее значение. В многонациональной стране с разным населением и этническим составом важнейшим условием поддержания внутриполитической стабильности и национальной безопасности является межнациональное согласие. При этом основой модернизации современного казахстанского общества является полиэтничное гражданство народа республики, которое формируется у казахстанцев независимо от расовой принадлежности.

Идентичность Казахстана основывается на гражданском единстве и политической стабильности общества, что позволяет формировать систему общенационального стратегического руководства при сохранении мира и духовного согласия для выполнения поставленных задач, что бы добиться динамичного развития экономики и мирового признания сообществом, была разработана национальная политика, которая поможет сделать шаг к сбалансированной демократической политической системе.

Первая стратегия была направлена на формирование единой казахской нации из многонационального общества на основе общего гражданства, а вторая стратегия должна быть увязана с национальной идентичностью самих казахов. [5]

Среди успехов и достижений Казахстана на пути становления национального суверенитета особое место занимает межнациональное согласие, которое стало возможным благодаря реализации стратегии формирования гражданственности.

Под гражданством понимается тождественность личности по отношению к государству [1]. Содержанием гражданской идентичности является гражданственность, понимаемая как «…психологическая идентификация себя с гражданином как полноправным членом политического сообщества; …способность и готовность действовать как гражданин; …совершать интересам политической группы, обычно государства…»[2].

Становление казахского государства происходило в условиях структурной ломки социально-экономических и политических отношений, сопровождавшейся разрушением и утратой старых ценностей и установок. Результатом этого процесса стал кризис гражданства, охвативший в первую очередь, так называемую русскоязычную часть населения, составлявшую в то время значительную часть населения республики. Став гражданами новой страны, многие продолжают отождествлять себя с несуществующей страной — Советским Союзом или Россией — как с ее преемницей. Их неуверенность и растерянность усугублялись происходящими во многих постсоветских республиках этнополитическими процессами, в которых ставка делалась на «государственную карту», что приводило к межэтническим конфликтам, и масштабному безымянному этническому представительству исходных группировок. Поэтому в условиях многонационального Казахстана решение вопроса о гражданстве напрямую связано с ответом на вопрос "Кто мы - казахи?"

С первого дня суверенитета республики главным приоритетом ее государственной политики было обеспечение равноправия всех народов, проживающих в стране, и формирование политического государства, понимаемого не как национальная общность, а как политическая общность. Это является решающим фактором для успешного формирования казахстанского гражданства.

Конституция Республики Казахстан, установившая правовые условия формирования гражданства и политической государственности в 1995 году, провозгласила высказанные в преамбуле идеи принципами государственной политики: «Мы — народ Казахстана, объединенный общей историческая судьба..." [3].

Первый президент страны Н.А. Назарбаев представил задачу создания гражданского общества в республике на третьей сессии Ассамблеи народа Казахстана в апреле 1996 года как основы «новой идентичности, нового самоопределения народа нашей страны». Казахстана» [4], а на четвертом заседании организации в июне 1997 г. формирование нового казахстанского гражданства было определено как один из важнейших вопросов, «затрагивающий основы нашей государственности»[5], и важный для его сохранения и развитие. Следует заметить, что в данном случае речь шла о том, что результатом гражданского единства народ Казахстана должен стать не какой-то новой этнической суперобщностью, а общностью политической.

Необходимость формирования гражданской идентичности получила дальнейшее развитие в книге Н.А. Назарбаева «В потоке истории». В ней, анализируя условия укрепления государственности и внутриполитической стабильности, он делает акцент не на формирование этнической общности, а на формирование гражданственности: «Многонациональный состав, полиэтничность страны … - все это диктует необходимость двухуровневого подхода к решению вопроса об идентичности», а именно, во-первых, в отношении «народа Казахстана как единой гражданской и политической общности», а во-вторых, в отношении «национально-государственной идеи, которая формируется вокруг главной политической

Конституция Республики Казахстан создала объединяющую силу, способствующую согласию и мирному сосуществованию всех граждан, независимо от их национальности. Она также установила ценности единого, неделимого и независимого Казахстана, как Родины для всего его народа.

Правовая система, в которой мы живем, основана на единстве и общности, предоставляя каждому юридические и социальные права. Равенство прав и свобод гарантируется для всех граждан без различия по религиозному или национальному признаку.

Благодаря последовательной государственной политике, имеющей одинаковое значение для всех казахстанцев, независимо от их национальности, в обществе прочно утвердилось межнациональное согласие. Это отражает стремление Казахстана к самоопределению и взаимопониманию. Формирование национального самосознания в Казахстане позволило стране политически объединиться. У казахстанцев появилось чувство принадлежности и общего дома, что отмечается общим использованием известных понятий. Этот процесс считается успешным, поскольку он получил широкое признание и стал частью повседневной жизни. В нашем обществе, когда речь идет о власти и повседневном общении, привычными являются такие термины, как «национальная безопасность», «национальные интересы» и «будущее нации». Совершенно очевидно, что эти фразы относятся не только к одной этнической группе, но и ко всем людям в Казахстане.

1. Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект. //Вопросы философии, 2011, ноябрь; https://ru.wikipedia.org/wiki/.

2. Политология. Энциклопедический словарь. М., 2020.

3. Конституция Республики Казахстан. Алматы. 2022.

Балтабаева А.К., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, гр. КО-41-20, студент

(Ғылыми жетекшісі – PhD, профессор ассистенті Хасенов Б.Р.)

ҚОҢЫР СӨЗІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (КОПЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ)

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылғаннан кейінбольшевиктер әлемге биліктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін барлық саланыпайдаланып, жиырма жыл ішінде әлемдік жаңа картинаны ұсынудыжоспарлады.Сұм саясаттың негізгі құралдары:пропаганда – жағымсыз, оқыс оқиғаларды жасырып қалып жатса, цензура – олар туралы мүлде айтуға тыйым салды.

Биліктің озбырлығына көрсетілген наразылықтар әр түрлі көрініс тапты: бірі – «айқасқа» ашық түрде түсіп жатса, бірі – наразылықтарын жасырын, цензураны айналып өту арқылы білдірді. Цензураны айналып өту тәсілдеріне ***эзоптілін*** (аллегория, ирония, перифраз, аллюзия), самиздат, контробанда, шетелдегі басылымды (тамиздат), әдеби мистификацияны, мысалдарды, астарлап әзіл арқылы ойды жеткізуді жатқызамыз.Біздің ойымызша, Кеңестік идеологияға қарама-қарсылық сөз-символдармен де астарланған, кодталған секілді.Осы ойымызды негізге ала отырып, біз «қоңыр» сөзі – қызыл саясатқа қарсылықтың белгісі» ретіндеЖ.Нәжімеденов, О.Бөкей шығармаларында көрініс тапқан деген пікірді ұсынамыз.

Біздің зерттеудің басты мақсаты –көркем шығармалардағы «қоңыр» сөзінің астарлы мағынасын ашу, яғни Кеңес үкіметіндегі кейбір идеологиялық принциптерге ***қоңыр*** сөзінің мағыналық тармақтарында көрініс тапқан астарлы ойды анықтау, қоңырды қызыл саясатқа қарсылықтың, *деколонизацияның* астарлы белгісі ретінде көрсету. Сол себепті де осы мақалада қоңыр сөзінің **когнитивті-символдық** сипатын ашуға тырысамыз. Яғни, қазақ ақын-жазушылар туындыларындағы қоңыр сөзінің астарлы мағынасын, цензура

мен пропагандаға қарсы көрінісін, нақтылап айтқанда, «қоңыр» концептісін жаңа қырынан қарастыратын боламыз.

Кіріспеге қосымша

Түр-түс символикасын, мән-мағынасын, оның ішінде қоңыр сөзінің семантикасын, танымдық табиғатын кейбір ғалымдар мен зерттеушілер қарастырған болатын. Ә.Қайдареңбектерінде қоңыр сөзінің тура және ауыс мағыналары туралы сипаттамалар бар[1]. Ә.Ахметовтің табу мен эвфемизмдерге қатысты зерттеуіндеқоңыр түсін киемен байланыстырылған. Мысалы, моңғол қазақтарының арқар, құлжа, тау ешкі, тау теке тектес аңдарды «киелі аң» немесе «қоңыр аң» деп атаған[2]. Ж.Нәжімеденовқоңырды табиғи үн ретінде көрсетеді. Бұл үнді тек қана қойдың тоқ шегінен, жылқының қылынан ғана жасалған шек береді деп айтады[3]. Н.Аитовақоңыр сөзінің когнитивті сипатына, ассоциативті өрісіне ерекше мән береді [4]. С.Қондыбайқоңырды мифтік кеңістікпен байланыстырады [5]. Б.ХасеновС.Қондыбайдың абақ таңбаның оқу үлгісіне[6] сүйене отыра, қоңырды «орта», «кіндік» ұғымдары тұрғысынан сипаттаған [7]. Ал біздің зерттеудің бұл зерттеулерден ерекшелігі – біздің «қоңыр» сөзін Кеңестік идеологияға қарсылықтың белгісі ретінде көрсетуіміз.

Әдіс

Философия, психология және тіл білімінің түйісуінен XX ғасырда пайда болған когнитивтік тіл білімінде тілдік қабілет адам ақыл-ойының қабылдау, ойлау, ес аспектілеріне тәуелді.

Когнитивті лингвистиканың негізгі категорияларының бірі – концепт.С.А.Аскольдов-Алексеевтіңайтуынша, концепт – сөз бен оның мәні (ұғымы) арасындағы байланыстырушы [8].

Осы зерттеудің мақсатына байланысты біз **«концептуалды анализ»** әдісін пайдаланатын боламыз. Е.С.Кубрякованың (1991) айтуы бойынша «Концептуалды анализ – бір таңба бойына жиналған және белгілі когнитивті құрылым ретінде таңбаның өмір сүруін анықтайтын ортақ концептілерді іздестіру» [9]. Оның басты тәсілдерінің бірі – белгілі бір концептінің концептуалды белгілерін анықтай отыра оны сипаттау. Сипаттау әдістемесі арқылы қандай да бір ұлттың мәдениетіндегі тіл иелерінің білімі мен тәжірибесінің бейнеленуінің этноспецификасы жайлы ақпарат аламыз. Біз талқылайтын қоңыр сөзінің негізгі, туынды мағыналарынан ассоциацияға байланысты пайда болған қосымша мәндерін осы концептуалды анализ арқылы анықтап талдаймыз.

Зерттеудің материалы

Жұмекен Нәжімеденовтің ең алғаш рет «Жалын» журналының бетіне 1984 жылы жарыққа шыққан «Қыран-қия» поэмасы және Оралхан Бөкейдің 1973 жылы Алматы қаласында«Жазушы» баспасынан шыққан «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі.

Нәтиже және оның талқылануы

Қоңыр топырақ – тектілік

ЖұмекенНәжімеденов«Қыран-қия» туындысында қазақ танымындағы тектілік ұғымын түсіндіреді. *“Мен өсейін, деу үшін де сен есте”, – топырағың болу керек емес пе?!* – дей келе, автор топырақты тектілікпен байланыстырады.

Қазақ халқында *«топырағына тартқан»* деген аталы сөз бар. Бұл тіркестің мағынасын екі түрлі қарастыруға болатын секілді. Біріншіден, діни тұрғыдан пенденің топырақтан жаратылғаны туралытүсінігі. Екіншіден, туған топырақтың адам баласының мінезі мен болмысына деген әсері.Демек, топыраққа тарту – табиғатына тарту деген сөз. Қазақтың «топырағына тартқан» дегені «қазақтықтан алыстамаған нағыз қазақ, текті қазақ» деген мағынада жұмсалады. Осы секілді топырақтың қасиетін Жұмекеннің ескергені сөзсіз.

Енді поэмадағы «шала туған» деген тіркеске назар аударайық.Көпұлтты КСРО заманында қарқынды орын алған орыстандыру саясаты ұлттық бірегейлікті жоюды көздеді. Кеңес идеологиясы коммунизмге орыстың тілі, мәдениеті арқылы жетуге тырысты. Аз ұлттардың көбін ассимиляциялап, ұлт деген түсінікті жоққа шығарды.Жасанды совет адамдарын құрды:

Үн қатпайды қыран тапқан топырақ,
ал көршінің қыт-қыттайды тауығы.
Содан бізде құстар өсті жетім кіл –
бәрін туған инкубатор секілді,
мінезі жоқ, құс иісі жоқ, жоқ тегі.

Инкубатор – жасанды ұлт! Ақын астарлап жеткізу арқылы «жасанды адамда» тектің болмайтынын, шалалықтың болатынын айтады. Сонда қаламгер «қоңыр топырақты» тектілік мағынасында қолданып, өз мәтіні арқылы кеңестік «советтік жасанды, шала, тексіз адам» идеясына қарсы болғанын байқауға болады.

Большевиктердің ең бастапқы мақсаты – буржуазиялық санадан бас тартқан социалистік типтегі жаңа адам, яки қоғамды құру еді. Мұндай мақсатты көздегендіктен, олар Кеңес Одағының құрамындағы барша ұлттың мәдениеті мен дәстүрін леквидациялауға көшті. Дінді жоққа шығарып, мыңдаған адамды атеизм бағытына бұрды. Осымен байланысты Жұмекеннің топырақ идеясымен астарлаған тағы бір ойы туралыайтатын болсақ,ол – исламдағы адамзаттың топырақтан жаралу мотиві.*Яғни, автор* тектілік идеясы

арқылы атеистік қоғамдағы құдай жоқ, «маймылдан жаралған» дегенмен келіспеген деп болжаймыз. Сол себепті де «топырақтан жаралған (туған)» деген діни мотив те астарланып тұрғандай.

Қоңыр үн – қайғының белгісі

Қазақтың киелі өрісі саналатын «қоңыр» сөзінің философиялық мәнін, рухани қырын ашып көрсететін «қоңыр үн» ұғымы. Қоңыр үн – қашанда құлаққа жағымды, көңілге қонымды, табиғатқа жақын дыбыс. Ол қазақтың барлық саз аспаптарының дыбыс ерекшелігі.

ХХ ғасырда қазақ халқы үшін тіл және қоңыр үн сынды екі ұлттық фактордан айырылу қаупі орын алды. Кеңестік заманда маркстік-лениндік идеология тұрғысынан қарағандар үшін әдебиетпен бірге музыка саласында да кемшіліктер аз болмай шықты. Сол кезеңдерде халқымыздың әсем әндері мен әуендері «қара тізімге» ілінді.

Ұлттық өнеріміздің аяныштысын көрінісін баяндаған Оралхан Бөкей «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасында КСРО заманында айтуға болмайтын мәселелерді оқырмандарына Сарқынды шалдың сыбызғысынан шыққан **«қоңыр үнмен»**жеткізді. Қазақ өнерінің қасіретін жағымсыз образ Сарқынды шал арқылы кеңестік цензураны айналып өтті. Сарқынды шал – қара қобыздың атасы Қорқыт, күй иесі Кетбұға, күй атасы Құрманғазылардың өнерінің жалғасы; ата-бабадан жетіп, ХХ ғасырда құлдырауға ұшыраған ұлттық ән-күйіміздің кеңес заманындағы сарқыты, соңғы өкілі.

Мұндағы «қоңыр үн» – қайғының белгісі, қазақтың қоңыр үнді өнерінің соңына жету трагедиясы. Шал домбырасы мен сыбызғысын бірге алып көмілуі де сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ күй өнерінің Кеңес саясатының құрбаны болғандығын білдіреді.

Қоңыр – сағыныш

«Қоңыр» концептісінің ассоциацивтік мағынасына «сағыныш» сезімін де жатқыза аламыз. Оған дәлел Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегіАналықтың қоңыр үні.

Аналықтың қоңыр үні Оралханның бейсанасындағы «көнерген, заңсыз, күйсіз» жайтты санасында қайта жаңғыртады. Бұл жердегі қоңыр үн қайғыны емес, сағыныштың сазын білдіреді. Заман ағымының өзгеруімен байланысты, Кеңес саясатының әйел адамзаты табиғатының өзгеруіне де алып келді. Кеңестегі кейбір қазақ әйелдерінің бейнесі, әдебі жазушыға жақпаған да болуы мүмкін. Сол себепті Аналық арқылы жазушы қазақ батырларының анасына, қаймағы бұзылмаған қазақтың әйеліне деген сағынышын көрсеткен. Осындай сағынышынАналықтың қоңыр үні арқылы жеткізген деп ойлаймыз.

Қорытынды

Кез келген ұғым концепт бола алмайды, себебі концепт – адамдарды ұлт ретінде біріктіруші. Қазақ халқы үшін аса бір ерекше ұғым (концепт) – «қоңыр». Ол тек бояу түсі ғана емес, үндік ерекшелік, ой өрімі, көрініс. Біз «қоңыр» сөзіннің астарлы мағынасын Ж.Нәжімеденовтің «Қыран-қия» поэмасы мен О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасы арқылы талдадық. Кеңес үкіметінің идеологиялық принциптеріне, қызыл саясатқа ақын-жазушыларымыздың туындыларында көрініс тапқан қоңырдың мағыналық тармақтарындағы астарлы оймен қарсылық танытқанын көрсетуге тырыстық.

«Топырағына тартқан» тіркесімен де, діни мотивпен де байланыстыра отырып, «қоңырды» – тек символы деп көрсеттік. Яғни, «Қыран-қияда» топырақ түсінің қоңыр болуы оған жаңа сема беріп, қоңыр – тектіліктің, тектің белгісі деген болжамымызға дәлелдер келтірдік. Екіншіден, поэмадағы ***«бәрін туған инкубатор секілді, мінезі жоқ, құс шісі жоқ, жоқ тегі»*** деген жолдарымен ақын сол кездегі «советтік адам – жасанды адам» сынды идеологияға қарсылық танытқан деп қорытындыладық.

Оралхандағы «қоңыр үн» екі түрлі көрініс тауып, екі түрлі кейіпкер арқылы беріледі. Аналықтың үні арқылы қазақ аналарымызға деген сағыныш, Сарқынды шалдың сыбызғысынан шыққан қоңыр үн арқылы ұлттық өнер трагедиясы астарланады деген ойды алға тарттық.

Қорыта айтқанда, «қоңыр» сөзі Кеңес заманында жаңаша мәнге ие болып, **тектіліктің, сағыныш сезімінің, қайғының белгісіне** айналды.

1. Қайдаров Ә., АхтамбердиеваЗ., ӨмірбековБ. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Ахметов Ә.Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. –Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
3. Нәжімеденов Ж.Қоңыр үнді домбыра. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 440 б.
4. Аитова Н.Түр-түс атауларының когнитивті сипаты. – Алматы, 2007.
5. Қондыбай С.Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. – Алматы, 2003.
6. ҚондыбайС.Арғықазақ мифологиясы (1 кітап). – Алматы, 2004.
7. Хасенов Б. Қазақ тілі дыбыстарының архетиптік сипаты. – Қарағанды.
8. Аскольдов-АлексеевС.А. Концепт и слово. – Москва: Наука, 1986.
9. КубряковаЕ.С.Об одном фрагменте концептуального анализа слова ПАМЯТЬ. – Москва, 1991.

Бахбергенова Г.А., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,филология факультеті, гр. М2-Кл-23-1К, магистрант
(Ғылыми жетекші — ф.г.д., профессор Жарылғапов Ж.Ж.)

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОРНИТОЛОГИЯЛЫҚ ОБРАЗДАР ТАБИҒАТЫ

Поэзия – ақынның жанының теберенісі, рухының биіктігі мен ішкі жан-дүниесінен сыр шертетен ерекше жыр. Біз өлең жырлардың жазылуына байланысты бірнеше топтарға бөлеміз. Арнау өлеңдері, жыр, дастан, толғау деп жатамыз. Дегенмен поэзияның айтар тағы да басқа қыры, шертер сыры бар екенін ұмытпаған жөн. Ол поэзиядағы бейне деп аталады. Мысалы, «қазақ поэзиясындағы бәйтерек бейнесі» немесе «қазақ поэзиясындағы құстар бейнесі». Мысалы, бір ақындар тобы болады, олар табиғатқа жан бітіреді, күзді күңірентіп, қысты пәк етіп жырлауға құмар. Сол секілді жазды жадыратып, көктемді жаңа өмірге, жаңа серпіліспен байланыстырады. Бір ақындар тобы болады, сезімнің сан түрін жырлай алатын, махаббатқа от беретін жырларымен жүректі баурайды. Осындай ақындарымыздың бір тобы құстарға жан бітіріп, поэзияларына арқау етеді. Сондай ақындарымыздың бірі әр сөзі от болып шыққан от ауызды ақын болған Махамбет Өтемісұлы.

Махамбет Өтемісұлы құстардың бейнесі мен ерекшеліктеріне қарай өз өлеңдеріне тиімді арқау ете білген. Ақынның жырларының ерекшелігі сол, жеткізер ойын, жырлар жолдарын әрдайым құстардың бейнесімен салыстыра отырып береді. Сол секілді ақынның мына бір өлеңіне назар аударатын болсақ:

«Мен қарақұстан туған қалықпан,
Сөйлер сөзге жалықпан.
Көптер көзін тіккендей,
Көп соңыма түскендей,
Көптің несін алыппын?
Тыңда, халық, әлеумет,

Көп кісіден анықпын» – дейді[1,92]. «Мен қарақұстан туған қалықпын» деп аталатын бұл өлеңінен біз бұрын соңды естіп көрмеген «қалықпан» деген құстың атауын кездестіреміз. Қалық құсының тарихына көз жүгіртсек, өте сирек жағдайда туылатын, кездесе бермейтін құстың бірі. Халық арасында қыран құстың бір түрі болып саналады. Аңыздарға сүйенсек, қарақұстың тоғызыншы құсын осылай атайды екен Біз бұл өлең жолдарынан «қалықпын» деп, бейбітпін, биікте самғайтын еркін құспын дегенін байқаймыз. Олай болса «қалық» құсының негізі символы еркіндік пен бейбітшілікте. «Ат-жігіттің майданы» атты өлеңіндегі мына бір жыр жолдарына назар аударсақ:

«Аспандағы бозторғай –
Бозаңда болар ұясы.
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы.
Қара лашын, ақ тұйғын
– Қайыңда болар ұясы.
Қайыңның басын жел соқса,
Қайғыда болар анасы»

Соғыс заманында өмір сүрген от ауызды ақынның мұндағы «бозторғай» деп отырғаны боз ұядағы нәресте іспеттес. Бозаңның түбін, яғни ұясының түбін су алар болса, анасының қайғыда боларын жеткізіп тұр. Дегенмен, ақынның мұндағы ойы мен жырлаудағы мақсаты мүлдем бөлек. Өзінің туған жеріне төнген қауіптен алаңда болатынын, өзін елінің анасындай көретінін айтқысы келгендей. Елінің басына «қайыңның басын жел соққандай» жел соғылса да, «бозаңның түбін су алатындай» дауыл келсе де өзінің қайғыда боларын айтады. Мұндағы құстардың бейнесін ақын «халық, ауыл» символымен тікелей байланыстырады. Ауылына аспаннан қауіп төнсе де, жерден топан су келседе өзінің қайғыдан қан жұтатын жағдайда екенін жырлайды.

Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінде сұңқар бейнесін көп кездестіре аламыз. Мәселен мұндағы:

«Томағалы сұңқар мен едім,
Толғамалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан.
Ер дұшпаны көп болар,
Қатын-дұшпан жігіттер
Не демес дейсің сыртымнан?» [2,97].

Дәл осы жырда ақын сұңқар бейнесін ерекше береді. Назар аударар болсақ, «көп кісінің бірі емеспін» дегеніне сияды. Өзін бірегей етіп таныта отырып тағы да сұңқарға теңейді. Мұндағы сұңқардың бейнесін біз жүйрік әрі батыр символына сая аламыз. Бұл өлең жолдарының барлығы бізде Махамбет Өтемісұлының шығармаларынан, жалынды жазбаларынан келтірілді. Дегенмен қазіргі заман ақындарына немесе тәуелсіздік жылдарындағы өлең-жырларға зер салып қарасақ ондағы құстар бейнесі мен символы мүлдем басқаша жетуі мүмкін. Себебі бұл тарих, оқиға, жыр.

Олай болса, қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілінің бірі, құстарды шығармаларына арқау ете білген ақын Есенғали Раушановтың шығармашылығына назау ауадара отырып, мына бір өлең жолдарына зер салсақ:

«Сатпаған құстар ғана,
Әсіресе, бозторғай ұшқан дара.
Менің ессіздіктерімді қайталауды
Тілемеймін дос түгіл, дұшпанға да» –дей отырып, ақын құстарды адалдық пен пәктікке балайдын дара ұшатын бозторғай құсын да тазалықтың символына балайды. Осы секілді ақынның «Алматының аспаны» атты өлеңінде:

«Көк кептер мезі болған жауыннан көп,
Ойлайды алда қанша дауыл бар деп.
Қалаға үйрене алмай жүрсе керек,
Ол дағы мен сияқты ауылдан кеп.
Тәйірі, біздер үшін сел деген не?!
Көк кептер,
Көндігеміз сен де, мен де.
Бұйығып үндемейсің, жазған құсым,
Ал айтшы, не істейік көнбегенде?»– дей отырып, өзінің ішкі жан дүниесін көк кептердің тұрысына балайды [2,140].

Құсқа сұрақ қоя отырып өзін де сол құстың өзіне балап, артынан сұраққа да жауап беріп тұрғанын көреміз. Ақын мұнда көк кептерді өмірден түңіліп, күресуге шамасы қалмаған жанның тағдырына ұқсатадыАқын мұны өз шығармасына ішкі жанындағы аласапыран оқиғалармен байланыстырып көркем жеткізгенін байқаймыз. Мұндағы көк кептерді мұңның жыршысы арқылы беріп тұрғанын, көк кептердің символын өмірдің бар дегеніне көндіккен, шарасыз құсқа теңейміз.

«Іңір» атты өлеңінде ақын құстар бейнесін осылайша береді:

«Үйрек емес көлден ұшқан аспандап,
Көк алалы бұлттардың легі еді.
Толқын міниіп томашадай қасқалдақ
Екі аяғын ескек етіп келеді.
Көлден ұшқан бұлттар емес көк ала,
Күн еді ғой ұясына асыққан.
Көлеңкелер шырмалып қап қоғаға,
Көмек күтіп қол бұлғайды қашықтан.
Қайтам мен де,
Зеріктім һәм жалықтым,
Көл де, шөл де – жүрегімде,
Өзімде.
… Бірсін- бірсін сөнеді анау алып күн
Томашадай қасқалдақтың көзінде» [3,146].

Бұл орайда ақын өзіміздің жерімізде мекен ететін, наурыз айларында ұшып келетін, басқа құстардан ерекше маңдайында ақ тері қаптары бар, аяғы қысқа, байшайларында жапырақ тәрізді тері қаптарлары бар жыл құсы қасқалдақты өлеңіне арқау етіп тұр. Өлеңдегі қасқалдақтың символы еліне асыққан, томашадай қасқалдақтың бейнесі. Яғни туған жерге деген сағынышын ақын құстардың образымен бере отырып, қасқалдақты өзінің орнына қояды. Өзін қасқалдаққа теңейді. Ақын тек ішті жан-дүниесіндегі арпалысты ғана емес, әзіл-ысқақ өлеңдерінде де құстардың образын ұмытымдыд пайдалана білген.

Құстардың әсем бейнесін шығармаларына арқуа еткен ақындар қатары аз емес. Солардың бірі қазақ поэзиясында мұзбалақ атымен танылған Мұқағали Мақатаев. Ақынның «Қарлығашым келдің бе?» атты өлеңіне назар аударсақ:

«Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың?
Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау-құсым?
Оралдың ба, тағы да өзің өскен ұяға,
Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармысың?
Қарлығашым, бұ қалай, қайда кеткен серігің?
Зияны жоқ зиялым, өкпелетті сені кім?
…Түсінікті, сүйіктім, түсінікті айтпа енді,
Тұмар құсым кеткен-ау тырнағында перінің» [4,59].

Қарлығаш құсы туралы ел арасында аңыздар да, мақалдар да жетерлік. Бала күніміздің оқып өскен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» сынды ертегілер де осының дәлелі. Бүлдіршіндерге қарлығаш-адамның досы деп те түсіндіреміз. Бұл өлең жолдарында да ақын қарлығаш құсын өзінің жанына жақын тартып, бар сырын шығарғысы келетін досының бейнесіне теңейдіАдамға дос бола алатын бірден-бір құс қарлығаш болып табылмақ.

Құстардың ішіндегі ерекшесінің бірі, ерліктің символына айналған құс-қыран. Қыран құсының қасиетіне теңеліп жазылған өлеңдер мен жыр шумақтары аз емес. Мысалы, Сырбай Мәуленовтың «Бүркіт»,

Сәбит Мұқановтың «Тау бүркіттері», Абай Құнанбайұлының «Қыран бүркіт неге алмайды, салса баптап» және тағы көптеген ақындардың шығармалары бар. Осының ішінен «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңіне тоқталсақ:

«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржықтап» [5,49].

Осы өлең жолдарынан-ақ қыран құсының неліктен жігерлік пен ерліктің символы екенін білуге болады. Халқымыз қыран құсының бойындағы осындай ерекше қасиеттеріне балап ер балаларына да «Қыран», «Сұңқар» сынды есімдер беріп жатады. Бұл ең әуелі қыран құсының символының жігерлі, рухты, қайсарлы екенін білдіреді.

Ақындардың жырлау сарыны мен жеткізу шеберлігіне байланысты әр құсты әр поэзиядан әр түрлі образбен де көре аламыз. Байқағанымыздай бір ғана ақынның шығармашылығының өзінен бірнеше құс атауларын бірнеше бейнеде кездестіру болады.

Құстар табиғатымыздың жаратқан көркемдігінің бір белгісі. Әр қайсысының белгілі бір мағынасы, жеткізер ойы бар. Осы мақалада біз сол құстардың әдебиетіміздегі орны мен символына тоқталып өттік. Құстардың символы қазақ поэзиясында ерекше орынға ие, ол ақындардың жырларының бірден-бір арқауы.

1.Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989.-142 б.
2.Дулат, Махамбет, т.б.Шығармалары.– Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 384 б
3.Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. –Алматы: Раритет, 2006. – 384 бет.
4.Мақатаев, М. Тамаша айым – тамызым: өлеңдер / М. Мақатаев. – Алматы : Қазақпарат, 2016. – 336
5.Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы : өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. Т.2 / Абай Құнанбайұлы. – Алматы : Жазушы, 2002. – 336 б.

Даудова А.Ю., НАО «Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова», факультет иностранных языков, гр. РАП-42
(Научный руководитель — м.ф.н., старший преподаватель Калижанова А. Н.)

МУЛЬТФИЛЬМЫ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ-ПЕРЕВОДЧИКОВ
(на примере культурно-исторических ландшафтов Бетпакдалы)

Данное исследование продолжает серию междисциплинарных экспериментов с применением инновационных образовательных технологий для формирования, сохранения и воспроизводства традиционных культурных ценностей в социокультурном пространстве у студентов-переводчиков. В данной статье речь пойдет о роли мультфильмов в развитии межкультурной компетенции обучающихся-лингвистов, поскольку без нее профессиональная деятельность не может быть успешной.

Межкультурная компетенция – это эффективное и бесконфликтное взаимодействие с представителями других культур без потери собственной культурной идентичности [1, 664]. Обладатель межкультурной компетенции является полноправным участником диалога культур, своевременно адаптируясь в процессе коммуникации во избежание конфликтных ситуаций, и не теряя при этом себя [1, 666]. Переводчику межкультурная компетенция позволяет: (1) учитывать этнокультурные ценности, нормы, представления и особенности вербального и невербального поведения [2, 25]; (2) улавливать неявные культурные отсылки, адаптировать юмор и игру слов, а также правильно подбирать эквиваленты [3]; (3) находить контакт с аудиторией и избегать обид [4, 19]. Поэтому развитие межкультурной компетенции давно имеет приоритетное значение в программах подготовки переводчиков [5].

Переводческую межкультурную компетентность можно развивать, анализируя аутентичные тексты, размышляя о культурных различиях, участвуя в межкультурном взаимодействии и получая обратную связь от носителей языка [6-7]. Мультфильмы прекрасно стимулируют межкультурное обучение [8], являясь мультимодальным текстом, сочетая визуальные, вербальные и семиотические системы для отражения культурных особенностей произведения через преувеличенных персонажей, попадающих порой в абсурдные ситуации [9, 82]. Перевод же мультфильмов поднимает множество межкультурных проблем, таких как: (1) адаптация специфических для конкретной культуры смыслов [10]; (2) адекватность при переводе юмора, который часто зависит от игры слов, иронии, аллюзий и культурных отсылок [3]; подбор естественных для целевого языка выражений [11].

Анализ литературы по проблеме исследования показывает, что переводческая деятельность с использованием мультипликационных текстов повышает мотивацию студентов, их культурную осведомленность и стремление к языковым экспериментам [12-13], а сравнение студенческих переводов с опубликованными переводами развивает стандарты качества и критическое мышление обучающихся [14, 80]. Ряд исследователей настаивают на выборе мультфильмов, поднимающих культурные проблемы и требующих от студентов полного понимания контекста перед тем, как приступить к переводу [15-16]. Прием обратного перевода также позволяет выявить пробелы в передаче культурного смысла [17-18]. В целом, исследования однозначно говорят в пользу включения перевода мультфильмов в учебные программы подготовки переводчиков как способа развития межкультурной компетенции.

Однако развитие межкультурной коммуникации – процесс взаимообратный: ее обладатель должен уметь рассказывать как о других культурных установках и обычаях, так и о своей культуре [7]. В этой связи мы решили рассмотреть использование разнообразных мультфильмов для популяризации забытого наследия Бетпакдалы, Казахстан. Бетпакдала – регион в Казахстане с богатым и разнообразным культурным и историческим наследием. Священные места Бетпакдалы содержат археологические памятники и примеры создания сакральное пространство людьми, населявшими этот регион [19]. Уникальные мавзолеи, древние ограды, обозначающие поселения, петроглифы, изображающие религиозные обряды, дают представление о культуре доисторической Бетпакдалы и относятся к культурному наследию народов Казахстана [19]. Тем не менее, малая часть казахстанской молодежи ценит это наследие [20]. Перевод мультфильмов, посвященных археологии Бетпакдалы, может помочь людям во всем мире лучше понять этот регион.

В качестве упражнений по переводу мультфильмов, связанных с популяризацией ландшафтов Бетпакдалы возможны такие варианты как: (1) создание диалогов персонажей мультфильмов, рассуждающих о древней Бетпакдале; (2) включение в диалоги и монологи героев названия основных памятников и ландшафтов Бетпакдалы; (3) создание комиксов на основе мультфильмов, содержащих ключевые данные из истории Бетпакдалы; (4) перевод диалогов героев мультфильмов в стиле аниме, чтобы современные ученики могли путешествовать во времени древней Бетпакдалы; (5) перевод сценария к мультфильмам с включением новых слов, направленных на знакомство с наследием Бетпакдалы.

Особый интерес представляют упражнения для развития навыков аудиовизуального перевода, а именно дубляж и закадровый перевод [21-22], которые уже второй год применяются в рамках подготовки студентов-переводчиков нашего вуза в ходе преподавания таких дисциплин как «Теория перевода», «Практика информативного перевода», «Практика художественного перевода», «Практический курс фразеологии» и «Практика устной и письменной речи». Для разработки такого рода упражнений преподаватели используют широкий спектр цифровых инструментов на основе искусственного интеллекта (ИИ), таких как Twee, Audyo.ai, Pictory.ai и многие другие.

Вот один из предлагаемых юмористических монологов, созданных с целью повышения осведомленности о культурном наследии Бетпакдалы, для озвучки персонажа Дракона Мушу из мультфильма «Мулан» (1988):

«Greetings friends! Mishu here, coming to you all the way from ancient Betpakdala. Let me tell you, this place is crazy cool. Like, centuries ago it was poppin'! People were making rock art, building fences, and constructing burial mounds as far as the eye can see. The petroglyph game was strong. Folks were etching wild hunting scenes, mystical rituals, and all kinds of supernatural stuff into the stones. Very metal…. So please, go forth and share the uniquely majestic story of Betpakdala! This sacred place and its ancient inhabitants deserve remembrance. And who knows maybe you'll even get transported back in time and engraved into a petroglyph yourself! Though hopefully not as a hunting scene casualty... Anyway, peace out! Mishu over and out!»

Возможен также и диалог между Мулан и Мушу, в котором они рассуждают о культурном наследии Бетпакдалы:

Mulan: Hi Mishu! Where have you been?

Mishu: Oh hey Mulan! I just got back from the most excellent adventure in the ancient lands of Betpakdala.

Mulan: Betpakdala? I don't think I've heard of it.

Mishu: I know, right? It's this super cool historical place in Kazakhstan almost no one knows about! But it totally should be famous for its ancient archaeological treasures.

Mulan: Wow, that sounds fascinating! What did you learn about it?

Mishu: Well, Betpakdala has these mind-blowing petroglyphs - like rock art carved thousands of years ago showing spiritual rituals, hunting scenes, and all kinds of trippy stuff. The people who lived there were amazing artists!

Mulan: Incredible! What else did you discover? …

Как мы успели заметить, преподаватели перевода могут вносить изменения в известные сценарии с целью обучения не только навыкам перевода, но и углубления знаний казахстанского культурного наследия. Такие мультипликационные герои, как Мулан и забавный дракон Мушу, посещающие пещеры с петроглифами, позволяют создавать юмористические, анахроничные сценарии, усиливающие интерес к наследию Бетпакдалы, и одновременно развивают переводческие компетенции. Собранные предварительные отзывы студентов свидетельствуют о повышении компетентности в передаче культурных ценностей после подобных практических упражнений творческого характера.

Резюмируя, тщательно продуманные переводческие задания с использованием мультфильмов погружают студентов в межкультурный контекст, позволяя популяризировать национальные памятники историко-культурного и археологического наследия. Такой подход позволяет использовать межкультурную доступность мультфильмов для того, чтобы привлечь внимание к важным, но забытым историям.

Благодарности

Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2025 гг., ИРН проекта AP19679947 на тему «Исследование и реконструкция культурно-исторических ландшафтов древней Бетпакдалы» в период, когда студент-автор работы проходила производственную практику в Музее археологии и этнографии Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова.

1 Сорокин Д.О. Структура межкультурной компетенции обучающихся // Вестник Тамбовского университета. Серия Гуманитарные науки. – 2022. – Т. 27. – № 3. – С. 664-676. https://doi.org/10.20310/1810-0201-2022-27-3-664-676

2 Примак С.С. Этические и правовые основы медиативной деятельности переводчика: учебное пособие. – Барнаул: АлтГПУ, 2023. – 112 с.

3 Chiaro D. (ed.). Translation, humour and the media: Translation and humour. – Bloomsbury Publishing, 2010. – Vol. 2. – 228 p.

4 Карамышева С.Г. Ложные друзья переводчика // Язык. Культура. Общество: сборник статей по материалам межвузовской научно-методической конференции, посвященной 85-летию образования кафедры иностранных языков Кубанского государственного аграрного университета. – Краснодар: КубГАУ, 2016. – 286 с.

5 Witte A. On the teachability and learnability of intercultural competence: Developing facets of the ‘inter’ // Intercultural competence: Concepts, challenges, evaluations. – 2011. – Vol. 10. – P. 89-107.

6 Liddicoat A. Intercultural language teaching: Principles for practice: дис. – New Zealand Association of Language Teachers, 2004. – Vol. 30. – P. 17-23.

7 Шадиев Р., Калижанова А.Н., Бедельбаева М.В., Аупенова А.У. Межкультурный потенциал использования беспилотных летательных аппаратов в контексте междисциплинарных исследований // Вестник Карагандинского Университета Серия История. Философия. – 2022. – Т. 108. – №. 4. – С. 172-180.

8 Вэнь В. Развитие компетенции межкультурной коммуникации с помощью аудиовизуальных средств: На примере мультсериала «Гора самоцветов» // Современное педагогическое образование. – 2023. – №. 3. – С. 101-104.

9 Лебедева М.Ю., Веселовская Т.С., Купрещенко О.Ф. Особенности восприятия и понимания цифровых текстов: междисциплинарный взгляд // Перспективы науки и образования. – 2020. – №. 4 (46). – С. 74-98. http://doi.org/10.32744/pse.2020.4.5

10 Zabalbeascoa P. The nature of the audiovisual text and its parameters // The didactics of audiovisual translation. – 2008. – Vol. 7. – P. 21-37.

11 Ермакова О.Е. Методологические проблемы экспериментального изучения перевода: дис. – Сибирский федеральный университет, 2017.

12 Furuhata-Turner H. Use of comics manga as a learning tool to teach translation of Japanese // The Journal of Language Learning and Teaching. – 2013. – Vol. 3. – No. 2. – P. 72-83.

13 Zanettin F. Translating comics and graphic novels // The Routledge handbook of translation and culture. – 2018. – P. 445-460.

14 Мэн С., Ли И. Исследование применения модели смешанного обучения по предмету «Перевод с китайского языка на русский» в контексте современности // Наука и школа. – 2021. – №. 1. – С. 75-84.

15 Давыдова Н.В. Развитие культуры исторического мышления на основе медиагерменевтических технологий // Научный поиск в современном мире. – 2016. – С. 176-178.

16 Фурсаева А. Тайны культурологической и переводческой адаптации мультфильмов // Журнал факультета иностранных языков и регионоведения МГУ. – 2019. – № 71. http://lingva.ffl.msu.ru/2019/10/адаптация-мультиков/

17 Кошкин М.А., Быкова А.Д. Методы и приёмы развития переводческих компетенций студентов-лингвистов (китайский язык) // Мир науки, культуры, образования. – 2021. – №. 2 (87). – С. 254-257.

18 Семенова М.О. Формирование сравнительного анализа переводов // Международный научно-исследовательский журнал. – 2021. – №. 4-4. – С. 70-74.

19 Бедельбаева М.В., Новоженов В.А., Жусупов Д.С. Сакральные ландшафты Бетпакдалы // Археология Казахстана. – 2023. – №. 4 (22). – С. 9-33. https://doi.org/10.52967/akz2023.4.22.9.33

20 Калижанова А.Н., Бедельбаева М.В., Шелестова Т.Ю., Рахимбаева Б.Т., Осипович А.В. The potential of using museum podcasts for educational purposes for intercultural exchange // Вестник Карагандинского университета. Серия Педагогика. – 2023. – №3(111). – С. 186–192. https://pedagogy–vestnik.ksu.kz/apart/2023–111–3/21.pdf

21 Матасов Р.А. Методические аспекты преподавания кино/видеоперевода // Известия Российского государственного педагогического университета им. АИ Герцена. – 2009. – №. 94. – С. 155-166.

22 Степанова М.М. Система упражнений для формирования компетенций аудиовизуального переводчика // Вопросы методики преподавания в вузе. – 2022. – Т. 11. – №. 1. – С. 45-53. https://tmhe.spbstu.ru/article/2022.27.4/

Дюржанова М.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филологияфакультеті, гр. М2-КЯ-23-1, магистрант
(Ғылыми жетекшісі — ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кенжеғалиев С.А.)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНІҢ КОНТРАСТИВТІ СПЕЦИФИКАСЫ (лингвистикалық сипаттамалардағы ортақ формалар)

Тілдерді контрастивті салғастыру үшін салыстырылған сипаттардың болуы міндетті болмақ. Тілдердің алуан түрлі болуы және өзіне тән ерекшелігі, лингвистикалық мектептер мен дәстүрде метатілдегі көзқарастардың түрлілігітілдерді салғастыруда кедергілерге тап болады. Тілдердің теоретикалық өлшемі универсалийлер лингвистикасында, лингвистикалық типологияда, салғастырмалы тіл білімінде, контрастивті лингвистикада жақсы дәлелденген. Алайда тілдерді өлшеу идеяларын жүзеге асырудың шынайы талпыныстары метатіл аясында мүмкіндігі аз болып табылады. Осы ретте авторлар В.Д. Аракиннің «типологиялық паспорттар» мен К.Джеймстің «ерекшеліктер шкаласы»тілдерді жаһандық энциклопедиялық сипаттаудың рефераты (жеке тілге, тілдер тобына, тілдік семьяға арналған) көңіл аудартады.

Бұл схемалардың мақсаты мен көлемі басқа болғанымен, қолданатын әмбебап моделі бірдей. «Барлық әмбебап модельдер тәрізді бұл схемалар жалпылама қасиеті арқылы сипаттаудың ақпараттылық деңгейін төмендетеді. Сондықтан, мұндай модель-схема кез келген тілдердің салғастырмалы сипаттаудың әмбебап метатілі болып табылады» [1,182].

Талап етіліп отырған метатілдік бірыңғайлылықты қамтамасыз ету үшін тілдердің энциклопедиялық сипаттамасының авторлары төрт нұсқасы бар типтік схеманы ұсынған болатын: 1. «Толық» схема. Толық сипаттама бере алатын толық схема реферат моделінің негізін қалады. 2. Тілдер тобы жөніндегі схема (генетикалық зерттелген топқа, аз зерттелген топқа арналған). 3. Диалектіні сипаттау схемасы. 4. 1-ші схеманың ықшамдалған нұсқасы, зерттеу дәстүрі аз кездесетін тілдерді сипаттауға арналған. Реферат моделі типтік схеманы детальдандырады да, типологиялық тұрғыда кездесетін жаңа элементтердің қосылуына жағдай жасайды [1,183].

Тілдердің энциклопедиялық сипаттамасы типтік схема аясында да, сипатталатын тілдердің басты белгілерін баяндайтын реферат моделі аясында да жүзеге асырылады. Алайда мұндай типтік схеманың кейбір шектеуліктері бар, оларға бір жағынан тілдерді нақтылық-тәжірибелік сипаттаудың деңгейі әсер етсе, екінші жағынан әр түрлі тілдерді салғастыруға деген ықылас әсер етеді.

Осы орайда рефераттың типтік схемасын құрастыру – тілдерді салғастыру мәселесін шешудің және олардың сипаттарын бірыңғай терминологиялық аппарат арқылы жаһандық көлемде салыстырудың бірінші нұсқасы бар. Барлық тілдердің энциклопедиясының авторларының ұсынған бұл тәсілі кез келген тілдердің контрастивтік сипаттамасы үшін тиімді болып табылады. Энциклопедия авторлары ұсынған модельді кез келген тілді сипаттау үшін қолдануға болады.

Тілдер жөнінде деректерді бір жүйеге келтіру В.Д. Аракин ұсынған «типологиялық паспорт» арқылы жүзеге асырылған болатын. «Типологиялық паспортты» құрудың мақсаты нақты әдістемелік міндеттермен байланысты. «Типологиялық паспорттар» «техникалық паспорттармен» ұқсастырылып жасалынған. «Техникалық паспорттар» механизмнің, агрегаттың басты сипаттарын қамтыған. Таза әдістемелік міндеттен басқа «типологиялық паспорт» ғылыми міндеттерді шешуге, алдымен салғастырмалы типологияның, сондай-ақ, жалпы тіл білімінің мәселелерін шешуге септігін тигізеді (мысалы, адамның тілінің қызмет ету және құрылым принциптерін анықтау) [2,135].

В.Д. Аракин құрастырған «типологиялық паспорт»– қарастырылып отырған тілдің құрылымдық белгілерінің жалпылама әдісі. Компактілік формада және бірыңғай әбебап схема бойынша тіл жөнінде жалпы мәліметтер беріледі.

А) Қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы.

Тілдердің басты белгілерінің рет-ретімен баяндалуы әр түрлі формаларда жүзеге асады. В.Д. Аракиннің «типологиялық паспорты» «тіл типінің» шектеулі диапазонына ие. Төменде көрсетілген қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы кең көлемде қолданылады, себебі ол тілдер ерекшеліктерінің жоғарыда келтірілген классификацияларға, жалпы сипаттамаларына, таза лингвистикалық қасиеттеріне сәйкес саналу-квалификациясын береді.

Қазақ және орыс тілдерінің контрастивті спецификациясы типологиялық сипаттаманы қамтиды, ол «типологиялық паспорттың» жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге асқан. Контрастивті спецификацияға В.Д. Аракиннің орыс тілінің «типологиялық паспорты» [2,137-138]. және қазақ тілінің «типологиялық паспорты» қамтылған. Контрастивті спецификацияның осы бөлігі инвентаризацияланған спецификацияның мысалы бола алады.

Осы орайда қазақ тілінің заңдылықтарын және құбылыстарын «типологиялық паспорт» схемасы шеңберінде тілдік фактілердің қарама-қайшылығы мен терминологияның түрлі салаларында қолдануды

қиындатады. Контрастивті спецификация келтіретін фактілердің номенклатурасы қазақ тілінде де, орыс тілінде де орнатылмаған. Дау тудыратын мына мәселелер: фонемалардың инвентарі, кейбір грамматикалық категориялар және т.б. Мұндай ақпарат домалақ жақшаға алынып, **?** белгісімен белгіленеді.

Параллелді түрде орналасқан тілдердің спецификациясы бірыңғай метатіл арқылы жүзеге асқан салғастырмалы сипаттаманы көрсетеді. Сонымен қатар, контрастивті спецификация өзінің жалпылама қасиетіне арқылы қарастырылып отырған тілдің барлық қасиеттерін және белгілерін толық анықтай алмайды, ал бұл жағдай өзіне ғана тән қасиеттердің қарапайымдануына әкеледі. Бұл ереже қазақ тіліне де, орыс тіліне де бірдей қолданылады [1,185].

Ә) Қазақ және орыс тіліндегі сын есімді салыстыру.

аутистического спектра постоянно растет. По словам заведующей отделом реабилитации Национального научно-практического центра развития специального и инклюзивного образования Зауре Джангельдиновой, «Если в 2020 году диагноз аутистического расстройства выявили у 6 771 ребенка, то в 2022 году – у 12 087 детей» [1].

Расстройства аутистического спектра являются довольно разнообразной по проявлениям группой сходных нарушений развития. В их основе лежит так называемая «триада аутизма» - а именно, проблемы вербальной и невербальной коммуникации, проблемы социального развития и наличие стереотипий. По мнению О.С.Никольской, в основе аутизма лежит не только нарушение коммуникации, но и проблемы взаимодействия со средой в целом [2]. При аутизме мозг ребенка не обрабатывает в полном объеме информацию, поступающую от сенсорных систем.

Сенсорная система – это совокупность периферических и центральных структур нервной системы, ответственных за восприятие сигналов различных модальностей из окружающей или внутренней среды. Существует несколько классификаций сенсорных систем.

Как правило, все они выделяют:

– зрительную,

– слуховую,

– обонятельную,

– вкусовую,

– тактильную,

– проприоцептивную,

– вестибулярную сенсорные системы.

Проприоцептивная система аккумулирует информацию, поступающую от мышц, суставов и сухожилий. Посредством проприорецепции мы узнаем о положении частей нашего тела, направлении, скорости и амплитуде их движений, силе напряжения мышц, благодаря чему можем управлять собственным телом. Проблемы в проприоцептивной сфере можно заподозрить в тех случаях, если ребенок:

– приходит в волнение, когда его конечности двигаются активно, мышцы сжимаются или растягиваются;

– избегает движений, связанных с преодолением собственного веса (например, не хочет прыгать, бегать, ползать, крутиться, скакать), и других физических действий, которые способствуют сильным проприоцептивным ощущениям;

– если двигается, то движения слабо дифференцированы, ребенок движется всем телом, плохо манипулирует мелкими предметами.

Также особенности функционирования проприоцептивной системы могут приводить к тому, что ребенок:

– имеет низкий мышечный тонус;

– может врезаться и наталкиваться на предметы вокруг себя, «набивать синяки»;

– может стучать пятками о пол или стул;

– может модулировать уровень возбуждения, включаясь в самостимулирующую деятельность, например, биться головой, кусать ногти, сосать палец, хрустеть суставами пальцев, скрипеть зубами;

– любит, чтобы его крепко завернули в одеяло или потискали перед сном;

– прикладывает неоправданно большие усилия, когда что-либо делает, поэтому часто ломает предметы;

– любит постоянно жевать предметы, например, воротничок рубашки, завязки от шапочки, манжеты, грызть карандаши, игрушки и резинки, может любить еду, которую нужно долго жевать [3]. Эти симптомы в разных сочетаниях присущи большинству детей с расстройствами аутистического спектра.

В настоящее время разработаны и широко применяются специальные методы и программы, цель которых – улучшение функционирования сенсорных систем. В частности, широкое распространение приобрело направление, под названием сенсорная интеграция.

Метод сенсорной интеграции был предложен Энн Джин Айрес в 1963 г. в ее диссертации по педагогической психологии. Сенсорная интеграция (от лат. «sensus» - ощущение, «integratio» - восстановление, соединение) направлена на развитие сенсоморных функций и коррекцию нежелательного поведения [4]. В основе сенсорной интеграции лежит предположение о том, что основу психической активности составляет процесс обработки информации, поступающей в мозг от всех органов чувств, причем этот процесс не осознается ребенком, хоть и включает в себя также организацию и фильтрацию информации. Этот процесс позволяет ребенку осознанно реагировать на различные ситуации, вступать и поддерживать коммуникацию, накапливать запас сведений об окружающем мире и людях, а впоследствии – успешно учиться. Цель метода сенсорной интеграции - создать мозгу ребенка такие условия, в которых он сможет полноценно обрабатывать информацию и самостоятельно формировать ответные реакции, тем самым создавая базу для развития, социализации и обучения.

Дисфункции сенсорной интеграции могут проявляться в виде чрезмерно высокой (гиперчувствительности) или низкой (гипочувствительности) чувствительности к сигналам определенной сенсорной системы. По отношению к проприоцептивной системе гипочувствительность может проявляться, например, в том, что ребенок нарушает личное пространство других людей: встает слишком близко, часто

натыкается на других детей, а гиперчувствительность – как проблемы с мелкой моторикой: застегиванием пуговиц и других застежек, манипуляциями с мелкими предметами [5]. Целенаправленная коррекционная работа помогает преодолеть дисфункции, гармонизировать сенсорную сферу ребенка.

Занятия по сенсорной интеграции, направленные на коррекцию дисфункции проприоцептивной системы проводятся в специально оборудованном помещении, с использованием специального оборудования (например, различных утяжелителей, фитболов, фитнес-резинок, спортивных снарядов и т.д.). Помимо специальных занятий, можно использовать такие игры, как армреслинг, висение на турнике, передвижение на турнике на руках, перетаскивание грузов на руках, в тележке или санках, пересыпание песка и переливание воды из одной емкости в другую, гимнастику и разминку суставов. Также рекомендуют крепко обнимать ребенка не менее двенадцати раз в день [4].

Проприоцептивная система является фундаментом для развития остальных сфер чувствительности, потому, что формируется в онтогенезе одной из первых. Ощущение собственного тела, его движений или неподвижности с младенчества помогает ребенку отделить свое тело от всего остального мира, сформировать представление о собственном «Я», в основе которого лежит представление о собственном теле. Нарушения в различении ребенком сигналов от мышц мешает выработке точных, координированных движений, в том числе кистей рук и тормозит развитие мелкой моторики, что впоследствии может привести к затруднениям при формировании навыка письма.

Таким образом, мы можем сделать вывод, что дисфункция проприоцептивной системы представляет собой распространенную проблему среди детей с расстройствами аутистического спектра и нуждается в коррекции, так как может привести к нарушениям развития общей и мелкой моторики, личностным и поведенческим нарушениям. Коррекцию проприцептивной системы желательно начинать в дошкольном возрасте, чтобы избежать школьной дезадаптации, например, нарушения формирования навыка письма. Большие возможности для этого предоставляет метод сенсорной интеграции, в рамках которого накоплен опыт коррекции проприоцептивной системы.

1. Количество детей с аутизмом растет в Казахстане https://www.inform.kz/ru/kolichestvo-detey-s-autizmom-rastet-v-kazahstane_a4050131

2. Никольская О.С. Развитие клинико-психологических представлений о детском аутизме // Альманах №18 · Выпуск первый · 2014 год

3. Сенсорные особенности детей с расстройствами аутистического спектра. Стратегии помощи. Методическое пособие / Манелис Н.Г., Никитина Ю.В., Феррои Л.М., Комарова О.П. / Под общ. ред.А.В. Хаустова, Н.Г. Манелис. М.: ФРЦ ФГБОУ ВО МГППУ, 2018. 70 с.

4. Телесные практики, сенсорная интеграция и эрготерапия: сборник методических материалов семинара в рамках образовательного форума «Современные подходы и технологии сопровождения детей с особыми образовательными потребностями». – Пермь, 2018 – 140 с.

5. Чулкова Р.Н. Дисфункция сенсорной интеграции у детей с расстройствами аутистического спектра // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2016. №2-4. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/disfunktsiya-sensornoy-integratsii-u-detey-s-rasstroystvami-autisticheskogo-spektra (дата обращения: 8.02.2024).

Ж.М.Асанат - Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Дене мәдениеті және спорт факультеті, МДМжС-22-1 магистранты
(Ғылыми жетекшісі- п.ғ.к., профессор Бөжиг Ж.)

ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ОҚУ-ЖАТТЫҚТЫРУ ЖҮКТЕМЕСІНЕ БЕЙІМДЕНІП МАШЫҚТАНУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Әдебиеттерге шолу, көптеген авторлардың ойлары мен ғылыми -әдістемелік тұжырымдамалар: қимыл - жылдамдық жаттығуларымен айналысатын кәсіби клубтардағы әуесқой футболшылардың, қимыл-жылдамдық реакцияларын шыңдауы, басты мақсат деген тұжырымдамаға келеді.

Негізгі міндеттерді шешумен қатар шұғылданушылардың жан - жақты дене дайындықтарын толықтай қамтамасыз ету, әуесқойдердің жас ерекшеліктеріне қарай дұрыс бағытталған жаттығу үдерісін даярлау. Басты мақсат олардың таңдаған спорт түріне қарай, сол спортқа тиімді дене қабілеттерін тәрбиелеу.

Қ.И. Адамбеков пен С.И. Қасымбекованың [1] айтуынша, алғашқы даярлық сатысында жылдамдықты тәрбиелеуге, зор назар аударылуы тиіс, өйткені бұл жастарда қимыл - қозғалыс қарқындылығының жоғары болуында.

Әуесқойлар тез қимылдар жасай алады, оны С.Н.Қасымбекова [2] зерттеулері көрсетті. Ғалымдардың жылдамдық қабілетін зерттеудегі көрсеткіштері оның бірқатар факторларға тәуелділігінде. Шешуші факторларға-буындардың қозғалмалдылығы (антогонист бұлшық еттерінің созылуы), аяқ және қадамдардың ұзындығы, спорттық техника мен итеріліс күші жатады [3].

Зерттеу жұмысы барысында алдымызға қойылған негізгі тапсырмаларға:

1. Әуесқой футболшылардың оқыту машықтандыру үдерісінің мазмұнын зерттей отырып, жас ерекшелікке қарай жылдамдық және жылдамдық-күш қабілеттерін тәрбиелеуге бағытталған түрлі әдіс-тәсілдерді анықтау.

2. Әуесқой футболшылардың жылдамдық және жылдамдық-күш қабілеттерінің жас ерекшелік өсімін анықтау.

3. Әуесқой футболшылардың жалпы оқыту-машықтандыру үдерісіндегі жас ерекшелік өсу көрсеткіштерін анықтау.

4. Зерттелген әуесқой футболшылар мен дене дамуының кейбір көрсеткіштерінің қатынасын анықтау.

Алдымызға қойылған тапсырмаларды орындау барысында, мынадай зерттеу тәсілдері пайдаланылды:

1. Ғылыми -әдістемелік әдебиеттерді танып-білу;
2. Педагогикалық бақылау (оқыту машықтандыру үдерісі мен жарыс кезеңіне хроментраж жасау);
3. Педагогикалық зерттеу.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді танып білу: зерттеу жұмысымыздың тақырыбы бойынша әдебиеттер жинағы мен әдістемелік құралдар және диссертациялар мен журналдардағы мақалалар жинағы көмегімен жүзеге асты.

Педагогикалық бақылау (оқыту-машықтандыру үдерісіне хронометраж жасау);

Оқыту-машықтандыру үдерісін талдауға мынадай міндеттер қойылады:

1. Әуесқой футболшылардың оқыту-машықтандыру үдерісіне жұмсалған жалпы сағат санын анықтап, оқу сағаттарын осы кезеңдегі сабақтар мен апталарға бөлу.
2. Жылдық оқыту-машықтандыру үдерісіндегі дене дайындығына бағытталған тиімді және тиімсіз амалдарды анықтау.

3. Дене қабілеттерін дамыту мен оны шыңдауға бағытталған сабақ көлемін анықтау.

Педагогикалық зерттеу жұмысын ұйымдастыру жоғарыда қамтылған бағытта өтті. Зерттеу көрсеткіштері зерттеу жұмысында толық қамтылды.

Берілген зерттеу жұмысының негізі, арнайы әдістемелік құралдардың математикалық көрсеткіштеріне сәйкес. Яғни, орташа көрсеткіш, стандарттық ауытқу, дәлділік пен үйлесімділік коэффициенті.

Зерттеу жұмысы 2021-2023 ж.ж. Қарағанды облысындағы FD Sambo спорт клубы ұлдар командасыда өтті.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыру мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

1. Оқыту - машықтандыру үдерісінің мазмұнын зерттеу:

Әуесқой футболшылардың оқу-жаттығу сабақтарын хронометраждау, Әуесқойдер спорт клубы оқыту-машықтандыру үдерісінің жылдық жоспарымен танысу. 2021 жылдың ақпан айы мен 2022 жылдың ақпан айына дейін (маусым, шілде, тамыз айларын санамағанда) әуесқой футболшылардың 70 оқу-жаттығу сабағы хронометраждалып, 20 жолдастық кездесу, күнтүзбе бойынша Қарағанды қалалық 18 ойын жарысы қаралды, оған біздің бақылаудағы 24 әуесқой футболшылар қатысып, ойын уақыты 30 минутты құрады.

2. Әуесқой футболшылардың жылдық оқыту -машықтандыру үдерісіндегі дене қабілеттері мен дене дамуындағы өзіндік өсімін зерттеу.

3. Әуесқойдердің жылдамдық және жылдамдық-күш қасиеттерін зерттеу. 30 м қашықтыққа, 300-400м қашықтыққа. 5х30 м қашықтыққа доппен жүгірудің уақыты анықталып, бір орыннан ұзындыққа секіру үш қарғып секіру ұзындық көлемі анықталды.
4. Әуесқойдердің дене қасиеттерінің кейбір дене дамуының жас ерекшелік көрсеткіштерімен байланыс орнату.

Зерттеу жұмысы барысында алынған әуесқойдердің футболшылардың дене дамуы мен дене қасиеттерінің көрсеткіштері мынадай жолдармен өлшенді:

1. Жүгіру жаттығулары - арнайы секундомермен;
2. Секіру жаттығулары - арнайы өлшеу см.ленасымен;
3. Бой ұзындығын- бой өлшегішпен;

Зерттеу жұмысы барысында алынған барлық дене көрсеткіштерін қарапайым кестелер мен графикалық кестелерге түсіру кезінде толықтай педагогикалық, физиологиялық, статистикалық тұрғыда қарастыралды. Кестеге түсірілген математикалық көрсеткіштер, яғни орташа бірлік, стандарттық ауытқу, дәлділік пен үйлесімділік коэффициенті компьютер тәсілімен анықталады.

Өйткені біз пайдаланған жүгіру жаттығулары (доппен және допсыз) мен секіру жаттығулары осы екі қозғалыс қимылдарының қатарына кіреді.

Зерттеу жұмысының тәжірибе барысында алынған әуесқой футболшылардың сөреден 30 метр қашықтыққа жүгіру нәтижелері № 1 кестеде ұсынылды.

1 кесте.

Футболшылардың 30 метр қашықтыққа жүгірудегі топтық көрсеткіштер

Жастары	29-34 жас	26-28 жас	24-27 жас	19-23 жас
Норматив(сек)	5,2	4,8	4,3	4,1
X	5,4	4,9	4,4	4,1
S	0,20	0,10	0,11	0,07
P	>0,1	>0,1	>0,1	>0,1

Берілген мәліметтер анализі, сөреден 30 метр қашықтыққа жүгіруден нәтижелі уақытты 19-23 жастағы әуесқой футболшылар көрсетті. Дегенмен, басқа жастағы әуесқой футболшылардың да нәтижелері жаман емес.

Кестеде жас ерекшелігіне қарай берілген нормативті, пайыздық мөлшерге шаққанда 19-23 жастағы әуесқой футболшылар 60%-дық нәтиже көрсетсе, қалған жастағылар нәтижесі 20-50% арасын құрады. Бірақ математикалық көрсеткіштерге жүгінсек орташа бірлік -X пен стандарттық ауытқу-S нәтижелері бірыңғай болғанымен дәлділік-P көрсеткіштерінің нәтижесі мардымсыз, P=< 0,1

Математикалық көрсеткіштердің нәтижелеріне сүйене отырып, әуесқой футболшылардың сөреден 30 метр қашықтыққа жүгіру деңгейі төмен екенін байқаймыз. Топтық көрсеткіштерінің жалпы нәтижесі, олардың жас ерекшеліктеріне қарай дамып отыратындығын көрсетеді. Өйткені 29 -34 жас аралығында жеке нәтижені топтың 20% ғана көрсетсе, 19-23 жаста-40-50% -ды құрады. Яғни, әуесқой өскен сайын оның дене қабілетінің көрсеткіштері де жас ерекшеліктеріне қарай бірыңғай кеміп отырады деген тұжырым жасауға болады.

Зерттеу жұмысының тәжірибе барысында алынған 19 жас пен 34 жас аралығындағы әуесқой футболшылырдың сөреден 30 метр қашықтыққа доппен жүгіру нәтижелері № 2 кестеде ұсынылды.

2 кесте.

Футболшылардың 30 метр қашықтыққа доппен жүгіру көрсеткіштері.

Жасы	29-34 жас	26-28 жас	24-27 жас	19-23 жас
норматив(сек)	6,4	6	5,4	4,8
X	6,47	6,15	5,48	4,84
S	0,07	0,12	0,08	0,08
P	>0,1	>0,1	>0,1	>0,1

Футболшылардың 300 метр және 400 метр қашықтыққа жүгіру нәтижелері № 3 кестеде ұсынылды.

Берілген мәліметтер анализі, 300 метр қашықтыққа жүгіруден ең нәтижелі уақытын, 400 метр қашықтыққа жүгіру нәтижесін 19 жастағы әуесқойдер көрсетті.

300 метрге жүгіруде нәтижесі 30% -ды құраса, 400 метрге жүтірудегі нәтижесі 50%-ды құрайды.

Ал математикалық көрсеткіштерінің нәтижесі сөреден 300 метр қашық -тыққа жүгіруде P=< 0,1 болса, 400 метрге жүгіруде P=<0,001 берді.

3 кесте.

300 метр және 400метр қашықтыққа жүгіру көрсеткіштері.

Жасы	29-34 жас	26-28 жас	24-27 жас	19-23 жас
Норматив (сек)	65	60	65	62
X	68,7	60,4	67,2	64,2
S	0,67	0,38	0,29	0,18
P	< 0,001	< 0,001	< 0,001	< 0,001

Математикалық көрсеткіштер: 29-34 жастағылардың орташа бірлігі X=68,7, S=0,67 ескере отырып футболшылардың дене даму қабілетінің нашар екендігін, бірақ ағзаның ауыртпалыққа дайындығын көрсетеді.

Яғни, сөреден 400 метрге жүгіру көрсеткіштерінің дәлділігі өте жоғары, ал 300 метр қашықтыққа жүгірудегі P-дәлділік өте нашар.

Дегенмен топтық нәтижелері қанағаттанарлық деңгейге жетпейді. Өйткені топтық көрсеткіштерді пайызға шаққанда 29-34 жастағы әуесқой футболшылар тобында жоғары нәтижені топтың 10% ғана орындаса, 90% орташа нәтиже көрсетті. 26-28 жастағы топта жоғары нәтижені 30% орындаса, 40% орташа 30%> төмен нәтиже көрсетті.

Ал сөреден 400 метр қашықтыққа жүгіруде 24-27 жастағы әуесқой футболшыларда жоғарғы нәтиже 20% болса, қалған 80 % орташа нәтиже көрсетті. 19-23 жастағы әуесқой футболшылар жоғары нәтижесі 40%> құраса, қалған 60% орташа нәтиже көрсетті.

Оқу -жаттығу сабағында футболшының қайталау жаттығуларынан жалықпауы үшін жүгіру жаттығуларын доппен де өткізу керек. Жалпы алғанда жаттықтырушы әр сабақ барысын қызықты да тиімді өткізе білуі керек.

Зерттеу жұмысының тәжірибе барысында алынған футболшылардың доппен 5х30 метр қашықтыққа жүгіруден нәтижелі уақытын 2 топта өз деңгейлерін көрсетті 4 кесте.

4 кесте.

Футболшылардың доппен 5х30 метр қашықтыққа доппен жүгіру көрсеткіштері

Жасы	**29-34 жас**	**19-23 жас**
норматив (сек)	35,0	24,0
X	35,4	24,3
S	0,39	0,34
P	< 0,001	< 0,001

29-34 жастағы футболшылар нәтижесі, пайызға шаққанда 40% жақсы нәтиже көрсетсе, 60%-ы орташа деңгейдегі нәтиже берді. Ал 19-23 жастағы әуесқой футболшылар нәтижесі -30% жақсы көрсеткішке жетсе 70% орташа нәтиже берді. Математикалық көрсеткіштеріне келсек, 29-34 жастағылар 5х30 метр қашықтықты 35,0 сек жүгіру керек болса, орташа бірлік -X =35,4 құрап, дәлділік P=<0,0001 көрсетті. Ал 19-23 жастағылар 5х30 метр қашықтықты-24,0 сек. жүгіру керек болса, топтың орташа бірлігі- X =24,3 құрады, ал дәлділік көрсеткіші P=<0,001 көрсетті.

Осыған байланысты біз таңдаған жаттығулар тобы жоғарыда қарастырылған жалпы жылдамдық-күш қабілетін дайындауға кіреді. Олар негізінен секіру жаттығулары: -Бір орыннан ұзындыққа секіру, үш қарғып секіру жаттығулары.

Берілген мәліметтер талдауы, бір орыннан ұзындыққа секіру жаттығуын орындау кезінде, жаттығудың жақсы көрсеткішіне 50% жетсе, басқа жастағы әуесқойдердің нәтижесі 30-40% құрады. 24-27 жастағы әуесқой футболшылардың жоғары көрсеткіші 50 %-ды құрағанмен жалпы топтық көрсеткіштері төмен нәтиже берді. Ал математикалық көрсеткіштердің дәлділігі P=<0,001 құрап отыр 5 кесте.

5 кесте.

Әуесқой футболшылардың бір орыннан ұзындыққа секіру көрсеткіштері.

Жасы	**29-34 жас**	**26-28жас**	**24-27 жас**	**19-23жас**
норматив(см)	160,0	180,0	220	240
x	158,4	179,8	219,3	238,9
s	2,39	0,19	0,82	1,52
p	<0,001	<0,001	<0,001	<0,001

Зерттеу жұмысының тәжірибе барысында алынған 29-34 жас пен 24-27 жас аралығындағы әуесқой футболшылардың үш қарғып секіру жаттығуының нәтижелері № 6 кестеде ұсынылды.

6 кесте.

Әуесқой футболшылардың үш қарғып секіруден топтық көрсеткіштері

Жасы	**29-34 жас**	**26-28**	**24-27жас**
норматив (см)	450,0	520,0	600,0
X	449,6	518,7	597,1
S	0,47	1,62	4,67
P	< 0,001	< 0,001	< 0,001

Берілген мәліметтер анализі, үш қарғып секіру жаттығуын орындау кезінде, жаттығу көрсеткіштерінің топтық нәтижесі пайыздық мөлшерде мынадай нәтиже берді. 29-34 жастағы футболшылар мен 24-27 жастағы әуесқой футболшылардың жоғары көрсеткіштері 40% -ды құраса, топтың қалғандары 60% орташа деңгейін көрсетті. Ал 26-28 жастағы әуесқойдердің жоғары нәтижесі 30% -ды ғана құрады. Қалған

70% ортадан төмен деңгейде екендігін көрсетеді. Математикалық көрсеткіштердің Р дәлділігі -Р=<0,001 құрады. Яғни, дәлділік өте жоғары.

Бүгінгі заманда футбол ойынының тәсілдері көптеген қозғалыстардың биомеханикалық жүйелерінен тұрады және ойын үстінде жұмыс істеп шығарған қуатты тиімді пайдалануға мүмкіншілік туғызады. Жылдамдық пен сенімділік, қарапайым және пайдалы ойын тәсілдері - бүгінгі футболға қойылатын талаптардың негізі: ойын тәсілдерін топтастыру.

Оқыту және жаттығуды көп жылдық арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс деп білу керек. Бұл екі үдерістің арасында еш белінбейтін біртұтас педагогикалық негіз бар. Себебі оқыта, үйрете отырып біз бір кезеңде жаттықтырамыз, ал жаттықтыра отырып, үйретіп оқытамыз.

Оқыту және жаттықтыру үдерісі спортшыны тәрбиелеу негізінен тұрады. Себебі оқыта және жаттықтыра отырып, футболшылардың мінез құлқын, психологиялық негізін, ерекшеліктерін тәрбиелейміз.

Сонымен қатар жарыс арқылы шағын футбол ойынын халық арасына енгізіп таратуға және жанкүйерлерді тәрбиелеуге де үлкен қатысы бар.

Футболшыларды тәрбиелеу жолында төрешілер ең алдымен педагогикалық тәрбиелік тәсілдемелерді пайдаланып, ойын тәртібін дұрыс шолып көздеуі керек. Жоғарыда айтылған барлық нұсқаулар жарыстың дұрыс өтуіне және футболшылардың ойын барысында өзінің шеберлігін дұрыс пайдалана отырып, жарысқа қандай дайындалып келгенін көрсетуге жағдай туғызады.

1 Адамбеков К.И., Касымбекова С.И. Социально-педагогические основы физического воспитания учащихся // Поиск, 2005.- С.6-8.

2 Касымбекова С.И. Соотношение общей и специальной физической подготовки юных гандболисток. Алматы: Санат, 2006. -325с.

3 Зациорский В.М. Основы спортивной метрологии. М.: Физкультура и спорт, 1999, -152 с.

Бишеханова А. Л. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университті, педагогика факультеті, ДФ-41 тобы, студент

(Ғылыми жетекші — п.ғ.м.,аға оқытушы Арбабаева А.Т.)

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАУЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Сөйлеу тек қана адамға тән, қайталанбас қабілет бола отырып, ойлауапроцесімен тікелей байланысты, адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етеді. Сөздік қатынас тіл арқылы мүмкін болады. Тіл дегеніміз – қатынас құралының фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесі.Сөйлеуші өз ойын жеткізу үшін керек сөздерді іріктеп, оларды тілдің грамматикалық ережелерімен байланыстырып, сөйлеу аппаратының артикуляциясы арқылы айтады. Адамның сөзі түсінікті және анық болу үшін, сөйлеу мүшелерінің қимылы заңды және нақты болуы тиіс. Сонымен бірге бұл қимылдар әдеттенген болып, еріксіз іске асуы керек.

Сөйлеу аппараты бір бірімен тығыз байланысты екі бөліктен тұрады: орталық (реттеуші) және перифериялық (шеткі- атқарушы).

Сөйлеу жоғары жүйке жүйесінің басқа да көріністерімен қатар рефлекстер негізінде дамиды. Сөйлеу рефлекстері мидың әр түрлі бөліктерінің әрекетіне байланысты, дегенмен сөйлеудің жасалуында ми қыртыстарының кейбір бөліктері басты роль атқарады. Әсіресе мидың сол жақ қыртысының шеке, самай, төбе және шүйде бөліктері (солақайларда оң жақ).

Ми қыртыстарының төбе бөлігі естіп, сөзді түсініп, адамның жазу жазып және жазылған сөздерді шүйде бөлігінде орналасқан көру орталығы арқылы көзбен көріп, түсінуге үлкен ықпал етеді. Баланың тілінің дамуы ересектердің артикуляциясын көріп қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Сөйлеу дамуының бұзылуы баланың жоғары психикалық белсенділігін қалыптастырудағы ең жиі кездесетін және ауыр ауытқулардың бірі болып табылады, яғни психикалық дизонтогенездің түрі.Сөйлеуі мен жазуы бұзылған балалардың саны жыл сайын артып келеді

Қазіргі уақытта сөйлеу дамуының бұзылуы әрқашан барлық басқа психикалық функциялардың бұзылуымен байланысты деп саналады. Сөйлеу дамуының бұзылуы кезінде негізгі тапсырма психикалық және сөйлеу белсенділігін ынталандыру болып табылады,өйткені көп жағдайда айтарлықтай төмендейді, бұл жоғарыда айтылғандай, мидың терең, субкортикалық құрылымдарының жұмысының жеткіліксіздігіне байланысты, олар әртүрлі моторлық, соматикалық-реттеуші рөлдерден басқа, аффективті саланың әлсіздігі психикалық және сөйлеу дамуындағы артта қалудың негізгі себебі болып табылады. Мұның себептері өте әртүрлі: мидың белсендіретін деңгейлерінің тұқым қуалайтын әлсіздігі, олардың жатырішілік және босану жарақаттары, ерте жастағы жүйке, психикалық және соматикалық аурулар саналады. Баланың психикалық және сөйлеу дамуын ынталандыру, егер ол нормаға сәйкес келмейтіні анықталса, ерте жастан бастап, нөлден бастау қажет. Нәрестенің әлсіз, аз модуляцияланған айқайы онтогенездің осы кезеңінде артикуляциялық аппараттың дауыстық бөлімінің толықтығы туралы немесе ішкі күйден тыс шығаруға әлсіз мотивацияның

себебі болып табылатын аффективті сфераның жеткіліксіздігі туралы қорытынды жасауға негіз болады. Балада уілдеу болмауы немесе оның әлсіздігі, екі-үш айлық жастағы белсенділік сонымен қатар субкортикалық деңгейдің функционалды жеткіліксіздігінің көрсеткіші болып табылады (әр түрлі қозғалыстарда ынтасы әлсіз болады, негізінен итеративті сипатта болады). Олар арнайы ынталандырылуы қажет

Біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі мектеп жасына дейінгі балаларда дыбысты айтудың бұзылуы жағдайларының тұрақты өсу тенденциясына байланысты. Сөйлеу дамуының кешеуілдеуі, сөйлеудің жалпы дамымауы проблемасы тығыз байланысты.

Психикалық және сөйлеу дамуының кешігуі терминдері тіл мүкістігі диагнозы ретінде кең таралған. Сонымен қатар, психикалық және сөйлеу дамуының кешігу диагноздары ерте жастағы балаларға (5 жасқа дейін), психиканың жетілуін және сөйлеу функциясын тежейтін жүйелерді дамуына мүмкін болатын табиғи жол орынды деп саналады. ПДТ және сөйлеу тілінің тежелуі бар балалар қажетті когнитивті (танымдық) және сөйлеу дағдыларын қалыпты бала деңгейімен пара пар, бірақ сәл кешігіп және қысқа мерзімде қалыптасады. Мұндай балаларға даму үшін, әдетте, қалыпты балаларға қарағанда көбірек ынталандыру жұмыстары ұсынылады. Бұл жағдайда дамуды қамтамасыз ететін ұқсас өздігінен туындайтын компенсаторлық механизмдер есепке алынады Бүгінгі таңда бұл мәселе тереңірек зерттеуді қажет етеді, өйткені дыбыстық айтылудағы кемшіліктер баланың басқалармен қарым-қатынасын қиындатады, оның мінезінің қалыптасуында із қалдырады, баланың өз қабілетіне сенімсіздігін тудырады және бұл оның сөйлеуі мен психологиялық дамуына кері әсер етеді.

Сондықтан дәстүрлі әдістер мен тәсілдер жеткіліксіз болып, дыбыстың айтылуын түзетуге әсер етудің жаңа жолдарын іздестіру қажет, оның ішінде нейропсихологиялық әдістер де бар.

Нейропсихология – мидың жергілікті зақымдануы негізінде психикалық процестердің ми механизмдерін зерттейтін психология ғылымының саласы.

Нейропсихологиялық жаттығулар-бұл дәрі дәрмексіз мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Балалардағы бірнеше ақауларды жеңу үшін көмектесу. Бұған мыналар жатады: гиперактивтілік, назар тапшылығының бұзылуы дамудың кешігуі және басқалар. Балалар үшін бұл әдіс толығымен қауіпсіз, ешқандай жағымсыз көріністер тудырмайды.Дұрыс және білікті тәсілмен жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Баланың миының пластикалық сияқты артықшылығын пайдалану түзету жұмысының тікелей және айналып өту әдістерін қолдануға арналған. Баланың нейрологопедиялық диагностикасында бағаланады:

1) сөйлеу аппаратының құрылысы мен жұмыс істеуі;
2) ауызша рефлекторлық реакциялар, олардың дамуы мен жетілуі;
3) тыныс алу;
4) ауызша аппараттың бұлшықет тонусы;
5) тамақтану функциялары-жұту, шайнау және тістеу қабілеті;
6) сөйлеуді үйрету үшін қажетті сөйлеу дағдылары;
7) пассивті және белсенді сөйлеу;
8) тілдік және мәдени-әлеуметтік құзыреттілік, танымдық функциялар

Нейропсихология - бұл медицинадан педагогикаға көпір болып саналады Әдетте логопед сөйлеу бұзылыстарының сыртқы көріністерін ғана жояды. Бұл әдістер, әрине тиімді, егер сөйлеу бұзылыстары ауыр неврологиялық проблемаларға байланысты болмаса. Нейрологопед бұл проблемаларды шынайы көбінесе терең жасырылған, сөйлеу бұзылыстарының себептерін жояды, физиотерапиялық түзету арқылы мидың нейропластикалық процестерін және баланың табиғи сөйлеу дамуын белсендірек етуге, арнайы жаттығулар жүйесі, массаж, логопедпен сабақтар арқылы қол жеткізеді.

Нейропсихологиялық тәсіл қозғалыс арқылы баланың психикалық процестерінінің ауытқуын (зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу және т.б.), эмоционалды-еріктік саласын түзетуді қамтиды[1].

Балалар мен ересектердің ақыл-ой әрекетінің бас миында ұйымдастырылуы бірдей емес, айырмашылықтардың негізгі себебі –ересектерде жергілікті болатын функциялар балаларда ұзақ уақыт бойы мида интегративті түрде көрсетіледі.

Бала миының икемділік артықшылығын пайдалану түзету жұмысының тікелей және басқаша әдістерін қолдануға арналған. Тікелей әдістер дидактика бойынша құрастырылған және жалпы педагогикада қолданылатын әдістермен сәйкес келеді. Басқаша әдістері зақымдалған буын функциясын орындау алгоритмінен уақытша алып тастаудан және табиғи дамуға қатыспайтын немесе қосымша болып табылатын қатарларды (талдағыштарды) іске қосамыз, табиғи даму кезінде іске қосылмайды немесе қосымша функция болып табылады

Нейропсихологиялық түзету - бұл бұзылысқа ұшыраған ми функцияларын қайта құрылымдауға және баланың ары қарай өз бетінше үйреніп, оның мінез-құлқын бақылай алатын компенсаторлық құралдарды құрастыруға бағытталған арнайы әдістер кешені.

Нейропсихологиялық түзету ойындар мен жаттығуларды ерте балалық шақтан жеке және топтық жұмыста, тек балалармен ғана емес, ересектермен де қолдануға болады [2].

Нейропсихологиялық түзету ойын сабақтары, қозғалыс жаттығуларының кешені (сенсорлық-моторлы түзету), тыныс алу жаттығулары, сөйлеу мен артикуляцияны дамытуға арналған жаттығулар түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Логопедиялық сабақтың құрылымында келесі жаттығуларды қолдануға болады:

тыныс алу жаттығулары;
• артикуляциялық жаттығулар кешені;
• биоэнергетика элементтері
• саусақ ойындары;
• саусақтардың, қолдардың, соның ішінде су-джок техникасының өздігінен массажы;
• окуломоторлы жаттығулар;
• кинезиологиялық жаттығулар (соның ішінде көлденең қозғалыстар);
• релаксация жаттығулары;
• логоритмика және фонетикалық ырғақ элементтері, сөйлеу-моторлық ырғақтар;
• жарты шарараралық өзара әрекеттесуді дамытуға арналған жаттығулар [3].

Тыныс алу жаттығулары дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастырудың негізі болып табылады. Тыныс алу жаттығулары әсіресе зейін тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуымен асқынған балалармен жұмыс істеуде тиімді.

Мәселен, мысалы, сол жақ танау арқылы тыныс алу мидың оң жарты шарының жұмысын белсендіреді, тыныштық пен релаксацияға ықпал етеді. Тек оң жақ танау арқылы тыныс алу мидың сол жарты шарының жұмысын белсендіреді, ол зейіннің жоғары шоғырлануын және психикалық стрессті қажет етеді (мысалы, сауаттылық) - оң жақ танау арқылы тыныс алу мидың сол жарты шарының жұмысын әлдеқайда жақсартады.

Баланың миының икемділік (пластикалық) сияқты артықшылығын пайдалану түзету жұмысының тікелей және басқаша әдістерін қолдануға бағытталған.

Нақты ми құрылымдарын және, демек, ассоциативті байланыстарды таңдауда, Л.С. Выготский жақын және алыс даму аймақтары туралы пікірі, сондай-ақ озық дамудың маңыздылығын ескеру керек. Осылайша, балаларды түзете оқыту барысында мыналар қатысады, функционалдық рөлдері бойынша ең жақын ми аймақтары және сәйкесінше жақын ассоциативті байланыстар пайда болады [4]. Биоэнергопластика көмегімен артикуляциялық жаттығулар. Статикалық жаттығулар

Жаттығулардың мақсаты артикуляциялық қозғалыстардың дәлдігіне, анықтығына, тегістігіне және ақпарат беріліп отырудың арқасында қамтамасыз етіліп отырады Жартышараралық әректті арнайы жүйелі кинезиологиялық жаттығулармен дамытуға мүмкіндік бар. Баланың миына кез келген қозғалыс жартышаралық ,бас миының бөлімдерінің байланысын іске асыратын нейрондардың қалыптасуына септігін тигізеді. Стресске төзімділікті, ақыл-ой белсенділігін арттырады, есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді жақсартады. Оқу мен жазуды үйренуді жеңілдетеді. Невропатологтардың соңғы деректеріне сәйкес, табысты оқу үшін емдеу емес, оқыту (көремін, естимін, сезінемін).

1.Саусақтар арқылы кезекпен саусақтарды мүмкіндігінше жылдам өткізіп сұрыптаңыз, сақинаны үлкен саусақпен содан кейін келесі саусақтарды байланыстыру керек. үзу және кері кезекпен орындалады. Жаттығу барысында әр қолмен жеке жасалады, содан соң бірге жасалады.

2.«Симметриялық сызбалар немесе екі қолмен сурет салу» Баланың екі қолына маркерлерді беріңіз және баланы екі қолмен симметриялы сызбаларды сызуға шақырыңыз. Қолдар суретті бір уақытта айналдыруы маңызды (егер қолдардың бірі тоқтап қалса, осы сәтті бақылау керек және оң және сол қолдармен бірге сызбаны жалғастыру керек).

Әдістемелік тұрғыдан жұмыс барысында бала бір уақытта суретті, үлкен, көзге түсетін баспа әріптермен жазылған сөзді көріп, мұғалімнің оны қалай айтатынын естиндей құрылған. Суреттерде және сөздерде баланның жасына сай болу керек. Жасы кіші балаларға шынайы суреттер, ересектеу балаларға стилизация элементтерімен көрсетілім жасау керек. Сөздің әр түрлі модальділікте бір мезгілде (параллельді) «ойнауы» мидың сәйкес аймақтарын белсендіреді және олардың арасындағы қажетті байланыстарды тікелей емес (бұрын айтылғандай), айналмалы түрде дамытуға ықпал етеді. Сурет екі жарты шардың желке аймақтарының жұмысын ынталандырады, ал оны түсіну екі жақтағы фронтальды самай бөліктерін ынталандырады. Сөздің графикалық (әріптік кескіні) негізінен екі жарты шардың желке аймақтарын белсенді етеді [2].

Есту қабілеті сол және жартылай оң жақ аймақтармен өңделеді Ассоциативті байланыстардың қалыптасуының нейропсихологиялық көрінісі суретте көрінетін визуалды кескін және сөздің графикалық бейнесі мидың екі жарты шарының-желке аймақтарының, сондай-ақ маңдай бөліктерінің белсенді болуын ынталандырады деп айтуға мүмкіндік береді, яғни ол көргенді түсінуді қамтамасыз етеді. Баланың сөйлеуге деген қажеттілігі физиологиялық тұрғыдан анықталған қалыпты сөйлеу дамуы кезіндегідей естігенінен емес, бірақ көрген (оқылған) сөздер артикуляциялық қимылдарға мүмкіндік береді.Оптикалық-артикуляциялық, дәлірек айтқанда, графикалық-артикуляциялық ассоциациялар туындайды. Графикалық-артикуляциялық бірлестіктерге сөйлеу әрекетіне енетін есту мүшелері қосылады. Артикуляциялық актілер бірте-бірте нормативтік есту және сөйлеуді қолдау процесіне «өтеді».

Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру сөйлеудің дыбыстық элементтерін қабылдауға және олардың айтылымына сүйенеді. Дегенмен, дыбыстар мен сөздерді толық қабылдау артикуляцияның белсенді қатысуынсыз мүмкін емес.Сөйлеу тілін түзету бойынша жұмыс жасағанда келесі қағидаларға сүйену керек: жүйелілік, күрделілік, даму принципі, сөйлеу бұзылыстарын баланың психикалық дамуының басқа аспектілерімен бірге қарастыру, белсенділік тәсілі, онтогенетикалық принцип, есепке алу принципі. этиологиясы мен механизмдері (этиопатогенетикалық принцип), бұзылыс белгілерін есепке алу принципі және сөйлеу кемістігінің құрылымы, айналып өту принципі, жалпы дидактикалық және басқа принциптер.

Логопедиялық әсер бұл келесі құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын педагогикалық процесс: оқыту, тәрбиелеу, түзету, коипенсация, бейімделу, сөйлеу бұзылыстарының алдын алу. Логопедиялық әсер етудің негізгі мақсаты - сөйлеу дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. Логопед баланы сөйлеуге үйретудің ең үнемді және тиімді әдісін табуы керек. Қажет болған жағдайда, логопедиялық әсерді медициналық әсермен және нейрологопедияны біріктіруге болады

Бұл әдістердің тиімділігі шет елдік жетекші институттары мен клиникаларында ғылыми дәлелденген. Бақылаулар мынаны көрсетеді: нейрологопедиялық зерттеу әдістері баланың сөйлеу проблемаларын жою процесін кем дегенде 35% жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бірақ бұдан да басқа нейрологопедиялық түзетудің "жанама әсері" - баланың интеллектуалды және психологиялық дамуында және баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, оқуын және мінез-құлқында біршама жетістікке жеткізеді.

1.Выготский Л. С. История развития высших психических функций. М., ПСС. Т.3, 1986.

2.Визель Т.Г. Основы нейропсихологии: учеб. для студентов вузов Т.Г. Визель. -- М.: АСТАстрель Транзиткнига, 2005.- 384,(16)с.- (Высшая школа).

3.Лурия А. Р., Цветкова Л. С. Нейропсихология и проблемы обучения
общеобразовательной школе. Москва — Воронеж, 1999 г.

4. Волкова Л.С. Логопедия. – М.: Владос, 2009.

Боранқұлова Г.М. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, ПжП-33 тобы, студент
(Ғылыми жетекші — П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтжанова Р.М.)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі қоғам жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қажетті білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Заманауи білім берудің міндеті – сыни тұрғыдан ойлай алатын, білімді өз бетімен «ашатын», ақпарат ағынына жылдам бағдарлана алатын, таңдау жағдайында дұрыс шешім таба алатын азаматтарды тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыру объективті түрде балаларды оқыту мен тәрбиелеуге сапалы жаңа көзқарасты талап етеді. Қазіргі таңдағы білім дамытушы рөлін атқаруы қажет, баланың ақыл-ой әрекеті мен білімін байытып, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін қалыптастыру керек. Балалардың дамуын ынталандыратын, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді бағдарламаларымен қамтамасыз ететін үздіксіз білім берудің ең маңызды кезеңі ретінде бастауыш білім беру жүйесіне ерекше назар аударылуы қажет. Қазіргі білім беру жүйесінде қажеттіліктері, қызығушылықтары, қасиеттері және дара ерекшеліктері бар жеке тұлға басым субъект екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты білім берудің білімге негізделген парадигмасынан, тұлғаға бағытталған парадигмаға белсенді түрде көшу жүріп жатыр, сондықтан білім беру мекемесінің оқу-тәрбие процесінің бастауыш мектеп оқушыларын дамытуға бағдарлануы өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл маңыздылық мемлекеттік құжаттарда (Қазақстан Республикасындағы білім: Заңнамалық актілер жинағы [1], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [2]) көрсетілген талаптармен де байланысты.

Қоғам мен білім берудің қазіргі заманғы ақпараттандыру кезеңінде байланыстардың кеңеюі балалардың коммуникативті дағдыларының өнімділігінің төмендеуімен, сананың виртуалдануымен, вербальды ойлаудың визуалды түрге ығысуымен, ақпаратқа тәуелділікпен, баланың шынайы адамдық қарым-қатынас әлемінен алшақтауымен және сөйлеу дағдыларының төмендеуімен қатар жүреді. Осы мәселе төңірегінде алынған бақылау нәтижелері балалардың сөздік қорының шектеулі болуына байланысты, өз ойын нақты жеткізе алмайтындығын көрсетеді. Дегенмен, осыған қарамастан бастауыш мектеп оқушылары ойын әрекетінде өздерін барынша көрсетуге белсенділік танытады. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативті дағдыларын ойын әрекеттері арқылы дамыту тиімді болып табылады. Бұл өз кезегінде бастауыш мектеп оқушыларының мектепке бейімделу процесінің ұзақтығы мен ауыртпалығына, олардың мектеп жағдайында және болашақтағы ересек өмірінде одан әрі әл-ауқаты болуына өз өнімділігін береді.

Ғылыми зерттеулерде кеңінен қамтылғанына қарамастан, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәселесі өзекті болып қала береді. Себебі дәл осы жас кезеңінде оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуы қарқынды түрде жүреді. Бастауыш мектеп оқушысы осы жас шағында өзінің мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауды, айналасындағы адамдармен жағымды қарым-қатынас орнату үшін қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруды үйренеді. Өзін-өзі тәртіпке келтіру, жеке және топтық әрекеттерді ұйымдастыру қабілеті қалыптасады, бірлескен іс-әрекеттегі ынтымақтастық, қарым-қатынас және қарым-қатынастың құндылығы жүзеге асады. Баланың айналасындағы адамдармен қаншалықты оңай тіл табысып, қарым-қатынас орнатуы оның одан әрі оқу және еңбек қызметіне, өмірдегі орнына тікелей өз әсерін берері сөзсіз.

Бастауыш мектеп жасы – оқушы өміріндегі маңызды жас кезеңі болып табылады. Психикалық дамудың қазіргі кезеңділігінде ол 6-7 жастан 9-11 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды [3]. Бұл жаста балаларда өмір салтының өзгеруі орын алады: жаңа талаптар, оқушыға жаңа әлеуметтік рөл, іс-әрекеттің принципті жаңа түрі – оқу әрекеті. Мектепте ол жаңа білім мен дағдыларға ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болады. Баланың қызығушылықтары, құндылықтары, қарым-қатынас жүйесіндегі орнын қабылдауы өзгереді. Алғашқы коммуникативті дағдылар белгілі бір дәрежеде мектепке барған кезде пайда болады. Бастауыш мектеп жасы балалардың коммуникативті дағдыларын дамытудың сензитивті кезеңі, бұл кезеңде оқушылар бір-бірінің мінез-құлқын бақылауға және бағалауға, диалог жүргізуге үйренеді, бұл баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы коммуникативті дағдыларының жетекші рөлін анықтайды. Мектепке келген бала автоматты түрде адами қарым-қатынас жүйесінде мүлде жаңа орын табады: оның оқу әрекетімен байланысты тұрақты міндеттері пайда болады.

Бастауыш сынып оқушысы үшін коммуникативтік дағдылардың маңызы қандай?

Біріншіден, бұл оқу жетістігіне әсер етеді. Қарапайым мысал: егер оқушы тақтада жауап беруге ұялса немесе оқушыда шектен тыс қобалжу болатын болса, оның жауабы нашар болады, бағасы да сәйкесінше төмен бағаланады.

Екіншіден, баланың мектепке бейімделу процесі, атап айтқанда оның сыныптағы эмоционалдық әл-ауқаты көп жағдайда коммуникативті дағдыларына байланысты. Оқушы сыныптастарымен оңай тіл табыса алса, психологиялық жайлылықты сезінеді. Керісінше, басқалармен қарым-қатынас жасай алмау достар шеңберін тарылтады, қабылдамау сезімін тудырады және болашақта мінез-құлықтың қоғамға қарсы формаларын тудыруы мүмкін.

Үшіншіден, коммуникативтік дағдыларды оқу-тәрбие үрдісінде бүгінгі нәтижеліліктің ғана емес, оның болашақ өмірінің игілігінің шарты ретінде қарастыруға болады. Осыған орай айта кетерлік бір жайт, ойын арқылы балаларды дұрыс қарым-қатынас жасауға, олардың мүмкіндіктерін ашуға және басқа балалардан қорқуды жеңуге үйретуге болады.

Ойын балалар құрдастарымен қарым-қатынасқа түсетін дербес іс-әрекет ретінде ортақ мақсатпен, оған жетудегі бірлескен күш-жігермен және ортақ тәжірибемен біріктірілген. Ойын - бұл бастауыш мектеп оқушылары үшін қол жетімді әрекет түрі, ол қоршаған кеңістіктен алынған әсерлерді өңдеу тәсілін білдіреді. Ойын бастауыш мектеп оқушыларының ойлауы мен қиялының ерекшеліктерін, олардың эмоционалдылығын, белсенділігін және қарым-қатынасқа деген қажеттілігін ашады [4].

Ойын балаға қоршаған әлемді танып, ойлаудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, әлемнің тұтас бейнесін жасауға көмектеседі. Ойын арқылы бастауыш мектеп оқушылары ұжымда әртүрлі әрекеттерді меңгереді, өз тілектерін жолдастарының мүдделеріне бағындыруды үйренеді, белгіленген ережелерді ұстана бастайды және кездескен қиындықтарды жеңу үшін белгілі бір күш-жігер жұмсайды. Ойын бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынас құралы ретінде балалардың бастамашылдық, дербестік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді, сонымен бірге топта жұмыс істеу қабілетін дамытады. Ойын әрекетін оқыту бағдарламасымен сауатты үйлестіру мұғалімге бірінші сынып оқушыларының оқушы ретіндегі рөлін меңгеруге, олардың оқуға деген қызығушылығын дамытуға және сабақта белсенді болуға көмектесуге мүмкіндік береді.

Ойынның бала өміріндегі маңызы:

– тамақтану, денсаулық, қауіпсіздік және білім берудің негізгі қажеттіліктері сияқты ойын кез келген баланың әлеуетін дамыту үшін өте маңызды;

– ойын ой мен әрекетті біріктіретін қарым-қатынас және өзін-өзі көрсету құралы, ойын қанағаттану және табыс сезімін береді;

– ойын балалардың физикалық, интеллектуалдық, эмоционалды және әлеуметтік дамуына көмектеседі;

– ойын - бұл жай ғана ермек емес, өмір сүруді үйренудің бір жолы.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда коммуникативті дағдылар тыңдай білу, өз ойын жеткізе білу және шиеленіс жағдайында өзін ұстай білу секілді дағдылармен сипатталады. Егер бұл қарым-қатынас дағдылары балада қалыптаспаса немесе дамудың төмен деңгейінде болса, ондай жағдайда оларды қалыптастырудың жасына сәйкес белгілі бір құралдарын пайдалану қажет.

Коммуникативті дағдылар баланың оқығанды түсінуі мен сөздік қоры, ойлау дағдысының ең жоғары сатысына көтерілуіне мүмкіндік береді, ал оқығанды түсінуін дамыту сәйкесінше коммуникативті дағдылары мен сөздік қорының анағұрлым озық дамуына ықпал етеді. Бастауыш мектеп оқушыларын коммуникативті іс-әрекетке жүйелі түрде қатыстырмай, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, дамыту мүмкін емес. Алайда коммуникативті дағдыларды дамыту процесі, механикалық түрде емес, оқушылардың тұлғалық бағытын ескере отырып, саналы түрде жүргізілуі керек. Кеңестік және ресейлік психолог және педагог А.И. Савенков, өз кезегінде коммуникативті әрекеттің білім алушылар өзінің жеке даралығын нақтылай алған немесе өзінің рухани болмысын таныта алған жағдайда ғана табысты болатындығын атап өтеді [5]. Осы тұрғыда Е.А. Домыреваның пікірінше, бастауыш мектеп жасындағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру келесі психологиялық-педагогикалық жағдайларда тиімді болады [6]:

– коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру құрдасына қатынастың жеке түрін қалыптастыру арқылы;

– оқу және ойын әрекеті процесінде бірлескен іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы.

Біздің пікірімізше, коммуникативті дағдыларды дамыту үшін тек коммуникативті өзара әрекеттесуді ғана емес, сонымен қатар зейінді, есте сақтауды, ойлауды және т.б. дамытуға ықпал ететін танымдық ойындарда тиімді қолдану оң әсер береді. Біздің педагогикалық экспериментімізде бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуға әсер ететін ойындар: «Кел танысайық!», «Жинақ», «Мәтінді жинақтау», «Арал», «Тепе-теңдікті сақта», «Жануарлар», «Арқаға сурет салу», «Мақтау» т.б. Осы ойындар арқылы бастауыш мектеп оқушылары өмірдің әртүрлі аспектілерін, ересектер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін көре алады, осы арқылы өз білімдерін толықтырады, жеке қасиеттерін ашады, дағдылары мен коммуникативті қабілеттерін арттырады.

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру – оқушыларды қарым-қатынас құралы ретіндегі тілді практикалық біліммен қаруландыруға бағытталған күрделі педагогикалық процесс. Бастауыш мектеп оқушыларында коммуникативті дағдыларды сыныптан тыс уақытта дамытқан дұрыс, осылайша балалардың бір-бірімен достасуға, ойынның барлық қажетті принциптерін түсінуге болатындығын атап өткен жөн. Ойын оқу-тәрбие процесінің үздіксіздігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге көмектеседі, ортақ мүдделер мен қажеттіліктерге негізделген қолайлы эмоционалдық ортада балалар арасындағы тығыз байланыс пен қарым-қатынасқа мүмкіндік береді.

Сонымен қорытындылай келе, коммуникативті дағдыларды дамыту дегеніміз – оқушыны сұрақ қоюға және оларға нақты жауап беруге, қарастырылып отырған мәселелерді мұқият тыңдауға және белсенді түрде талқылауға, әңгімелесушілердің сөздеріне түсініктеме және оларға сыни баға беруге, өз пікірін дәлелдей білуге үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын педагогикалық деңгейде дамытудың өзектілігі қоғамның әлеуметтік тапсырысымен - баланың әлеуметтік дамыған тұлғасын қалыптастырумен анықталады. Коммуникативті дағдыларды дамытудың жеткілікті деңгейіне қажетті құрамдастардың бірі болып табылатын құзіреттіліктер баланың оқуға дайындығы мен мектеп бағдарламасын ойдағыдай меңгеру мүмкіндігін береді. Бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік тәжірибесін кеңейту, мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмысы, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыс та бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал ететін әдіс болып табылады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың сензитивті кезеңдерін ескере отырып, бірлескен іс-әрекетке негізделген коммуникативтік дағдыларды дамытудың дәл осындай құралдары, орасан зор әлеуетке ие деген пікірімізді білдіреміз.

1 Образование в Республике Казахстан: Сборник законодательных актов. - Том 1/ Под ред. М.М. Кузембаева. - Астана, 2018. - 352 с.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2019. - 83 б.

3 Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Оқу құралы. - Қарағанды: Ақ Нұр баспасы, 2020. - 186 б.

4 Степанов П.В. Внеурочная деятельность. Примерный план внеурочной деятельности в основной школе. - М.,: Огни, 2022. - 128 с.

5 Савенков А.И. Развитие эмоционального интеллекта и социальной компетентности у детей. - Москва: Национальный книжный центр, 2021. - 213 с.

6 Домырева Е.А. Формирование коммуникативной компетентности детей младшего школьного возраста // Тезисы доклада Всероссийской научно-практической конференции. - Курск, 2021. - С. 174-176.

Организация работы с информацией должна быть систематической и последовательной. Важно научить детей определять цели и задачи поиска информации, осуществлять ее выборочный отбор, оценивать ее достоверность и полноту. Педагоги должны помочь детям развить навыки критического мышления, быть внимательными и бдительными в отношении информации, чтобы не попасть в ловушку ложной или непроверенной информации.

В заключение, можно утверждать, что успешное формирование информационной грамотности у младших школьников зависит от комплекса эффективных педагогических условий. Основой этого процесса является создание благоприятного обучающего окружения, включающего в себя использование современных образовательных технологий, разнообразные методы и формы работы, а также активное взаимодействие учителей, учеников и родителей. Важно поддерживать интерес детей к обучению, развивать критическое мышление и умение оценивать информацию. Педагогические усилия, направленные на формирование информационной грамотности, не только обеспечивают успешное усвоение учебных материалов, но и развивают навыки, необходимые для успешной адаптации в современном информационном обществе. Важным аспектом формирования информационной грамотности является использование активных и интерактивных методов обучения. Уроки должны быть построены таким образом, чтобы дети активно участвовали в процессе обучения, самостоятельно искали информацию, анализировали и оценивали ее. Использование компьютерных программ, интернет-ресурсов, мультимедийных материалов способствует большей мотивации детей и делает учебный процесс более интересным и доступным. Подобный подход создает прочные основы для будущего образовательного и профессионального роста каждого ребенка, приготавливая их к ответственной и осознанной жизни в цифровом мире.

1. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. Приложение 2 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 23 сентября 2022 года № 406. - https://adilet.zan.kz
2. Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии: Проектное обучение / Н.В. Матяш. – Москва: Академия, 2018. – 256 с.
3. Семёнов А. Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании. – М.: Изд-во МИПКРО, 2000. – 12 с.
4. Шмелёва Н.Г. Основные аспекты информационной грамотности / Н.Г. Шмелёва, Е.И

Курбанова Д.Н., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Дене мәдениеті және спорт факультеті, БӘ және ДД - 31 топ студенті
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы А.Ж. Кулейменов*)

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Зерттеу мақсаты: оқушыларды ұлттық ойын түрлерінің тәсілдері арқылы салауатты өмір салттын қалыптастыру.

Зерттеу міндеттері:

- Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ұлттық ойындар тәсілдерінің рөлін анықтау.
- Ұлттық ойын түрлеріі арқылы оқушыларды салауатты өмір салттына насихаттау.
- Оқушыларды ұлттық ойын түрлерінің тәсілдерін салауатты өмір салтын қалыптастыруға үйрету.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің даму стратегиясындағы басымды бағыттарының қатарында оқушыларды және жастарды барлық қоғам өкілдерінің салауатты өмір салттын қалыптастыру арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтарының әл-ауқатының жақсаруы және білім беруді жетілдіру негізінде болып табылады.

Жалпы алғанда әрбір жасаған істердің өзгерістердің өзінше бір орын алатын ерекшеліктері болады,ол адамның денсаулығын нығайту мен тиімділігін қамтамасыз ету және денешынықтыру мен спорттың дамуы үшін оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігінде негіз болатын білім, денсаулық және тәрбиенің беретін өзінің ерекшелігінде болады.

Денешынықтыру мен спорт саласындағы атқарылып жатқан қызмет және оның негізі ұлттық ойындар мен спорт түрлерімен шұғылдану оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға және тұтастай алғанда ұлы құндылық болып табылатын денсаулық нығайтуға орасан зор болып отыр. Негізгі шара мынада болып тұр,ол салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістерін қолдану үшін денешынықтыру мен спорттағы жағдайларды адамдардың өмірлік қызметіне тікелей қолданылатын, салауатты өмір салтын қалыптастыратын оқушылардың ұлттық ойындарға деген құштарлық және ізденістің алға шығатындай нақты кезеңдерін айқындау.

Салауатты өмір салты арқылы денсаулықтың жоғары деңгейі болуына оқушыларды спорт пен шұғылдану, жалпы дене қозғалыстарын қимылға келтіру ол қозғалысты талап етеді, сондықтан әртүрлі

жаттығулар жасау адамның ағзаларының белсенділігі арттырып мен жоғары жұмыс қабілетінің оңтайлы қимыл қозғалыстың болып табылады.

Жастардың және оқушылардың денсаулығын нығайту мен тиімділігін қамтамасыз ету және қоғам мен оның дамуы үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігі қамтамасыз етуге толық мүмкіндіктер бар. Салауатты өмір салттын насихаттау арқылы оқушылар мен жастардың ұлттық ойындарға және спорттың барлық түрлері мен айналысуына барлық жағдай жасалуы қажет екенін нақты айтылу керек. [1,б. 24-38].

Жалпы айтатын болсақ - ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастырып толықтай спорт пен айналысуға жағдайлар жасау болып табылады.

Жалпы білім беретін мектегі оқушыларды салауатты өмір салттына тәрбиелеу және үйрету нақты негіз болып табылады. Мектеп өскелең ұрпақты білім мен тәрбие беру, өздерінің көзқарасын қалыптастыруға негізделген. Білім мен тәрбие – біратұтас ұғым болғандықтан оқушыларды салауатты өмір салтына баулу негізгі ұғым болады. Орта мектептерде оқушыларға білім мен тәрбиенің негізін жоғары болуына талап етілу қажет.

Білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шеше білуде ерекше орын дене шынықтыруға беріледі. Қазіргі кезеңде оқушыларды денешынықтыру сабақтары арқылы бірнеше бағыттарын түрлендіруге болады.

Ұлттық ойындары мен спорт түрлері өскелең ұрпақты жарасымды тәрбиелеудің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Бүгінгі уақыттарда дене шынықтырудың практикалық түрде халықтың ғасырлар бойы жинақтаған және іріктеуден өткен аса бай тәжірибесін өскелең ұрпақты ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері шұғылдану оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпалды болып және оның білім мен тәрбиелеу ортақ мүдесінде қарастыруға болады.

Жалпы білім беретін мектептерде денешынықтыру мен спорттың әрбір түрлері мен тәсілдері арасында ұлттық ойындарға әрбір сабақтарда және ұлттық спортты дамыту оны қолдау жүзеге асыру арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

- ұлттық ойындардың түрлерін орта білім беретін оқу орындарында маңызын теориялық және практикалық тұрғыда қарау;
- ұлттық ойындар арқылы дене тәрбиесі сабақтарына салауатты өмір салттын қалыптастыру, тәрбиелеу және оқушылардың қызығушылығын арттыру;

Денешынықтыру сабақтарында ұлтттық ойындар тәсілдерін білім мен тәрбие беру оқу орындарында оқушылар мен жастардың қозғалыс белсенділіген қызығушылығын арттыра отырып салауатты өмір салты арқылы тиімді құрал екенін іс- тәжірибе дәлелденіп отыр.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы әртүрлі аурулармен ауыру, ішімдік ішу, темекі тарту, тиімсіз тамақтану, дау-дамайлы қатынастар факторларының алдын алу ғана емес, өмір салтының түрлі жақтарында қалыптасқан көп қырлы бағыттардың алдын алуға негіз болуы тиіс.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда небір болжамдар мен зерттеулердің тұжырымдамалары нақты міндеттерді шешумен байланыстыру қажет санаймыз.[2,б.17-25].

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың мақсаты - оқушылар мен жастарда жас ерекшеліктеріне, құндылық ерешелік және имандылық-еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және нақты пайдалы кеңестер,дұрыс шешімдер қабылдауды қалыптастыру.

Оқушыларды ұлттық ойындар мен спорттық сайыстарда жетістіктер мен міндеттер айқындалады:

- салауатты өмір салтының ұстану және әдістерін үйрете білу;
- өз денсаулығына оқушылардың жауапкершілігін арттыру, қоғамның рухани құндылығы ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- негізгі гигиеналық дағдыларға үйрету және оның алдын алу;
- осы ауру түрлері және оларды алдын алу шараларымен таныстыру.

Ұлттық ойындардың және спорттық сайыстардың түрлерін оқушыларды және жастарды тәрбиелеуде тигізетін пайдасын денсаулыққа неғұрлым пайдалы екендігін шешіп қойған. Ұлттық ойындардағы қимыл жасап жүгіріп, күш сынасып, ойнайтын ойыны болғандықтан, өкпенің жұмыс қабілеттілігін арттырып, дененің барлық мүшесін шынықтырып жас ағзаның дұрыс шынығуын, себеп болаты сымбатты тұлға болып өсуіне көмектеседі.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың оқушылардың мықты, денесі шымыр, қимылы ширақ, әрі епті болуы үшін ұлттық ойындар арқылы түрлі – дене шынықтыру әдістерін қалыптастырған. Ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің міндеті мен мақсатына қарай екі түрге бөліп қарастыруғ болады. [3,б.23-34].

Оқушылар мен жастардың денсаулығын нығайтып, денесін шынықтыру үшін мынандай ойын түрлері пайдаланып және қолданылған: маңдай сүзістіру, мойын күшін сынасу, төс соғыстыру, иық қағыстыру, құлаштастыру, қол күшін сынасу, білек күшін байқасу, бел күшін сынасу, тізе қағыстыру,аяқ күшін сынастыру,ауыр көтеру, күрестіру, жарыстыру, еңбектетіп жарыстыру, жаяу көкпар тартыстыру.

2. Оқушылар мен жастардың салауатты өмір салтының ұстануға, батыл болуға ұлттық ойындар мен спорттағы жаттығулар мен шыныққан болып өсу үшін әртүрлі ойындарға бейімді болуға дайындаған:

- тартыспақ- арқан тарту, садақ тарту, көкпар тарту, аударыспақ.
- шабыспақ – қылыштасу, семсерлесу.
- тастамақ – арқан тастау, шалма түсіру, бұғау салу.

- атыспақ – тас ату, найза лақтыру,нысана көздеу.
- алыспақ – белдесу, күресу, жұдырықтасу.

2022-2023 оқу жылдарында оқушылардың салауатты өмір салты мен ұлттық ойындардың ерекшелік деңгейлерін анықтау мақсатында Қарағанды қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейде тәжірбиелік эксперимент жүзеге асырылды**.**

Сабақтан тыс оқушылардың ұлттық ойындарға қызығушылық деңгейлерін анықтау:

1. Салауатты өмір салтын оқушыларға насихаттау
2. Оқушылардың ұлттық ойындар мен ұлттық спорттағы жетістіктері.

3. Орта мектептегі оқушылардың ұлттық ойындарға жүйелі түрде қатысуы.

4. Оқушыларды салауатты өмір салтына қалыптастырудағы ерекшеліктері.

Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға ұлттық ойындардың ерекшеліктерін мен даму көрсеткішін анықтау мақсатымен ауызша және жазбаша сауалнамалар (сурет-1) жұмыстары жүргізілді.

Топтар	Оқушы саны	Оқушы саны	Барлығы
8 - 9 сынып	52(43,60%)	82 (56,40%)	134
8 - 9 сынып	52 (48,40%)	82 (51,60%)	134
6 - 7 сынып	52(51,25)	82 (48,75)	134
6 - 7 сынып	52 (46,55%)	82 (53,45%)	134

Салауатты өмір салты арқылы оқушыларға ұлттық қозғалмалы ойындар мен спорт түрлері соның ішінде асық ату, тоғызқұмалақ, ойындарына ерекше қызығушылық танытқанын көрсетті.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру тұрғындардың денсаулық көрсеткіштерінің жақсаруы мен аурулардың алдын алу бойынша ұлттық ойындар арқылы өзінің деңгейін білдірді .

Орта білім беретін мектептерде ұлттық ойын тәсілдерін ендіру мәселесі аса үлкен маңыздылыққа ие болуда. Ұлттық ойындар, спорт түрлерімен, денсаулықты нығайтуға, ең бастысы, мінез-құлқы мен салауатты өмір салтының қалыптасуына үлкен ықпалы бар екенін білуге болады.

Дене шынықтыру мен спорт сабақтарында оқушылардың ұлттық ойындар тәсілдеріне деген қызығушылығын арттыруды қалыптастыруға бағытталған байқауға болады.[4,б.46-57].

Педагогикалық тәжірибе барысында оқушылар арасында жүргізілген жазбаша және ауызша жүргізілген сауалнама дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындар мен спорттық қозғалмалы ойындардың қолдану нәтижесі сабаққа деген қызығушылықтың бар екендігін көрсете білді.

Салауатты өмір салтын ұстанған ұрпақ тәрбиелеуге өз әсерін молынан тигізеді деп айтуға болады. Ұлттық спорт түрлері мен ұлттық ойындары арқылы оқушылардың салауатты өмір салты арқылы үйлесімді тәрбиелеудің ерекшелігінде.

Жалпы алғанда денешынықтыру мен спорттың практикасында негізгі алатын мәселелердің және ұлттық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы оқушылар мен жастарға тәрбиелеудің мол тәжірибесін қолдану арқылы беретін ақыл – ойы, ұйымшылдығы, жауапкершігі мен айқындалады .

1.Бөжиг Ж., Кулейменов А.Ж. Оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық ойын түрлерінің тәсілдерін пайдалану. Монография. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2016,- 88б.

2. АхановА.А. Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары. //Валеология дене тәрбиесі және спорт. –Алматы: 2004,- №4, -б.12-15.

3. Сағындықов Е.С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан,1991. -175 б.

4. Төтенаев Б. Қазақ ұлттық ойындары.- Монография. - Алматы: 1978.

Мұқажан А.С., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, гр. КАус-22-1, студент

(Научный руководитель — ст. пр Рахимбаева Б. Т.)

ТІЛДІ МЕҢГЕРУДІҢ ДӘМДІ ЖОЛДАРЫ: ТАҒАМ ДАЙЫНДАУ РЕЦЕПТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ

Қазіргі таңда шетел тілін оқыту тілдік құзыреттілікті дамытуды ғана емес, сонымен бірге оқытылатын тілдің елінің мәдениетіне енуді де көздейді және бұл сабақта түпнұсқалық материалдарды пайдаланған кезде ғана мүмкін болады. Мұндай материалдар табиғи тілдік ортамен танысу әсерін жасай отырып, нақты коммуникативті жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді, бұл әдістеме саласындағы көптеген жетекші сарапшылардың пікірінше, тілді табысты меңгерудің негізгі факторы болып табылады [1, с. 51].

Аспаздық әлемде әр елдің өзіне тән дәстүрлері мен тағамдары бар. Асхана негіздерін түсіну ұлт мәдениетін түсінудің кілті болып табылады. Ағылшын асханасы өзінің тойымды таңғыағылшынасынан бастап, керемет түстен кейінгі шайға дейінгі дәстүрлі тағамдарымен танымал.

Лингвистикалық гастрономия аспаздық және ағылшын тілін үйрену әлемдерін біріктіретін қызықты және инновациялық ұғым. Мұндай саяхат арқылы біз тілдік дағдыларымызды тереңдетіп қана қоймай, түрлі

мәдениет пен талғамның қызықты әлемін ашамыз. Демек, ағылшын тілін түпнұсқалық рецептер мен лингвистикалық гастрономия арқылы оқыту мақсаты- тіл үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту;лексикалық материалды бекіту және жүйелеу, ағылшын тіліне қызығушылықты арттыру;шетел тілін әртүрлі қызмет салаларында (аспаздық) қолдану қажеттілігін қалыптастыру.

Классикалық нұсқадағы аспаздық рецепт негізгі үш бөліктен тұрады (қажетті ингредиенттер тізімі, тағамды дайындау алгоритмі, тағамды ұсынудағы ұсыныстар). Әрбір аспаздық рецепт мәтіннің құрылымын анықтайтын тағамды дайындау технологиясына негізделген, сондықтан рецептті қатаң - бекітілген - мәтіндер тобына жатқызуға болады. Рецепт мәтінін абзацтарға бөлу логикасы, әдетте, тағамды дайындау процесімен анықталады: абзацтың микротақырыбы тағамды дайындау алгоритмінің кезеңдерінің бірін білдіреді. Тағамды дайындау нұсқалары туралы ақпаратты қамтитын компонент аспаздық рецепттің тұрақты құрылымдық элементі болып табылады. Бұл элементті бөлек элемент ретіндебөліктерге бөлу оқырманға мәтінді ыңғайлы қабылдауды қамтамасыз етеді [2, с. 614].

Аспаздық әлемді зерттеу ағылшын тілін ғана емес, кез-келген тілді үйренуге жаңа мүмкіндіктерді ашады.

1. Рецепттер оқу құралы ретінде: Аспаздық терминдердің кең ауқымын қамтитын тағам дайындауға арналған рецепттерді таңдау арқылы біз аспаздық салада жиі қолданылатын сөздік қорды үйренеміз. Мысалы, карбонара макаронын жасау кезінде біз «al dente»және «пармезан»терминдерімен таныс боламыз.

2. Тағамдар арқылы мәдениетпен танысу: Әртүрлі елдердің тағамдары арқылы шетел тілін үйрену арқылы біз тек тілді ғана емес, сонымен қатар мәдени сипаттарды да үйренеміз. Мысалы, үнді карриін дайындаған кезде біз «гарам масала» және «чапати» терминдерін үйренеміз және олардың үнді мәдениетінде қолданылу контекстін түсінеміз.Лингвистикалық гастрономияжай ғана тілді үйренумен шектелмейді - бұл шетел тілін тек қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру ғана емес, сонымен қатар дәм мен мәдениетке деген құмарлыққа айналатын жаңа әлемді ашудың жолы.

Аспаздық әлемге саяхатты бастамас бұрын, ең алдымен ағылшын тілін үйренуге көмек беретін танымал лексиканы қамтитын рецепттерді таңдаудан бастау керек. Нақты мысалды қарастырайық:

«**Classic fish and chips**»

Бұл рецепт британдық асхананың классикалық үлгісі ғана емес, сонымен қатар тілді үйрену кезінде есте сақтауға пайдалы сөздердің кең ауқымын қамтиды. "Batter", "fillet", "deep-fry", "crispy"сияқты терминдер стандартты тағам дайындау сөздігінің бөлігі болып табылады және ағылшын тілін түсіну үшін де маңызды терминдер.

1.Batter:бұл сөздіңқолданылуын талдау үшін, мынандай мысалды қарастыра аламыз: «Prepare a smooth batter for coating the fish», яғни «Балықты қуыру үшін біркелкі қамырды дайындаңыз».

2. Fillet: Бұл рецептте қолданатын балықтың сүйексіз бөлігі.

3.Deep-fry:мысалы, «Deep-fry the fish until golden brown», яғни «Балықты қызарғанша майға қуырыңыз».

4. Crispy: тағамның күйін сипаттауды үйрену үшін маңызды, мысалы, «Achieve a crispy texture by frying», яғни «Қытырлақ күйге қуыру арқылы қол жеткізіңіз».

Осылайша, түпнұсқалық рецепттер аспаздық тәжірибеңізді байытып қана қоймайды, сонымен қатар ағылшын тілін тереңдетіп үйренуді қызықты әрі практикалық түрде нәтижелі етеді.

Ағылшын тілін әртүрлі елдердің аспаздық дәстүрлері арқылы тереңдетіп оқыту тілді меңгерудің және мәдени ерекше өрнектерді үйренудің бірегей жолы болып табылады. Мұны нақты мысалдармен қарастырып өтсек:

«Британдық дәстүр:Afternoon tea»

Британдық асхананың дәстүрлі элементіне «Afternoon tea» немесе түстен кейінгі шай кіреді. Бұл әдетте түскі астан кейін қысқа демалуды қамтиды, оның барысында ағылшындықтар шай ішу үдерісінен ләззат алады. Осы үдерісті зерттей келе,«scone», «clotted cream» және «finger sandwiches» сияқты сөздермен танысып, игеруге мүмкіндік аламыз.

• Scone: бұл көбіне сары май мен джем қосылған үлкен, жұмсақ кондитерлік өнімдердің түрі.

• Finger Sandwiches: бұл әдетте қолмен ұстауға оңай әр түрлі салмасы бар шағын бутербродтар.

• Clotted cream: бұл қалың, кілегейлі өнім, көбіне шелпекпен бірге жүреді. Бұл британдық шайдың маңызды құрамдас бөлігі және өзінің ерекше құрамы мен дәміне ие.

Осындай жаңа сөздерді зерттей келе, өнімнің өзін ғана емес, оның тарихын, қолдану дәстүрін де біліп, сөзді нақты жағдайда қолдануға мүмкіндік аламыз, мұндай талдаужадыңызда берік сақталып,тіл байлығыңыз кеңейеді.

«Американдық дәстүр: Thanksgiving dinner»

Дәстүрлі Ризашылық күніне арналған кешкі асты американдық мәдениетті зерттеу үшін және жаңа сөздерді игеру үшін пайдалануға болады. «Turkey», «stuffing» және «cranberry sauce» сияқты сөздер түсіну мен сөйлеуде қолдануға көмекші рөлін атқара алады.

• Turkey: Бұл сөз белгілі бір тағамға қатысты ғана емес, сонымен қатар американдық мерекенің мәдени аспектілерін ашады. Оны зерттей отырып, сіз Ризашылық күні кезінде дәстүрлі күркетауық пісіру әдістерін және оның символизмін үйренесіз.

• Stuffing: бұл сөз дәстүрлі американдық түскі астарда жиі кездесетін ілеспе тағамдарға қатысты.

•Cranberry sauce: Бұл тағам американдық Ризашылық күніне арналған кешкі астың маңызды бөлігі ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге мәдени әркелкілік береді. Мүкжидек соусын дайындаудың дәстүрлі әдістері және оның мерекелік контексттегі мағынасы ашылады.

Мысалы, «Carve the turkey» тіркесі белгілі бір әрекетті білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар американдық мәдениеттің элементін ауызша ағылшын тіліне енгізеді. «Carve the turkey» аудармасы «күркетауықты бөлу» деп аударылады. Бұл сөз тіркесі күркетауықты тағамға дайындау кезінде аспаздық контексте қолданылады. Бұл жағдайда «carve» етті табаққа салу үшін тұтас бөліктен кесу немесе бөлуді білдіреді. Бұл дәстүрлі американдық Ризашылық күні кешкі ас кезіндегі әдеттегі үдеріске жатады.

Көптеген адамдар американдық тағамдарға бей-жай қарайды, өйткені АҚШ тұрғындары тек зиянды тағамдарды жейді деп есептейді. Бірақ шын мәнінде, Американың ұлттық тағамдары әлемнің түкпір-түкпірінен келген көші-қон мәдениеттерінің әсерінен ерекше және өте әртүрлі. Мысалға, танымал американдық тағамдар тізімі:баффало қанаттары(buffalo wings); үйеңкі сиропы бар құймақ (pancakes with maple syrup);бургер мен гамбургерлер (burgers и hamburgers); клэм-чаудер (clam chowder); стейктер (steaks); көмірде пісірілген ет (bbq/grilling); жержаңғақ майы (peanut butter);алма бәліші(apple pie)[3].

Ағылшын тілі сабақтарындағы тағам әлеміне қатысты лексиканы қамтитын интерактивті ойындар ойын-сауықтың тамаша құралы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тәжірибесінің маңызды құралы болуы мүмкін. Мысалы:

1. «Кроссворд» ойыны:

Барысы: «whisk», «simmer», «marinate» сияқты сөздерден сөзжұмбақ құрастыру. Ойыншыларға көмектесу үшін әр терминнің қысқаша анықтамаларын беру керек және қатысушыларды терминдерді қолдануға жаттықтыру үшін тапқан сөздерді қолданып сөйлем құрауға ынталандыру керек. Мысалы:«Whisk» — тағам дайындау үшін әртүрлі ингредиенттерді көпірту немесе араластыру үшін қолданылатын ас үй құралы. Оның негізгі мақсаты - біркелкі құрылымды жасау және қамырға, кілегейге немесе басқа өнімдерге ауа қосу.«Simmer» — тағамды ерітетін немесе баяу отта қайната пісіру әдісі. Бұл процесте температура сұйықтықтар асып кетпейтін деңгейде сақталады және олар қайнап жатқанға дейін қызады.«Marinate» - дәмді жақсарту, жұмсақтық пен хош иіс беру үшін тағамды арнайы маринадқа немесе соусқа салу процесі. Бұл өнімдерге ерекше дәм береді, сонымен қатар дәм ингредиенттерінің жақсырақ енуіне ықпал етеді.

2. «Аспаздық әлеміндегі квест»:

Барысы: Білім алушылар белгілі бір уақыт аралығын пайдаланып, белгілі бір тағам дайындау әрекеттерін орындауы тиіс тапсырма жасау. Мысалы, «Prepare a salad using the ingredients providedand describe each step in English». Тапсырма берілген ингредиенттерді пайдаланып салат дайындау, содан кейін процестің әрбір қадамын ағылшын тілінде егжей-тегжейлі сипаттау.

3. «Тілдік аспаздық пікірталастар»:

Барысы: Аспаздық тақырып бойынша пікірталас барысында студенттер өз тағамын жасау тәсілдерін қорғап, қажетті лексиканы сәтті қолдануын дамыту. Мысалы: Пікірталас тақырыбы «Жаңа және мұздатылған ингредиенттер». Оқушылар әр түрлі сөз тіркестерін қолдана отырып, өз ұстанымдарын дәлелдей алады.Бұл студенттердің тілдік дағдыларын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілін үйрену үдерісін қызықты етуге мүмкіндік береді.

4. «Аспазға көмек» ойыны

Барысы: Аспаз асығыс болып, нұсқауды әртүрлі қағазға жазып алады. Ендігі, ойыншылар әріптерді дұрыс ретпен жазу арқылы әрекеттердің логикалық дұрыс ретін қалпына келтіруге көмектесуі тиіс. Мысалы:

Instructions for fruit salad:

A) Decorate with pomegranate seeds.

B) Add 1/2 cup of apple juice.

C) Cut and mix all fruit.

D) Read the recipe!

E) Peel apples, pears and kiwi.

5. «Рөлдік ойын: мейрамханадағы кездесу»

Сонымен қатар, аспаздық контексттегі рөлдік ойындар мен диалог ағылшын тілін үйренуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар үйреншікті сөздер мен сөз тіркестерін нақты өмірлік жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Бұл рөлдік ойын барысында ойыншылар даяшы мен тұтынушы рөлдерін сомдайды.Диалог мысалы: Даяшы: "Good evening! Welcome to [мейрамхананың атауы]! My name is [аты], and I'll be your server tonight. May Start you off with something to drink? **Клиент:** "Good evening! I'll have glass of orange juice, please" [4].

Сонымен, түпнұсқалық рецепттер арқылы тілді үйрену лингвистикалық білімді байытудың тиімді әдісі ғана емес, сонымен қатар тілді күнделікті өмірге енгізудің қызықты тәсілі. Бұл тәсіл оқуды практикалық тұрғыда қызықты етеді және шынайы өмір сценарийлеріне қолдануға мүмкіндік береді, бұл жаңа тілді үйрену процесін айтарлықтай жақсарта алады.Ағылшын тілін мектепте немесе шет тілі курстарындаүйренетін адамдар «тағам» және «асхана» тақырыптарымен оқудың бастапқы кезеңінде таныс болады. Азық-түлік, ас үй ыдыстары бізді барлық жерде қоршап тұрғандықтан, біз бұл сөздерді бейсаналы түрде жаттап аламыз.

1. Насирдинов О.А. Роль аутентичного материала в преподавании иностранных языков // Вестник науки и образования. 2020. № 13-3 (91). С. 50-52.
2. Зайцева О.А., Терских М.В. Использование аутентичных текстов на занятиях по русскому языку как иностранному (на примере кулинарных рецептов) // Коммуникативные исследования. 2023. Т. 10. № 3. С. 607-624.
3. https://p12.com.ua/ru/journal/view/lets-cook-uchim-anglijskij-s-nulya-po-receptam
4. https://tutoreng.com.ua/ru/yazyikovaya-gastronomiya-izuchenie-anglijskogo-cherez-kulinarnyie-sekr

Оралбек А.С. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, ДШжС-31, студент
(*Ғылыми жетекші – педагогика ғылымдарының магистры, аға оқытушы Дүйсебаев Б.Т.*)

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫ БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақстандық спорттың 20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басында нарықтық экономикаға көшуі, оның коммерциялау және кәсіптендіру үрдістерін жандандыру, халықаралық спорттық күнтізбенің анағұрлым кеңейіп, ішкінің қысқаруы республикадағы спорттық жарыстардың өткізу жүйесі мен оның мақсатты бағытының трансформациясына әкелді.

Әр жарыстың мақсаты – дене тәрбиесі және спорт бойынша үгіт-насихат жүргізу, сонымен қатар адамдарды жаттығулармен жүйелі түрде шұғылдануға тарту. Бұл үшін, қандай да жарыс болмасын, дене шынықтыру ұжымының біріншілігі немесе республика чемпионаты болса да, жоғары ұйымдастыру деңгейінде өтуі тиіс. [1]

Соңғы жылдары түрлі спорт түрлері бойынша мамандарды оқыту кезінде жарыстарды өткізуге және даярлауға арналған техникалық құжаттамаға жеткіліксіз назар бөлінеді, ал бөлінсе тек дайындалатын маманның спорт түрі бойынша. Бұдан басқа, жарысты дайындау немесе өткізу кезінде туындайтын сұрақтар жауаптары кез келген дене тәрбиесі бойынша оқулықта табыла бермейді. Барлық спорт түрлеріне арналған техникалық құжаттаманы толтыруға арналған бірыңғай, универсалды әдістеме жоқ. Тіпті, бір спорт түрінің ішінде айырмашылықтар бар, олар жарыс деңгейі мен қатысушылардың дайындығына байланысты болады.

Әдетте, жарыс жүйесін сараптау кезінде зерттеушілер мен мамандар келесі элементтерді қарастырады: жарыстарды өткізу қағидалары, оларға қатысуға рұқсат, команда құрамы, есептеу, жеңімпаздарды анықтау, төрешілік және с.с. Көптеген жылдар бойы Қазақстандағы үлкен спорт жүйесі тек құрама командалардың мүшелерін дайындауға, олардың сәтті өнер көрсетулеріне бағытталды.

Жарыстарды ұйымдастыру жүйесі, әсіресе ойын спорт түрлері көрерменге емес, осы тапсырманы орындауға бағытталғанына ешкім де күмәнданбайтыны анық. Елдің құрама командасы үшін күнтізбе үзіліп, ойындар кейінге қалдырылмайды, көбінесе бос немесе жартысы бос трибуналар алдында өтеді. Сондай-ақ, бұл тапсырманы орындау кезінде үлкен қаражат жұмсалатынын атап өткен жөн [2].

2000 жылдардың басында қазақстандық спорт жетекшілері спорттық менеджмент пен маркетингті, әсіресе спорттық жарыстарда өткізу саласында енгізе бастады, себебі олардың саны күрт азайды, ал өткізілу құны – өсе түсті.

Осыған орай, 80-ші жылдардың соңында көптеген кеңес ғалымдары спорт, тіпті посткеңестік кеңістікте де тауар болатындығы туралы қорытындыға келді. Мұндай тауар - ең алдымен спорттық іс-шара болып табылады. Алайда, тақырып қазақстандық зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырды. Таңдаған зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі осымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, зерттеудің өзектілігі XX ғасырдың соңында болған спорт әлеміндегі маңызды және сапалық өзгерістерді түсіну қажеттілігімен байланысты. Дәл осы кезеңде халықаралық спорттың басшылары мен спорт жанындағы бизнесмендер әсерінен көптеген спорт басшылары спортты басқару жүйесін, оларды өткізу кезінде туындайтын барлық мәселелер панацеясы деп ойлады. Нарықтық экономика жағдайында жоғары жетістіктер спорты бойынша жарыстарды көрермендер, теледидар, радио, демеушілерді, жарнама тарту арқылы бюджеттен тыс қосымша қаражат табу көзі ретінде ойын-сауық қызметі деп санаған жөн. Қазақстанда кәсіби спорттың жекелеген түрлерін ойын-сауық саласы ретінде дамыту, жарысты ұйымдастыру және өткізу ең алдымен маркетингтік тәсілді қажет етеді және әсерлі болуына әрі табыс алуға бағытталады.

Мұның бәрі менеджмент тұрғысынан жарыстарды басқаруды зерттеудің өзектілігін шарттайды

Зерттеу нысаны - қалалық спорттық жарыстар.

Жұмыстың мақсаты - спорттық жарыстардың басқару тиімділігін менеджмент тұрғысынан анықтау.

Зерттеудің гипотезасы. Жарыс өткізу жүйесін өзгерту және осы салада менеджментті енгізу бюджеттен тыс көздер есебінен спорт ұйымдарының бюджеттерін ұлғайтуға ғана емес, мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлуді азайта отырып, оларды жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты келесі міндеттер қойылды:

1) Спорттық жарыстарды басқарудың негізгі қағидаларын менеджмент тұрғысынан анықтау.

2) Қарағанды қаласының үлгісінде жарыстардың басқару тәжірибесін талдау.

3) Әлеуметтік зерттеулер барысында алынған деректер негізінде Қарағанды қаласында спорттық жарыстардың рөлін анықтау.

Зерттеу әдістері.

1) теориялық және тарихи материалдарды зерттеу, өңдеу және жүйелеу.

2) эмпирикалық байқаулар, белгіленген тәжірибені талдау.

Соңғы жылдары Қарағанды облысын сипаттау кезінде «көмір орталығымен» қатар, «Қазақстанның ең күшті спорттық аймақтарының бірі» деген сөздер жиі кездеседі. Бүгінгі күні Қарағанды қаласында дене шынықтыру мен спортқа деген көз қарас өзгертілді. Бұл жаңа спорттық нысандардың пайдалануға берілуінде ғана емес, сондай-ақ облыс спортшыларының халықаралық ареналарда, балалар, бұқаралық және мүгедектік спорт түрлеріне қатысты өткен жылы ұйымдастырылған жарыстардың саны мен дәрежесінде де көрінді. Бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спортын басқару құрылымында айтарлықтай өзгерістер болды.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысында қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізу үшін жеткілікті спорттық қоры бар.

Ағымдағы жылдың ең ірі спорттық шараларының бірі, облыс қалалары арасындағы «Арай-2023» жазғы Спартакиада болды, оған Шахтинск, Саран, Теміртау, Приозерск, Балқаш, Қарағанды қалалары қатысты.

Жарыстар спорттың 12 түрі бойынша өткізілді: армрестлинг, волейбол (ерлер, әйелдер), шағын футбол, қазақ күресі, асық ату, пауэрлифтинг, жеңіл атлетика, жазғы президенттік көпсыйыс, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі.

Спартакиаданың 1-2 кезеңдеріне 3985 спортшы қатысты (Қарағанды - 850, Сарань - 250, Балқаш - 827, Шахтинск – 723, Приозерск - 548, Теміртау - 787) [3].

Біз социологиялық зерттеу жүргіздік: қалада өткізілген спорттық іс-шаралар туралы Қарағанды қаласы тұрғындарының қоғамдық пікіріне, азаматтардың спортпен айналысуына қатысу дәрежесіне талдау жасалды. Зерттеу сауалнама әдісі бойынша жүргізілді. Халықтың екі тобы қамтылды: жоғары сынып оқушылары мен студенттер, ересектер, барлығы 200 адам.

Спорт, спорттық жарыстар сізге қандай деңгейде қызықты? (әр зерттеуге қатысқандар санынан %)

Мүлдем қызықпаймын	26
Аз қызығамын	21
Белгілі бір дәрежеде қызығамын	22
Көбінесе қызығамын	19
Өте қызығамын	11
Жауап беруге қыналамын	1

Сонымен қатар, спортқа, спорттық жарыстарға қатысу мен көрермен қызығушылығы жас ерлер арасында шоғырланған. 25-39 жас аралығындағы респонденттер тобында жалпы халық үшін орташа көрсеткішпен сәйкес келетін нормативтік деңгейде, содан кейін күрт және тұрақты түрде төмендейді

Спортқа, спорттық жарыстарға қаншалықты қызығасын? (жас ерекшелігі мен жынысы бойынша, зерттеудегі респонденттердің санынан %)

Әлеуметтік-демографиялықтоп	Аз қызықтырады	Белгілі бір деңгейде қызықтырады	Көбінде және өте қызықтырады
Жынысы			
Ерлер	24	24	52
Әйелдер	65	22	13
Жасы			
15-19 жас	33	22	45
20-45 жас	42	25	33
Білімі			
Ортадан төмен	55	18	27
Орта	43	24	33
Ортадан жоғары	42	25	33

«Сіз баратын жарыстар деңгейі қандай?» деген сұраққа жанкүйерлер арасында жергілікті және аймақтық жарыстар (47%) екінші орында ұлттық жарыстар (31%) және үшінші орында халықаралық жарыстар (17%) болды.

Спорттық іс-шараларға қатысқан респонденттерге «Сіз қандай спорт түріне жие барасыз?» деген сұрақ қойылды. Ең көп баратын, сәйкесінше ең әсерлі футбол (43%), хоккей (17%), волейбол (16%) командалық спорт түрлері болып шықты. Футбол және хоккей матчтары келушілер арасында ерлер екі жарым есе көп. Волейбол жанкүйерлерінің арасында ерлер мен әйелдер саны шамамен тең.

Мұндай іс-шараларға қатыспаған респонденттерге «Неліктен спорттық іс-шараларға бармайсыз?» деген сұрақ қойылды. Басты себеп және респонденттердің спорттық іс-шараларға қатыспаудың неғұрлым танымал сылтауы - уақыттың жетіспеуі (49%). Тағы 39% мұндай шараларға барған ұнамайды. Респонденттердің 15 % жарыстар қызықсыз деп санайды. Тек 10% -билет құнының жоғары екенін, ал ақпараттың жетіспеушілігіне 13% сілтеме жасады.

Егер біз қарағандылықтардың дене шынықтырығына деген жалпы көзқарасын, олардың спортпен шұғылдану дәрежесін білуге тырыспасақ, сауалнама толық болмас еді.

Респонденттердің басым көпшілігі - 82% - адамның өмір бойы дене шынықтыру қажеттілігі туралы теориялық түрде келіседі. Респонденттердің 81% жақсы дене даярлығы өмірде табысқа жетуіне ықпал ететініне сенімді. Үзілді түрде теріс жауапты тек 5% берді. Дені сау, жақсы көрінетін және атлетикалық адам, жоғары өмірлік нәтижелерді талап ете алады және оларға қол жеткізеді. Спорттың және дене шынықтырудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуіне қарамастан, респонденттердің көбісі жаттығуларды «кейінге» қалдыруды жөн көреді. Егер жасөспірімдер мектеп пен клуб секциялары арқылы спортпен шұғылданса, ересектердің көпшілігінде тек таңертеңгілік жаттығуларға ғана (респонденттердің 19%) батылдығы жетеді. 28,8% дене шынықтырумен және спортпен тұрақсыз түрде шұғылданады; 21,5% мүлдем жаттықпайды; 17,5% спортпен өздері, немесе достарымен айналысады; 15% сауықтыру секцияларына (бассейн, аэробика және т.б.) барады; 14,6% - жаяу жүріп, табиғатқа барады; 6.9% ДШҰ клубында, кәсіпорындарының спорттық секцияларында айналысады; 6,2% - тұратын жерлері бойынша; 4,7% мектеп секцияларында спортпен шұғылданады; 2,9% БЖС, БЖКсекцияларында.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындардың 27,9% мұндай жаттығулардың негізгі уәждемесі - «денесін жақсарту» және 27,5% - қозғалыс қажеттілігі. Әрбір төртінші (24,6%) спорттық жаттығулар бұлшықет тонусын арттыру және азаматтардың 22,5% жалпы дене даярлығын жақсартуға үміттенеді. 19,2% дене күшін дамытуды қалайды; 14,2% - ойын-сауық, ойнау, ойлаудан босаңсу; 12,9% дене тәрбиесі арқылы күш-жігерді қалпына келтіру; 11,7% - достармен сөйлесу; 7,1% - жақсы спорттық нәтижелерге жету; 6.2% - өздерінің қабілеттерін көрсету, жолдастары арасында беделін көтеру.

Дене күшін дамыту ерлердің 19% тиесілі, ал жастар көңіл көтеріп, ақыл-ой жүктемесінен демалу мүмкіндігі ретінде қарайды. Әйелдер арасында спортпен айналысудың негізгі себебі - «тұлғасын сымбатты ету» (39%). Отырықшы қызмет ететін мамандар мен қызметкерлердің 37% қозғалыс жетіспеушілігін азайтады, 36% - денесін жақсарту. Жұмысшылардың 27% спорттық жаттығулар арқылы бұлшық ет тонусын көтеруге үміттенеді. Оқушылар үшін спорт дене күшін дамытуға көмектеседі, және кәсіпкерлердің жартысына жуығы қозғалыс қажеттілігін сезінеді, сондықтан дене шынықтырумен шұғылданатын.

Қарағандылықтарға спортпен шұғылдануға не кедергі? Ең көп тараған жауап - 51,6% - бос уақыттың болмауы. Бірақ, шын мәнінде, көптеген респонденттер үнемі теледидар көреді. Осылайша, азаматтардың белсенді өмір салтына деген ықыластары күшті деп айтуға болмайды. Шамасы, көпшілік пассивті демалысты ыңғайлы деп санайды. Екінші орында - дене шынықтырумен айналысуға деген ұмтылысының жоқтығы - 16,1%. Селқостықпен уақытты ұтымды ұйымдастыра алмау - басты нақты себеп.

Сауалнамаға қатысқандардың 12,6% спорттық кедергі болып, спорттық құрал-жабдықтардың болмауы. Қарағанды тұрғындарының тағы 11,2% спортпен шұғылданбайды, өйткені жақын жерде спорттық нысандар жоқ. Сондай-ақ, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін респонденттердің 8,1% денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейді; 7.6% қалай бастау керек екенін білмейді; 4.9% жаттығуларға ешкім қызықтырмады; 3,1% оны пайдалы депсанамайды. Сауаландырылған мамандардың жартысынан астамы - 59% - уақыттың жетіспеуі деп ақталады. Кәсіпкерлер спортпен айналысуға кедергі келтіретін басты себеп деп - уақыттың жетіспеушілігін айтады, әр бесінші адам спорттық құрал-жабдықтың жоқтығына сілтеме жасайды.

Зерттеу барысында респонденттер қалалық спорттық нысандардың қызметін бағалады. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 60% бассейнге барады, 43,3% олардың қызметімене қанағаттанған. Екінші орынды стадиондар мен спорт алаңдары құрайды, бірақ олардың жұмысы ең көп наразылық тудырады, олармен респонденттердің 14,9% қанағаттандырылмаған. Сауалнамаға қатысқан Қарағанды тұрғындарының үштен бірі сауықтыру секцияларының жұмысымен қанағаттанған (шейпинг, гимнастика, атлетикалық гимнастика және т.б.); ақылы спорт секцияларына келушілердің әр төртіншісі олармен қанағаттанған.

Біздің әлеуметтік зерттеу барысында алынған деректер негізінде келесі қорытынды жасауға болады.

1. Алынған деректер негізінде біз Қарағандыдағы спортқа деген қызығушылық тек теледидар, көрермендік тұрғыда, бірақ оның өзі толығымен жас ер азаматтардың арасында шоғырланған деген тұжырымға туындайды. Яғни, спортқа деген қызығушылық, ең алдымен, спорт жарыстарына деген жанкүйерлердің сырттай қызығушылығы болып табылады..

2. Жеке спорттық іс-шараларға қатысу, тіпті спорттық іс-шаралар өткізілетін стадиондарға бару көрермендердің қызығушылығынан әлдеқайда төмен.

Сонымен қатар, жергілікті және аймақтық жарыстар әуесқойлар арасында ең танымал болып шықты, ұлттық жарыстар екінші орынға қалдырылса, одан кейін – халықаралық жарыстар қалады. Әсерлілік дәрежесіне қарай, бәрі керісінше. Сонымен қатар, ең көп баратын және сәйкесінше, ең әсерлі - командалық спорт түрлері: футбол, хоккей, волейбол. Спортқа қатысты түсінік негізінен халықаралық аренадағы ұлттық-мемлекеттік беделге байланысты.

3. Басты себеп және, мүмкін ең бастысы, респонденттердің спорттық шараларға қатыспауы немесе спортпен айналыспауы - уақыттың жетіспеуі. Алайда, біздің ойымызша, қарағандылықтарға өткізілген шаралар туралы ақпарат жеткіліксіз. Демек, белсенді ақпараттық саясатты барлық деңгейде - үкіметтік, қалалық, мектепте, кәсіпорындарда жүргізу керек. Жастарға ерекше көңіл бөлінуі керек, өйткені спортпен айналысуға ниет жас кезде қалыптасады.

Бұл жұмысты орындау барысында алынған осы және басқа тұжырымдар спорт жарыстарын басқару үшін үлкен теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Бұл деректер бұқаралық спорт түрінде де, кәсіби халықаралық деңгейде де спорттық өмірдің иерархиясының барлық деңгейлерінде қолданылуы мүмкін. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару мәселелеріне көп көңіл бөлу,оның халық арасында танымал болуына және жарыстар өткізетін ұйымдардың табыстарының артуына әкеледі.

1. Дүйсебаев Б.Т., Қолдауов А.Н., Рахметоллаев Ж.Б. Заманауи кезеңде Қарағанды қаласындағы студенттік волейболдың дамуы // Дене шынықтыру және спорттың теориясы мен тәжірибесіндегі мәселелері: Халықаралық қатысумен ғылыми еңбектер жиынтығы- Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014.-70-72б.

2. Дене шынықтыру және спорттың менеджментімен экономикасы: жоғ. пед. оқу орын. үшін оқулық / М.И. Золотов, В.В. Кузин, М.Е. Кутепов, С.Г. Сейранов. – М.: «Академия» баспасөз орталығы, 2004. – 432 б.

Рыскелді Т.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультеті, ПО-31 тобының студенті
(Ғылыми жетекшісі — аға оқытушы, магистр Ахметжанова Г.А.)

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Егеменді еліміз әлемдік білім кеңістігінен орын алу мақсатын ұстана отырып, қарыштап, нық қадам басып келеді. Өркениетті елдер қатарына көтерілуді көздеген елімізде ғылым мен техника дамып, экономикамыз өрістеп, көзделген мақсаттар мен міндеттерге жол ашылуда. Жаңа ғасыр оқытушысы - жаңа нарықтық экономика заманына сай құзырлы болу үшін үнемі ізденіс үстінде болуы қажет.

Ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белсені - қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру - экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты міндет білім беру ордаларына жүктелді.

Жалпы, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа:

- дербес компьютердің болуы;
- интернет және электронды пошта;
- жалпы оқытылу пәндеріне деген қызығушылық;
- белгілі бір бағыттағы ақпараттық қажеттілік;
- білім алушылардың ғылыми шығармашылықпен айналысуы;

Екінші топқа:

- білім беру ұйымдарында, оқу кабинеттерінде компьютерлік базаның болуы;
- педагогикалық қызметте коммуникациялық технологияларды қолдануға деген қызығушылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- біліктілік көтерудегі арнайы курстар;
- электрондық оқу-әдістемелік кешендердің болуы.

Ғалымдар ақпараттық технология арқылы құзыреттілікті қалыптастыруда базалық, жалпы және кәсіби кезеңдерін бөліп көрсетіп, ақпараттық технологияларды оқу қызметінде қолдану мен кәсіби міндеттерді шешуде ара жігін ашып көрсетеді. Бүгінде білім беруді одан әрі ақпараттандырудың кезеңі мазмұндық тұрғыда және компьютерлік салауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір білім алушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы болып табылады. Оқыту ісінің тиімділігі мен сапасы көбінесе өздігінен оқып үйрену процесін тиімді ұйымдастыру мен пайдаланатын материалдардың сапасына тәуелді болады.

Құзыреттіліктің негізгі қасиеттері: әлеуметтік көзқарас, тәжірибе, интеллект болып табылады. Соңғы жылдары ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби құзыреттілік дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімдері мен практикалық біліктігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, білім алушы білімін, біліктілігін, дағдысын, ең бастысы - тұлға мүмкіндігін бағалаудың критериі мақсатында қарастыру құзыреттіліктің маңыздылығы болып табылады. Олай болса, құзыреттілік - нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық қасиеті ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарда қамтитын құндылықтарды есепке алу қажет [1].

Білім берудің ақпараттандыру процесінде пән оқытушыларына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану саласына келесі талаптар қойылған:

- білім алушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдылығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесінде интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) дәрісте жиі қолдану.

- проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуалды орта және мультимедия-технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық- техникалық базасын жетілдіру.

Білім беру жүйесінде ақпараттандыру - білім беру үшін үлкен перспективаларды ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық, техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі ролі мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру, қазіргі заманда әрбір адам үшін қажеттілікке айналды.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

«Ақпараттық коммуникативтік технология» дегеніміз- электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде мемлекет тарапынан қолға алынып, болашақта атқарылатын істер жоспарына енгізіліп, күн тәртібіне қойылып отыр. Жоғары оқу орнында білім алушының болашақ кәсіби маман ретінде қалыптасуын зерттеуге деген қызығушылық үздіксіз арта түсуде, бұл мәселе білім алушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру барысында жүзеге асады деп ойлаймыз. Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Бұл жүйелерге қарай отырсақ, құзіреттілік дегеніміздің өзі қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Ендеше әр педагогтың ақпараттық құзіреттілігі нақты жағдайда ғана тұлғаның құзыреттілік қабілетін ашатын тапсырмалар жүйесін ұсына алатынымен анықтауға болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілді [3].

Міне, құзіреттілікті қалыптастыру дегеніміздің өзі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

1. Есенгалиева Б.С. Орал қ. «Ақпаратты технология негізінде құзыреттілікті қалыптастыру» http://library.wksu.kz/dmdocuments/%D0%95%D1%81%D0%B5%D0%BD%D0%B3%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B0.pdf 12.02.2020

2. Сарбасова Қ.А., Тәжіғұлова Г.О., Ахметжанова Г.А. «Болашақ мамандардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы»//Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы №4(92) 2018ж-78б.

3. Әділбек Г.С. «Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін ақпараттық технология арқылы қалыптастырудың мәні» Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.-сы

Цветков А.С., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. М2-ФКИС-22-1р, магистрант
(Научный руководитель — к.п.н., ассистент проф. Жунуспеков С.К., ассистент проф., доктор PhD Сулеева К.М.)

САМОРАССЧИТЫВАЮЩИЙСЯ ТРЕНИРОВОЧНЫЙ ЦИКЛ «INCEPTION 1.0» ДЛЯ РОСТА МЫШЕЧНОЙ МАССЫ И УВЕЛИЧЕНИЯ СИЛОВЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ДЛЯ ЛЮДЕЙ С МИНИМАЛЬНЫМ УРОВНЕМ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ

В 21 веке популярность фитнеса увеличивается с каждым днём. Ежегодно появляются новые фитнес-клубы и тренажёрные залы. По статистике, доходы фитнес-клубов выросли сразу в 3,6 раза с 2020 по 2021 год [1]. Всё это подтверждает повышенный спрос общества на фитнес-тренировки. Современные фитнес-

клубы предоставляют своим клиентам возможность тренироваться под руководством персонального тренера. В обязанности тренера входит составление программы тренировок, плана питания, обучение клиента правильной технике выполнения упражнений и многое другое. Однако далеко не каждый может позволить себе заниматься с тренером, и связано это зачастую с разными причинами и факторами, обуславливающими такой выбор. Как показывает исследование, многие клиенты предпочитают заниматься самостоятельно [2]. Аргументируется такой выбор наличием достаточного уровня знаний, по их мнению, для самостоятельной организации собственного тренировочного процесса и отсутствием финансовых возможностей для занятий с персональным тренером.

При этом совершенно очевидно, что на практике большинство новичков не обладают опытом занятий физической культурой и спортом, а также не имеют достаточного уровня знаний для самостоятельной организации тренировочного процесса. Такие люди зачастую используют интернет и средства массовой информации для поиска программ тренировок. Особой популярностью пользуются тренировочные программы от известных спортсменов и тренеров, обладающих широким авторитетом. Но стоит отметить, что спортсмены, достигшие больших результатов в спорте высших достижений, зачастую используют на своих тренировках крайне тяжёлые нагрузки, которые могут оказаться чрезмерными для людей с минимальным уровнем физической подготовленности.

Соответственно, можно сделать вывод, что программы тренировок известных спортсменов совершенно не подходят для начинающих, они могут оказаться неэффективными и даже привести к состоянию перетренированности и получению травмы. Также отдельно стоит упомянуть тот факт, что каждый автор подходит к решению вопроса об организации тренировочного процесса индивидуально. Так, например, известный бодибилдер и тренер Майк Ментцер в своих работах рекомендовал выполнять крайне низкий объём тренировочной нагрузки, тогда как другой известный тренер, Джо Вейдер, рекомендует применять значительно более высокий объём тренинга, по сравнению с методикой Майка Ментцера, согласно которой атлет выполняет в 6-8 раз меньше подходов за тренировку [3, 4].

Многообразие тренировочных программ и методик приводит многих начинающих к абсолютному замешательству: нет конкретного ответа на вопрос о том, как же всё-таки стоит заниматься человеку, не имеющему опыта занятий физической культурой и спортом, чтобы увеличить силовые показатели и нарастить мышечную массу. Решение данной проблемы видится нам в разработке программы, отвечающей запросам занимающихся с минимальным уровнем подготовленности.

Объектом исследования является тренировочный процесс в тренажёрном зале, направленный на рост силы и мышечной массы.

Предметом исследования является организация тренировочного процесса в тренажёрном зале с целью увеличения показателей силы и роста мышечной массы для людей с минимальным уровнем физической подготовленности.

Целью исследования является разработка способа организации тренировочного процесса, направленного на рост силовой выносливости и мышечной массы для людей с минимальным уровнем физической подготовленности.

Задачи исследования: 1. Разработать тренировочный цикл для людей с минимальным уровнем физической подготовленности.

2. Апробировать разработанный цикл для людей с минимальным уровнем физической подготовленности и определить его эффективность.

Методами исследования являются анализ научно-методической литературы, педагогическое наблюдение, педагогическое тестирование, педагогический эксперимент, методы математической статистики и метод проектирования.

Исходя из этого, нами был разработан саморассчитывающийся цикл (СРЦ) под названием «Inception 1.0» для людей с минимальным уровнем физической подготовки, направленный на рост мышечной массы и увеличение силовых показателей. Понятие СРЦ впервые было введено известным спортсменом, методистом и рекордсменом по жиму лёжа Дмитрием Головинским, а также его командой. «Inception 1.0» строится на базе простейших таблиц и его ключевой особенностью является то, что он рассчитывается самостоятельно, основываясь на конкретном, заложенном автором алгоритме, исходя из исходных параметров, указываемых уже непосредственно самим занимающимся. В основе параметров индивидуализации нагрузки лежат определённые характеристики физической нагрузки – интенсивность физической нагрузки и её объём. Эти параметры позволяют оценить работу, осуществляемую атлетом, и качественно и количественно спланировать последующие тренировки.

Разработка СРЦ «Inception 1.0» началась с разделов с индивидуальными параметрами занимающегося и основной информации, которые позволяют индивидуализировать нагрузку (рисунок 1). Затем была разработана графа, позволяющая занимающемуся выбрать оптимальный уровень нагрузки (сложность программы) и размерность коэффициента прибавки – показателя, оценивающего величину увеличения тренировочной нагрузки от микроцикла к микроциклу. Сложность определяется в процентах от начальных данных занимающегося. Также была разработана графа с коэффициентом разгрузки. Данный коэффициент показывает величину нагрузки на разгрузочных тренировках, направленных на стимулирование восстановительных процессов в организме.

Далее был разработан сам тренировочный план, содержащий день недели, характер нагрузки, упражнения, величину рабочего отягощения, количество подходов и повторений, отдых между подходами, процентное отношение рабочего отягощения к предельному максимуму, а также показатели оценки объёма тренировочной нагрузки и её интенсивности, поле для примечаний. Тренировочный цикл основан на базе двух мезоциклов, представленных двумя календарными месяцами. Связано это с тем, что спланировать более длительный период тренировок гораздо сложнее, так как невозможно с точностью спрогнозировать то, как будет прогрессировать занимающийся. Тренировки планируются три раза в неделю: понедельник, среду и пятницу. В качестве основных способов оценки нагрузки были использованы: КПШ (количество подъёмов штанги, произведение количества повторений на количество подходов), тоннаж (произведение количества подходов на величину рабочего отягощения), интенсивность (средний вес штанги за тренировку, отношение тоннажа к КПШ), а также относительная интенсивность (процентное выражение среднего веса штанги или количества повторений к индивидуальному максимуму). Эти параметры рассчитываются как за тренировку, так и за микроцикл в целом. Тренировочный цикл строится на волнообразном циклировании нагрузки, а его ключевой особенностью является низкий тренировочный объём (до десяти подходов за тренировку). В ходе тренировочного процесса интенсивность нагрузки повышается, а объём нагрузки – понижается. Классификация тренировочных нагрузок производилась по показателю относительной интенсивности. Так, нагрузка в диапазоне интенсивности 0-65% признана лёгкой нагрузкой, 65-80% - средней, 80-100% и выше – тяжёлой.




Рисунок 1. Общий вид программы

Затем были разработаны блоки с контрольными измерениями. Тренировочный цикл состоит из трёх контрольных измерений, позволяющих оценить текущий уровень занимающегося: начальное, промежуточное и итоговое. Контрольное измерение состоит из антропометрических тестов и выполнения контрольных упражнений. В промежуточном измерении атлет фиксирует только антропометрические данные, связано это с тем, что проверка максимальных возможностей в физических упражнениях затрачивает очень много ресурсов организма и может повлиять на основной тренировочный процесс. Помимо этого, программа оценивает уровень занимающегося и на основании предыдущих контрольных измерений определяет процентную величину прогресса. Завершилась разработка СРЦ «Inception 1.0» разделами с итоговым контрольным измерением, а также графиками, наглядно отображающими процесс изменения нагрузки по основным параметрам её оценки (рисунок 2).




Рисунок 2. Разработка завершающей части программы

Таким образом, был разработан саморассчитывающийся цикл «Inception 1.0» на базе программы Microsoft Excel, направленный на увеличение силовых показателей и рост мышечной массы, предназначенный для людей, не занимающихся спортом и не обладающих высоким уровнем физической подготовки.

Помимо этого, нами было организовано исследование эффективности разработанного СРЦ «Inception 1.0», в котором приняли участие 7 юношей. Возраст – 17-25 лет. Вес – 50-85кг. На протяжении 2 месяцев испытуемые тренировались по данной программе. Уровень начальной сложности, значение коэффициента прибавки и коэффициента разгрузки подбирались индивидуально. На контрольных измерениях мы замеряли показатели веса, обхвата плеча, обхвата груди и обхвата бедра. Помимо этого, испытуемые выполняли следующие упражнения: подтягивания на турнике, жим штанги весом 50-75% от собственного веса тела лёжа, приседания со штангой на спине весом 50-75% от собственного. Контрольные измерения проводились дважды за период – вначале эксперимента и после его окончания. Были получены следующие результаты показателей абсолютного прироста (АП) и темпа прироста (ТП) для группы испытуемых:

Таблица 1 – Показатели абсолютного прироста и тема прироста для группы

Показатели	АП	ТП
Вес	1,8	2,67%
Обхват бицепса	1,7	5,45%
Обхват груди	3,6	4,02%
Обхват бедра	1,9	3,95%
Подтягивания	8,1	74,03%
Жим лёжа	5,6	53,74%
Приседания	6,9	68,57%

Исходя из полученных нами данных, можно сделать вывод, что испытуемые достигли наибольшей прибавки результатов в подтягиваниях – 74,03%, в приседаниях со штангой прибавка составила 68,57%, а в жиме штанги лёжа – 53,74%. Помимо этого, в антропометрических показателях также прослеживаются положительные сдвиги. Наибольший прирост наблюдается в обхвате бицепса – 5,45%. В подтягиваниях бицепс плеча является одной из задействованных мышц, поэтому наивысшие приросты показателей в подтягиваниях и обхвате бицепса могут быть взаимосвязаны. Обхват бедра – 3,95%, обхват груди – 4,02%. Вес испытуемых увеличился на 2,67%. Основываясь на данных результатах, можно сделать вывод, что использование СРЦ «Inception 1.0» с целью организации тренировочного процесса в тренажёрном зале, направленного на рост силы и мышечной массы, для людей с минимальным уровнем физической подготовки, является оправданным и приводит к положительным сдвигам в показателях физического развития и физической подготовленности.

1. Почти в четыре раза выросли доходы фитнес-клубов в Казахстане// Статистика, экономика, спорт /[Электронный ресурс].- Режим доступа: URL: https://baigenews.kz/pochti_v_4_raza_vyrosli_dokhody_fitnesklubov_v_kazakhstane_115731/

2. Крылова Т.В., Белоусова К.В., Завьялова А.А., Лабазова А.В., Уткина Е.О. ИССЛЕДОВАНИЕ СПРОСА НА ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ТРЕНИРОВКИ В ФИТНЕС-КЛУБЕ // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. 2021. №1 (51).

3. Mike Mentzer Heavy Duty. - M. Mentzer: First Edition, 1993. - 67 p.

4. Joe Weider The Weider system of bodybuilding. - Chicago: Contemporary Books, 1983.-228 p.

5. Основы подготовки спортсменов в олимпийском спорте : настольная книга тренера : [учебник] : в 2 томах / В. Н. Платонов. - Москва. Т. 1. - 2021. - 591 с.

Бейсенгазин Б.Қ. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономикалық факультет, ГМУ-22-1к тобы, студент
(Ғылыми жетекші – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Матаева Б.Т.)

БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Заманауи әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде білім мен тәжірибенің өсу қарқыны бизнесті жүргізуге жаңа менеджмент талаптарын анықтайды. Қоғам өмірінің барлық салаларына техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды неғұрлым белсенді енгізу бизнесті ілгерілету саласында тиімділікті арттыру және құралдар жинағын кеңейту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар, бизнес аясындағы кәсіпорындарының мамандары «басқару процестерін бақылаудың ыңғайлылығы», «іс жүзінде сауатты бизнес шешімдерін қабылдау», «жұмыс жасау жылдамдығын арттыру» секілді менеджмент процестерін цифрландырудың артықшылықтарын атап өтеді [1, 46-62 б.].

Таяу арадағы өткен жылдары коронавирустық пандемия кезіндегі жағдай, кәсіпорын өкілдерінің бизнесті жүргізудегі көзқарастарын өзгертуге әкелді. Бұл негізінен өзін-өзі оқшаулау жағдайында сауда жасау және қызмет көрсету кәсіпорындарының 85%-дан астамы цифрлық технологияларды (мобильді құрылғылар, сайттар, бұлтты технологиялар және басқа да заманауи құралдар) белсенді қолдануына әсерін тигізді. Мәселен, қызмет көрсету аясындағы кәсіпорын басшылығы корпоративті сайтты құрылымдау, сатуды цифрландыру, клиентке жеткізу (қауіпсіздік факторын міндетті түрде ескере отырып) туралы шешім қабылдай бастады. Қарапайым цифрландыру элементтерін қолданулары, ортадағы өзгерістерге тез бейімделулері кәсіпорындарға қосымша бәсекелестік артықшылықтар берді. Әрине оған онлайн режиміне жылдам ауысу мүмкіндіктерінің басым болуы септігін тигізді.

Кәсіпорындардың менеджмент процестеріндегі трансформация тек ұйым ішінде ғана емес, сонымен қатар үздіксіз инновациялар, түпкілікті шешімдер қабылдау, сондай-ақ ағымдағы қызметтің барлық деңгейлерінде технологияларды интеграциялау негізінде сыртқы симбиозда өзара іс-қимыл мәдениетін қалыптастырады.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарын басқаруына цифрлық технологияларды енгізу және оны қолдану тиімділігін бағалауда мамандар келесі кезеңдерден тұратын әдістемені ұсынады:

– кәсіпорында басқаруды жүзеге асыру, басқару шешімдерін өңдеу, қабылдау және бақылау процестерінің ағымдағы жағдайына талдау жасау;

– цифрлық технологияларды басқару қызметіне енгізу алдында оның орынды болуын негіздеу;

– кәсіпорын қызметіне цифрлық технологияларды енгізу мақсатын, міндеттерін нақты айқындау;

– кәсіпорынды басқару процесінің цифрлық шешімдерінің жалпы сипаттамасын беру, жоспарланып отырған өзгерістерді айқындау;

– отандық және шетелдік нарықта ұсынылып отырған цифрлық шешімдерге талдау жасау, лайықты цифрлық технологияның нақты нұсқасын таңдаудағы басымдылықты негіздемелер;

– таңдалған цифрлық технология нұсқасын кәсіпорынның басқару қызметіне енгізу бойынша жобалық шешімнің негіздемесін ұсыну;

– таңдалған цифрлық технологияға сәйкес, кәсіпорын басқаруын цифрландыру облысындағы экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеу;

– жасалған сараптамалық талдау негізінде қорытынды жасау [2].

Егер бұрын ұйымдарда цифрлық басқару құралдарының бірі ретінде интернет-сайтты дамыту және жылжыту, интернетті (бәсекелестер, тауарлар мен тұтынушылар) қолдана отырып нарықты зерттеу, интернет-дүкендерді құру және SEO-жылжыту сияқты қымбат құралдарға баса назар аударылған болса, онда кейінгі интернет кеңістігінде бәсекелестік өскен сайын тауарлар мен қызметтерді өндірушілердің назары әлеуметтік медиа саласына аударылды және ол вирустық менеджмент-маркетинг құралдарына айналды [3].

Олар бүгінгі таңда Ғаламтор кеңістігіндегі ең өзекті құралдар болып саналады:

- Контекстік жарнама (Yandex Direct, Google Adwards).
- Таргет жарнама (Вконтакте, Instagram, YouTube және т.б.).
- Баннерлік жарнама.
- SEO-оңтайландыру (іздеу жүйесіде дамыту – Яндекс, Google).
- SMM (Social Media Marketing – әлеуметтік желілерде жылжыту).
- E-mail арқылы ақпараттарды тарату [4, 58 б.].

Қарағанды қаласында құрылыс жұмыстарын жүзеге асыру қызметін ұсынатын «Stroy Spectre» ЖШС жұмыс процесін бақылау және қорытындылау ретінде клиенттер арасында сауалнама өткізген болатын. Жұмылдырылған 40 респонденттердің басым бөлігі (61%) 25-55 жас аралығындағы сатып алушылар болып шықты. Оның ішінде 25-35 жас аралығындағы клиенттер үлесі – 35% (не болмаса 14 адам), 35-45 жас аралығындағылардың үлесі – 47,5% (не болмаса 19 адам) және 45-55 жас аралығындағы клиенттердің үлесі – 17,5% (не болмаса 7 адам).

Сауалнама нәтижелері клиенттердің басым ағымы digital-менеджмент құралдарыны арқылы кәсіпорын және оның қызмет бағыттары жайлы хабардар болғандығын көрсетті. Клиенттер ойын нақтылау үшін сауалнамада бірқатар сұрақтар тізімі берілді:

- «Stroy Spectre» ЖШС қызметіне жүгінер алдында кәсіпорын жайлы хабардар болдыңыз ба?
- «Stroy Spectre» ЖШС қызметі жайлы қайдан (таныстар арқылы жіберілген WhatsApp, Telegram-дағы мессенджерлер, медиялық жарнама, Instagram, Facebook секілді әлеуметтік желілер арқылы) білдіңіз?
- «Stroy Spectre» ЖШС кәсіпорын қызметіне қанша рет жүгіндіңіз?
- «Stroy Spectre» ЖШС кәсіпорын қызметін қайтадан пайдалануды жоспарлайсыз ба?
- «Stroy Spectre» ЖШС кәсіпорын қызметінің сапасына қанағаттандыңыз ба және т.б.

Сауалнамаға қатысқан клиенттердің 85%-ы кәсіпорын қызметтері жайлы е-технология көздерінен білген және 1 реттен артық қызметіне жүгінген, ұсынылған қызмет сапасымен қанағаттанған. 6 клиент не болмаса респонденттердің 15%-ы кәсіпорын қызметі жайлы алғашқысында хабардар болмаған.

Респонденттердің 82,5%-ы «Stroy Spectre» ЖШС кәсібі туралы әлеуметтік желілерден, 12,5%-ы ғаламторлы-технология көздерінен хабардар болғандығын байқаймыз. Дәстүрлі теледидар секілді ақпараттарды тарату көздеріне жүгінбеген. Ал ғаламторда жылжыту әдістерінің ішіннен SEO-жылжыту (сайтты іздеу жүйесін оңтайландыру), контекстік жарнама және әлеуметтік желілерде жылжытуды (SMM) көп қолданысқа ие. Дегенмен, зерттеу нысаны болып отырған ұйым шағын кәсіпорын болғандықтан, өзінің штаттық кестесінде арнайы сайт әкімгерін қарастырмаған. Ал сайтты қолдап отыру жұмыс бағыты сату бойынша менеджер, бөлім қызметкері секілді штаттық бірлікке жүктелетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Талдау көрсеткендей, цифрландыру жағдайында ұйымның бизнес-процестерін модельдеу саласындағы жаңа цифрлық басқарудағы теориялық әзірлемелер жеткіліксіз болды. Осыған байланысты қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда пайдалану үшін әмбебаптығымен, жүйелілігімен ерекшеленетін бизнес-процестерді модельдеу негізінде ұйымның тиімді технологиясы мен стратегиясын әзірлеу және басқару мәселесі туындады. Қазіргі кезде цифрлық құралдардың ерекше артықшылықтарының арқасында оның қазіргі ұйымдарда болмауы, олардың дамуы мен тұтастай өмір сүруіне мүмкіндік бере алмайды. Қазір әрбір клиент кейбір сұрақтармен ұйымдарға жеке өздері барудың қажеті жоқ, оларға өнім немесе қызмет туралы жедел ақпарат алу мүмкіндігі маңызды, демек бизнес бұл мүмкіндікті цифрлық басқару арқылы қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар, ұйымның өзі үшін цифрлық менеджмент құралдарын пайдалану кез-келген нүктеден бизнес-процестерді басқару түріндегі айқын артықшылықтарға, жарнамалық бюджетті үнемдеуге, сондай-ақ жарнамалық кабинеттің егжей-тегжейлі статистикасын талдаудың қарапайымдылығына және басқарудағы маңызды менеджмент көрсеткіштерін қадағалауға мүмкіндік береді [5].

Бәсекеге қабілеттілікті сақтау және «Stroy Spectre» ЖШС ұйымының нарығында тұрақты даму үшін тұтынушылардың қажеттіліктеріне, жоғары сапалы, қол жетімді қызмет көрсету сапасын үнемі қадағалап отыру қажет.

Ендігіде digital-менедмент құралдарын зерттеп отырған «Stroy Spectre» ЖШС кәсіпорынының басқару стратегиясын әзірлеуге енгізу қажет деп ойлаймыз. Оның элементтерін келесі суретпен келтіре кетелік.

1. Кәсіпорынның Instagram парақшасын белсенді жүргізу. Аккаунт парақшасын жүргізу бойынша негізгі ұсыныстар тіркелушілердің санын көбейтуге және олардың блогқа қатысуын арттыруға бағытталған, өйткені қазіргі уақытта Instagram тіркелушілерінің санына емес, сапасына бағытталған жаңа ережелерді белгілейді.

Ұйымның Instagram парақшасын жүргізу кезінде төмендегілерге аса назар аудару қажет болады:

– конкурстарды немесе ұтыс ойындарын жылжыту құралы ретінде пайдалану (жазылу, stories-тегі белгі, комментария);

– ауқымды қамтуды көтеру үшін stories-те интерактивтер өткізу (иә/жоқ сауалнамалар, сұрақ/жауап айдары, викториналар);

– мақсатты аудитория үшін жарнамаларды орналастыру;

– блогерлерге жарнамаға тапсырыс беру (олардың мақсатты аудиториясын бағалау және «Stroy Spectre» ЖШС үшін дұрыс блогерді таңдау).

2. Кәсіпорынның вебсайты мардымсыз, соны қайта өңдеу. Себебі веб-сайт бірқатар маңызды функцияларды орындайды: пайдаланушыларды тұрақты негізде өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету, жаңа клиенттерді тарту, клиенттермен қарым-қатынастың қарапайым тәсілі, ұйым имиджін қалыптастыру. Сайтқа кірген келуші басты бетіне түседі. «Бизнес тұрғысынан бұл пайдаланушыны қажетті әрекетті жасауға итермелейтін бет (сатып алу, тапсырыс беру, сайттың басқа бетіне өту). Пайдаланушы тұрғысынан ол басқа сайттан сілтеме бойынша өткен бет. Басты парағынан келушіні ұйыммен және оның не ұсынатындығымен таныстыру басталады» [22, 77 б.].

3. Сайттың мобильді нұсқасын және мобильді қосымшаны құру. Қазіргі уақытта сайт смартфонда ыңғайсыз форматта ашылады, бұл пайдаланушыларды сатып алудан алшақтатпайды, 24 сағат байланыс мүмкіндігін береді. Сатып алушылар уақытының көп бөлігін смартфондарда өткізеді, сондықтан кәсіпорын сатып алуды жеңілдету үшін тұтынушыға бейімделуі керек.

4. Контекстік жарнама іздеу жүйелерінде ұйымның веб-сайтын жылжытуға, таңдалған кілт сөздер бойынша жарнамаларды орнатуға жауап береді. Басқаша айтқанда, жарнамалар интернет-парақтың мазмұнына, контекстіне сәйкес көрсетіледі. Біздің еліміздегі іздеу жарнамаларын көрсетудің ең танымал қызметтері – Яндекс.Директ және Google.Adwords.

Жоғарыда қарастырылған ұйымның дамуын заманауи басқару, «Stroy Spectre» ЖШС әлдеқайда жеңіл және жылдам ілгерлеуіне көмектеседі деп болжанады. Сонымен қатар, «Stroy Spectre» ЖШС сайтын ақпараттық және әлеуетті сатып алушылар үшін келуге ыңғайлы ету үшін тақырыптық блоктарды толтыруға (ақпаратты жаңарту және өзектендіру) және басқа да цифрлық ортадағы құралдарын басқара алатын «Stroy Spectre» ЖШС кәсіпорынын басқару құрылымына жауапты мамандар қажет деп ойлаймыз. Сөйте, кәсіпорынды басқару құрылымына өзгерістер енгізу ұсынылады, яғни стратегиялық даму және маркетинг бағыттарын игеретін лауазым қарастыру. Сол арқылы басқару процестерін цифрландыруды қамтып, қызметтер нарығындағы өз позициясын нығайту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Кәсіпорынды басқаруды цифрландыру тиімділігі, цифрлық технологиялардың қолданылуын бағалаудағы келесі күрделі мәселе болып табылады. Тап осы жайт оны зерттеу міндетінің өзектілігін арттырады. Шағын және орта бизнес өкілдері цифрландыру мен цифрлық технологияларды өзіндік бизнес-процестерге енгізу жайында шешім қабылдауда, оның экономикалық нәтижелігіне үміттенеді. Яғни, басқару қызметін ұйымдастырудағы іс-әрекеттер жиынтығын жүзеге асыру қандай-да бір нақты нәтижелерге әкелуі тиіс. Оны басқару қызметін жүзеге асыруда үнем көру ретіндегі құн формасында сипаттауға болады. Үнем қаржыға ғана қатысты емес, ол бизнесті жүргізу және басқару уақыты, өнім не болмаса қызметтер тұтынушыларың легін арттыру және т.б. байланысты болмақ.

1. Халин В.Г. Цифровизация и ее влияние на российскую экономику и общество: преимущества, вызовы, угрозы и риски / В.Г. Халин В.Г., Г.В Чернова // Управленческое консультирование. – 2018. – № 10 (118). – С. 46-62.

2. Элдинг К. Цифровизация и ее влияние на экономику: выводы из опроса крупных компаний / К. Элдинг, Р. Моррисом. [сайт]. – URL: https://www.ecb.europa.eu/pub/economicbulletin/focus/2018/html/ecb.ebbox202207 _04.en.html – Текст: электронный.

3. Гарифуллин Б.М. Цифровая трансформация бизнеса: модели и алгоритмы / Б.М. Гарифуллин, В.В. Зябриков // Креативная экономика. – 2018. – Том 12, № 9. – С. 1345-1358.

4. Трофимов В.В. Информационные технологии в экономике и управлении: учебник для академического бакалавриата / В.В. Трофимов – Москва: Издательство Юрайт, 2020 – 482 с.

Бексеитова Л.Ж., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, инженерлік экономика және менеджмент факультеті, ЭМ-22-1, магистрант
(Ғылыми жетекші — э.ғ.м., аға оқытушы, Рауандина Г.К.)

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ НЕСИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Коммерциялық банктің дамуы әртүрлі несиелік ұйымдар арасындағы қатаң бәсекелестік жағдайында жүреді. Сондықтан, тұтынушылар базасын ұлғайту арқылы мүмкіндігінше көп пайда табу үшін коммерциялық банктер әртүрлі әдістер мен әдістерді қолданады. Осылайша, олар банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және жетілдіру арқылы өз қызметін саралайды.

Екінші деңгейдегі банктердің заңды тұлғаларға несие беруі қаржы жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Коммерциялық банктер деп те аталатын екінші деңгейлі банктер бизнеске қаржылық қызметтердің кең спектрін ұсынады. Міне, осы процестің бірнеше негізгі аспектілері:

1. Несиелік өнімдер:

Бұл бизнесті дамыту несиелерін, айналым қаражаттарын, ипотекалық несиелерді және қаржыландырудың басқа түрлерін қамтуы мүмкін.

2. Несиелік талдау:

Несие бермес бұрын банктер қарыз алушының несиелік қабілеттілігіне мұқият талдау жасайды. Бұл компанияның қаржылық жағдайын, оның төлем қабілеттілігін, бизнес-жоспарларын және басқа факторларды бағалауды қамтиды.

3. Пайыздық мөлшерлемелер:

Банктер пайыздық мөлшерлемелерді қарыз алушыға байланысты тәуекелдерге және берілген несиенің сипатына қарай белгілейді. Жоғары несиелік балл мен кепілдіктер ставкаларды төмендетуі мүмкін.

4. Несиелерді қамтамасыз ету:

Банктер тәуекелдерді азайту үшін қамтамасыз етуді талап етуі мүмкін. Кепілдікке кепілдіктер, кепілдемелер немесе кепілдіктердің басқа түрлері кіруі мүмкін.

5. Мерзімдері мен шарттары:

Несиелік келісімдерге нақты қайтару мерзімдері, өтеу шарттары, бұзушылықтар үшін айыппұлдар және банк пен қарыз алушы арасындағы қатынастарды реттейтін басқа да маңызды аспектілер кіреді.

6. Реттеу:

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін қаржы органдары қатаң реттейді. Реттеу қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қарыз алушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

7. Тәуекел және тәуекелдерді басқару:

Банктер әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдана отырып, несиелік тәуекелдерді белсенді басқарады. Бұған портфельді әртараптандыру, тәуекелдерді сақтандыру және қарыз алушыларды үнемі бақылау кіреді.

Екінші деңгейдегі банктердің заңды тұлғаларға несие беруі бизнеске өсу мен инновация үшін қажетті қаржылық ресурстарды ұсына отырып, экономикалық дамуды ынталандыруда шешуші рөл атқарады.

Осы процестерді толығырақ қарастырайық.

1. Несиелік өнімдер:

Банктер әртүрлі несиелік өнімдерді ұсынады, соның ішінде:

Бизнесті дамытуға арналған несиелер: жобаларды қаржыландыру, компанияны кеңейту, жабдықтар сатып алу және басқа да қажеттіліктер үшін беріледі.

Айналым несиелері: тауарларды сатып алу, жалақы төлеу және басқа да ағымдағы шығындар сияқты компанияның ағымдағы операциялық қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ипотекалық несие: компанияларға бизнес үшін жылжымайтын мүлік сатып алуға немесе салуға мүмкіндік береді.

2. Несиелік талдау:

Банктер терең талдау жүргізеді, соның ішінде:

Компанияның қаржылық жағдайы: балансты, кірістер мен шығыстар туралы есептілікті, ақша ағындарын және басқа қаржылық көрсеткіштерді бағалау.

Төлем қабілеттілігі: компанияның ағымдағы және болашақ міндеттемелерді ескере отырып, несиені қайтару қабілетін бағалау.

Бизнес-жоспар: бизнесті дамыту стратегиясын, сату болжамдарын зерттеу, бәсекеге қабілеттілікті талдау.

3. Пайыздық мөлшерлемелер:

Тәуекелдерді бағалау: банктер қарыз алушының несиелік рейтингін, берілген қарыздың сипаттамаларын және ағымдағы экономикалық жағдайды ескереді.

Нарықтағы мөлшерлеме деңгейі: банктер қаржы нарықтарындағы пайыздық мөлшерлемелердің жалпы деңгейін ескере отырып, пайыздық мөлшерлемелерді белгілейді.

4. Несиелерді қамтамасыз ету:

Кепіл: банктер төленбеген жағдайда тәуекелдерді азайту үшін кепіл ретінде жылжымайтын мүлікті, жабдықты немесе басқа активтерді талап ете алады.

Кепілгерлік: жеке немесе заңды тұлғалар қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда қарызды өтеуге міндеттеніп, кепілгер бола алады.

5. Мерзімдері мен шарттары:

Несиелеу мерзімі:

Несие мақсаттарына және қарыз алушының қаржылық жағдайына сәйкес анықталады.

Өтеу шарттары:

Өтеу кестесі, ай сайынғы төлемдер мөлшері, мерзімінен бұрын өтеу немесе кешіктіру үшін мүмкін айыппұлдар кіреді.

6. Реттеу:

Нормативтер мен талаптар: банктер қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық реттеу заңдары мен нормативтерін қатаң сақтайды.

Лицензиялау:

Несиелік қызметтерді ұсыну үшін банктерде қаржылық реттеушілердің тиісті лицензиялары болуы керек.

7. Тәуекел және тәуекелдерді басқару:


Портфельді әртараптандыру: банктер өздерінің несиелік тәуекелдерін әртүрлі қарыз алушылар мен экономика секторлары арасында бөледі.

Тәуекелдерді сақтандыру: қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда шығындардан қорғау үшін сақтандыру өнімдерін пайдалану.

Қарыз алушылардың мониторингі: ықтимал тәуекелдерді уақтылы анықтау үшін қарыз алушылардың қаржылық жағдайының тұрақты мониторингі.

Бұл процестер жалпы бизнес пен экономиканың дамуына ықпал ете отырып, екінші деңгейдегі банктердің заңды тұлғаларға тиімді және қауіпсіз несие беруін қамтамасыз етеді.

Әрбір елдің заңды тұлғаларға, соның ішінде Қазақстанға несие беру саласында өзіндік ерекшеліктері бар. Міне, Қазақстандағы заңды тұлғаларды несиелендірудің бірнеше ерекшеліктері (1-сурет):



1-сурет - Қазақстандағы заңды тұлғаларға несие беру ерекшеліктері

Оларды қарастырайық.

1. Валюталық несиелер:

Қазақстанда ұлттық валютада (теңгеде), сондай-ақ шетел валютасында кредиттер жиі беріледі. Бұл несиелердің құрылымы мен тәуекелдеріне әсер етуі мүмкін, әсіресе валюта бағамдары өзгерген кезде.

2. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары:

Қазақстанда экономиканы дамыту және бизнесті қолдау стратегиясы шеңберінде шағын және орта кәсіпорындар үшін жеңілдікті кредит беру шарттарын немесе кепілдіктерді ұсынатын түрлі мемлекеттік бағдарламалар болуы мүмкін.

3. Исламдық қаржыландыру:

Қазақстанда исламдық қаржыландыру дамып келеді және банктер шариғат қағидаттарын ескере отырып, тиісті исламдық банк өнімдері мен кредиттік схемаларды ұсынады.

4. Цифрландыру және онлайн-банкинг:

Қазақстан цифрлық технологияларды белсенді дамытуда және көптеген банктер онлайн-платформалар арқылы кредиттеу қызметтерін ұсынады, бұл кәсіпорындар үшін кредит алу процесін жеңілдетеді.

5. Несиелік ұпайлар және несиелік бюролар:

Несиелік балл жүйелері мен несиелік бюролар қарыз алушылардың несиелік қабілетін бағалауда маңызды рөл атқарады. Банктер бұл деректерді несие беру туралы шешім қабылдау үшін пайдаланады.

6. Құжаттарға қойылатын талаптар:

Қазақстандағы банктер несие алу үшін қажетті құжаттарға белгілі бір талаптар қоя алады. Бұл қаржылық есептілікті, бизнес-жоспарларды және басқа құжаттарды қамтуы мүмкін.

7. Несиелерді сақтандыру:

Несиені сақтандыру несие түріне байланысты міндетті немесе ұсынылуы мүмкін. Бұл банктер үшін тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Сондай ақ Қазақстандағы заңды тұлғаларға кредит беру ерекшеліктеріне мыналар жатқызылуы тиіс:

8. Қарыздарды өндіріп алу рәсімдері:

Қазақстанда қарыздарды өндіріп алу процестері заңнамамен реттеледі және банктер кредиттерді қайтаруда проблемалар туындаған кезде белгілі бір рәсімдерді ұстанады.

9. Халықаралық қаржы институттарының қатысуы:

Қазақстандағы банктер Халықаралық валюта қоры немесе Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтаса алады, бұл Кредиттеу шарттарына әсер етуі мүмкін.

Бұл ерекшеліктер осы елдің экономикасы мен заңнамасының ерекшелігін ескере отырып, Қазақстандағы заңды тұлғалар үшін несиелеудің бірегей ландшафтын қалыптастырады.

1. Мақыш С.Б. Банк ісі. Алматы: Жеті жарғы,2019.
2. Основы банковского менеджмента. Под ред. О.И.Лаврушина, М.:2015.
3.Alexandre Garela, «Bank capital in the crisis: It's not just how much you have but who provides it» // http://dx.doi.org/10.1016/j.jbankfin.2016.11.09
4. Бор З., Пятенко В.В., Менеджмент банков: организация, стратегия, планирование., М.: 2017. 5. http://www.nationalbank.kz/

У.Қ. Берденова, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Заң факультеті, Ю-41Қ тобы
(*Ғылыми жетекші — Phd, қауымдастырылған профессор А.И. Бирманова*)

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМІ ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

Мықты, нәтижелі, бәсекеге қабілетті демократиялық құқықтық мемлекет құру – халықаралық-құқықтық бағдарларға негізделген, басқа елдердің оң тәжірбиесін, сонымен қатар Қазақстанның бүгінгі және келешек ұрпақтың ерекшеліктері мен мүдделерін ескеретін, алдында қойған міндеттерінің деңгейіне және күрделілігіне сәйкес конституциялық-құқықтық дәрежесін нығайту және жүйелі іс асырылуының алғышарты.

Құқықтық нигилизм мәнінің теориялық-құқықтық талдамасы бұл құбылысты келесі жайғасымдардан қарастыруға болатын бастаулар бар деген болжамдар жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, құқықтық нигилизмнің жіктелімі жүргізілетін негіздемелеріне қарай әртүрлі пішіндері, түрлері және деңгейлері бар; екіншіден, құқықтық нигилизм қоғамдық-саяси ойдың құқықтың әлеуметтік және жеке құндылығын теріске шығаратын және оның қоғамдық қатынастарды реттейтін барынша жетілмеген тәсіл деп есептейтін бағыты болып табылады. Құқықтық нигилизм құбылысы қоғамдық немесе жеке сананың элементі, сондай-ақ жеке адамның немесе жалпы қоғамның мінез-құлқының моделі болып табылады. Құқықтық нигилизмнің пайда болуының моральдық-психологиялық жағы құқыққа деген абыройсыздық болып табылады. Құқықтық нигилизм проблемасы біздің елімізде құқықтық институттар басталғалы өзекті болды және қазіргі уақытта да солай болып қала береді. Құқықтық нигилизммен күрестің қажеттілігі туралы бүгін де айтылады. Заңдарды тиісінше елемейтін, бұзатын, сақтамайтын және құрметтемейтін жағдайлар бар. Оны тек «ақ» немесе «қара» бейнеде қарастыруға болмайды, оны зерттеуге объективті және тыңғылықты түрде келген дұрыс. Құқықтық нигилизм ұғымының көп мағыналылығы оны ғылыми термин ретінде қолдануда қиындық тудырады.

Құқықтық нигилизм - қоғамдық сананың элементі, ол заңға, заң үстемдігіне, мемлекетке, оның рәміздеріне немқұрайлы, күмәнді көзқараста немесе тіпті олардың әлеуметтік құндылығын толық теріске шығаруда көрінеді, саналы түрде оларды бұзу сияқты жағдайларда көрініс табады [1;32].

Бүгінгі Қазақстандағы құқықтық нигилизм көрінісінің барынша кең тараған үлгілеріне: ұйымдасқан қылмыстың кең тараған әрекеті, мемлекеттік аппарат бөлігінің жемқорлығы, қазақстандық құқықтық жүйедегі нормативті-құқықтық актілердің қарама-қайшылығы немесе тіпті бірін-бірі өзара жоққа шығарушылығы; сектанттық бағыттағы ресми емес діни бірлестіктердің, саяси немесе діни экстремизмдік ұйымдар мен топтардың антиқұқықтық қызметі; адам құқығы мен бостандығын мойындамау немесе бұзу жатады.

Құқықтық нигилизмді жеңудің негізгі жолдары – азаматтардың жалпы және құқықтық мәдениетін, олардың құқықтық және моральдық санасын көтеру; заңнаманы жетілдіру; құқықбұзушылықтардың және ең алдымен қылмыстардың алдын алу; заңдылық пен құқықтық тәртіпті, мемлекеттік тәртіпті бекіту; жеке тұлғаның құқығын құрметтеу және барлық шамада қорғау; жалпылама ағарту және тұрғындарға құқықтық тәрбие беру; біліктілігі жоғары заңгер кадрларды дайындау; құқықтық реформаны тезірек жүргізу және тағы басқалары. Алайда, анық болып тұрғаны сол құқықтық нигилизмді бір сәтте жою мүмкін емес. Бұл қиын және ұзақ үрдіс.

Ең алдымен нигилизмге қарсы күрес екі бағыт бойынша іс-шараларды іске асыруды қамтитынын атап өткен жөн: алдын алу және еңсеру. Профилактика нигилизмнің даму себептері мен жағдайларын анықтау сондай-ақ жою болып табылады. Алдын алу құқықтық сананың өзгеруіне кедергі келтіретін шараларды іске асырудан тұрады. Құқықтық нигилизмді еңсеру процесі қоғамдық өмірдің басқа салаларымен байланысты екенін, сондай-ақ белгілі бір уақыт ішінде әсерін сақтайтын бірқатар іс-шараларды орындауды қамтитынын атап өткен жөн [2;15].

Осы келеңсіз құбылысты еңсерудің бірінші қадамы азаматтардың рухани өмірін ынталандыру болып табылады. Бірінші кезекте бұл білім беру. Жеке тұлғаның заңгерлік мәдениеті құқықтық білімді, ойлар мен нанымдарды қамтиды, бұл дұрыс және қолайлы мінез-құлықты бейтарап мінез-құлықтан ажыратуға мүмкіндік береді. Рухани саланы ынталандырудағы маңызды аспект құқықтық білім беру болып табылады, ол қоғамда заң мен әділеттілікті құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етеді. Құқық бұзушылықтың алдын алу, бұқаралық ақпарат құралдарымен құқықты жалпыға бірдей насихаттау жолымен халықты жаппай ағарту және құқықтық тәрбиелеу, кәсіптік құқықтық білім беруді реформалау жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу қажет.

Құқықтық нигилизмнің күнделікті және теориялық деңгейдегі көрінісі жалпы қоғамның дамуы үшін теріс салдарлар туындатады, бірақ барынша қауіптісі бұл құбылыстың кәсіби деңгейде көрінуі және әсіресе оның субъектілері (қолданушылары) құқық қорғау органдарының қызметкерлері болып табылса. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық нигилизмі олардың түп тамырында олардың билік құзыретін пайдаланып өз қызметін атқару барысында іске асырылатын нигилистік-құқықтық стереотиптер мен нұсқаулар жатқан құқыққа қарсы әрекетінен танылады [3;195].

Құқықтық нигилизмде онда бұрын болмаған жаңа сапалық қасиеттер пайда болды. Оның табиғаты, себептері, ықпал ету арналары өзгерді. Ол қоғамның барлық саңылауларын толтырды, жалпылама, қуатты сипатқа ие болды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде нигилизм:

а) жалпылама қабылданған объективті (абсолютті) құндылықтарға деген кесімді сыни, аса теріс қатынаспен реттейді;

ә) теріске шығарудың максималистік жолымен, қарқындылығымен, ымырасыздығымен;

б) позитивті бағдарламасының жоқтығымен;

в) деструктивті, бүлдірушілік бастауының болуымен сипатталады [4;58].

Құқықтық нигилизмнің алдын алудың жақсы тәсілі тұлғаның құқықтық мәдениетін мектеп жасынан бастап қалыптастыру деп есептеймін. Әлеуметтенудің ең маңызды сәтінде өскелең ұрпақ сол жерде жетілетіні себепті, мұндай маңызды мәселені шешудегі негізгі орын мектепке беріледі.

Алайда, біздің еліміздің әрбір азаматы қоғамдағы өз рөлін сезініп, өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінгенге дейін жағдай өзгермейтінін түсіну керек. Бәлкім, дәл сол кезде демократиялық мемлекеттің маңызды компоненті - дамыған, әлеуметтік және құқықтық мемлекеттің негізіне айналатын азаматтық қоғам басталады.

Нигилизм мәселесіне оралып, оның заманауи өмірге соншалықты терең енгенін және адам ақыл-ойын жаулап алғаны туралы атап өту керек, біздің алдымыздан құқықтық нигилизмді жою мүмкіндігі бар ма деген сұрақ туындайды. Бар, бірақ көп күшті қажет етеді. Құқықтық нигилизмді әлсіретудің бірден бір жолы ретінде құқықтық тәрбиені атай аламыз. Құқықтық тәрбие – мемлекеттің, оның органдарының және лауазымды тұлғаларының, қоғамдық бірлестіктерінің, еңбек ұжымдарының адамдар санасында құқықты құрметтеуді, құқықтық әдепті қамтамасыз ететін позитивті білімді, түсініктерді, көзқарастарды, жүріс-тұрыс бағдарын, нұсқауларды, дағдылар мен әдеттерді , заңдық нормаларды орындау және қолдану кезінде белсенді өмір ұстанымын қалыптастыруға бағытталған қызметінің ерекше түрі.

Профессор Матузов құқықтық тәрбиені келесі түрлерге бөледі:

а) құқықтық насихат (лекция, сұхбат, кеңестер);

ә) құқықтық оқыту (құқық негіздерін оқыту т.с.с);

б) заңгерлік тәжірибе, күнделікті машықтану (талапкер, жауапкер, жәбірленуші, халықтық өкіл, алқа би өкілі ретінде сот отырыстарына қатысу; әртүрлі азаматтық-құқықтық келісімдер жасау; адвокат қызметін пайдалану; құқық қорғау қызметі);

в) өздігінен білім алу (құқықтық құбылыстарды, қоршаған құқықтық болмысты тану және түсіну, заңнаманы, ғылыми әдебиеттерді өз бетінше оқу, айналадағылармен қарым-қатынас жасау) [5;34].

Мектеп жасынан бастап балаларға олардың өз мемлекетінің азаматы екенін, олардың өмірі осы мемлекеттің заңдарымен реттелетіні және олар өз әрекеттері үшін жауаптылықта болатыны туралы түсініктеме берілуі тиіс. Бала кезден бастап өмірге деген, адамгершілік ұстанымдарына деген көзқарас, қоғамдағы болашақ әдеп негіздері қалыптасады. Балаға дұрыс және уақытылы құқықтық тәрбие беру өмірлік қиындықтарға заңдар мен адамгершілік ұстанымдарын аттап өтпей қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді [6].

Жасы үлкен буынның басқа бөлігі Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, экономика мен заңдылық үшін өтпелі кезеңде, экономика шұғыл түрде қатаң капиталистік заңдары бар нарықтық экономика жолына түскен уақытта өсіп жетілді, бұл қатты әлеуметтік дағдарыстарға, қылмыс деңгейінің артуына, сонымен қатар қоғамның аса байлар мен кедейлерге бөлінуіне алып келді. Мұның барлығы біздің қоғамда, адам санасынан тезірек баюдан басқа қалауын ығыстырып шығаратын радикалды құқықтық нигилизмнің дамуына әкеліп соқтырды. Жоғарғы құқықтық нигилизм жағдайында, егер қоғамның өзі жылдам, заңсыз баюдың тәсілдерін дәріптеп отырса, орта таптың пайда болуы өте қиын.

Басында айтып өткендей, құқықтық нигилизмнің басты үлгілерінің бірі қолданыстағы заңдарды және басқа нормативтік актілерді қасақана бұзу болып табылады. Құқықтық нигилизмнің барынша мықты катализаторы, нигилизмнің көзі болып табылатын – қылмыс. Шындығында да, егер адам заңдар мен құқықты құрметтемесе, сақтамаса ол оны бұзады. Алайда, барлығы бірдей құқықтық нормалардың нұсқауларын сақтайтын болса, іс жүзінде қылмыс та болмас еді. Құқықтық нигилизмнің тағы бір танылатын түрі құқықтық нормалардың нұсқауларына назар аудармау, қоғамға әкелер қаупі аз болса да, құқықтық тәртіп үшін барынша қауіпті.

Осылайша, нигилизм – бұл, ең алдымен, жалпыға ортақ құндылықтарды, идеалдарды, қоғамдық нормаларды, мәдениет нормаларын және қоғамдық өмір қалыптарын жоққа шығару. Сәйкесінше, ол қандай құндылықтардың жоққа шығарылуына және сенімнен тыс болуына, білім мен әлеуметік тәжірибенің қай саласы туралы мәселе қозғалып отырғанына қарай нигилизм көп қырлы, ол адамгершіліктік, құқықтық, идеологиялық, діни бола алады. Нигилизм көбінесе бірден көптеген белгілерімен көрініс береді: ғылымда, мәдениетте, әдепте, дінде, саясатта, экономикада. Бұл ол танылатын көптеген әртүрлі қырлары арасындағы айқын шекаралардың жоқтығын растайды. Дәстүрлі түсінік бойынша нигилизм деструктивті, әлеуметтік зиянды құбылыс деп қабылданады. Құқықтық нигилизмді зерттеп, оның танылуының көздері мен бастауларын қарастырып, бұл құбылыстың мемлекеттік билік тармақтарында және халық арасында шектеуі жоқ екеніне, сондықтан жүгенсіздік деп аталатынына, оның көріністерін барлық жерде тануға болатынына көз жеткіздік.

1 Пронина К.Ю. Правовой нигилизм как индикатор гражданско-правовой активности // Актуальные проблемы государства и права. - 2017. - Т. 1. - № 3-4. - С. 32-40.

2 Зарубаева Е.Ю. Правопонимание и правосознание как элементы правовой культуры: общее и особенное // История государства и права. - 2018. - № 10. - С. 15-21.

3 Сидорова Т.А. Содержание этического нигилизма в современном обществе // Вестник НГУЭУ. - 2009. - № 1. - С. 195-204.

4 Белкин В.В. Проблема правового нигилизма в современной науке // Новые идеи в философии. - 2015. - № 2 (23). - С. 58-64.

5 Матузов Н. И. Правовой нигилизм и правовой идеализм как две стороны «одной медали» // Правоведение. – 1994. – № 2. Қолжетімділік тәртібі: http://www.law.edu.ru

6. Профилактика правового нигилизма Казахстанского общества путем правового воспитания несовершеннолетних. – Қолжетімділік тәртібі: https://www.zakon.kz/-profilaktika-pravovogo-nigilizma.html

Жауқарбекова А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, ФН-31к-21, студент

(Ғылыми жетекші – э.ғ.к., профессор Акбаев Е.Т.)

«ДАМУ БАНКІ» АҚ-ның НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІН ТАЛДАУ

Әрбір коммерциялық банк несие портфелін қалыптастырумен айналысады. Несие портфелінің құрылымы несие мекемесінің клиенттеріне берілетін барлық несиелердің жиынтығы болып табылады [1].

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі No178-II Заңына сәйкес Даму Банкі қызметінің мақсаттары:

- мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру және жетілдіру; - өндірістік инфрақұрылымды және өңдеу өнеркәсібін дамыту;

- ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдемдесу.

Қазақстанның Даму Банкінің негізгі міндеті ұзақ мерзімді және орта мерзімді төмен пайыздық несилерді, оның ішінде экспорттық несиелерді беру жолымен, сондай-ақ басқа несиелік институттар беретін қарыздар мен несиелер бойынша кепілдік міндеттемелерді беру жолымен жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларын (инфрақұрылымдық жобалар бөлігінде) қаржылық қолдау болып табылады.

Даму Банкі өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы ірі жобаларды несиелеуде үдемелі өсуді көрсетіп отыр. Мәселен, 2013 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде Даму Банкінің несиелік портфелі 379 млрд теңгеден 1 971 млрд теңгеге дейін өсті (өсім 420% - ға), қарыздар мен кепілдіктердің жалпы сомасы шамамен 2 329 млрд теңгеге 103 мәміле мақұлданды, несиелік қаражатты игеру көлемі 3 019 млрд теңгені құрады (1 сурет).




1-сурет Қазақстан Республикасының экономикасын қаржыландыру серпіні.

Дерек көзі: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

Аталған кезеңде Даму банкінің көмегімен 46 инвестициялық жоба бойынша жалпы сомасы 2 341 млрд теңгеге жуық жаңа және жаңғыртылған өндірістік қуаттарды іске қосу жүзеге асырылды, оның шеңберінде 11 211-ден астам жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму Стратегиясын қабылдаған кезде және банкті мемлекеттік даму институттары жүйесіне енгізу банктің инвестициялық басымдықтарын нақтылауға әкелді. Банк инвестициялық жобаларды, экспорттық операцияларды несиелеу, агенттік жобаларға қызмет көрсету портфелін серпінді түрде ұлғайтуда.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жобалық қуаттарды енгізу және кәсіпорындардың экспорттық операцияларды іске асыруы есебінен Даму Банкінің қаржылық қолдауымен өндірілген өнім көлемі 3 301 млрд теңгеге жетті, оның ішінде жалпы сомасы 2 007 млрд теңгеден астам өнім экспорты ынталандырылды (2 сурет).



2-сурет Даму Банкінің қаржылық қолдауымен іске асырылған жобалар шеңберінде кәсіпорындардың өнім шығаруы мен экспортының жыл сайынғы көлемі.

Дерек көзі: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жалғыз акционер тарапынан жан-жақты және уақтылы қолдауға, сондай-ақ Даму Банкінің мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысуына байланысты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша клиенттерге берілген қарыздардың жалпы балансының салалық құрылымы негізінен өңдеу өнеркәсібіндегі жобалармен ұсынылған.

Салалар бөлінісінде Даму Банкі портфелінің ең үлкен үлесін мұнай өңдеу өнімдерін өндіру (29,9%), металлургия өнеркәсібі (17,1%), тау-кен өндіру өнеркәсібі (15,2%) және электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау (12,0%) салаларындағы жобалар алады. Сондай-ақ көлік және қоймалау (5,7%), машина жасау (4,8%), тұру және тамақтану қызметтері (4,0%), Ақпарат және байланыс (3,4%), химия өнеркәсібі (2,9%), тамақ өнімдерін өндіру (2,2%), өнер, ойын-сауық және демалыс (1,5%) салаларында жобалар бар) және құрылыс материалдарын өндіру (1,4%).

Во-вторых, достаточно сложная процедура усыновления. На данный момент механизм рассмотрения заявления об усыновлении представляет собой следующее. При подготовке дела к разбирательству суд обязывает органы, осуществляющие функци по опеке и попечительству по месту жительства (нахождения) усыновляемого ребенка представить в суд заключение об обоснованности и о соответствии усыновления интересам ребенка. Дело рассматривается с обязательным участием самих усыновителей (усыновителя), представителей органов опеки и попечительства, а также прокурора. В необходимых случаях суд может привлечь к участию в деле родителей (родителя) или иных законных представителей усыновляемого ребенка, его родственников и других заинтересованных лиц, а также самого ребенка, достигшего возраста 10 лет. Дела об усыновлении рассматриваются судом в закрытом судебном заседании. При удовлетворении заявления об усыновлении взаимные права и обязанности усыновителей (усыновителя) и усыновленного ребенка возникают со дня вступления в законную силу решения суда. Вступившее в законную силу решение суда направляется в орган РАГС по месту нахождения суда для государственной регистрации усыновления ребенка, а также в орган опеки и попечительства. Многих усыновителей такой процесс отпугивает.

Поэтому детей, которых отказались усыновить казахстанские граждане, есть возможность усыновления иностранными гражданами. А иностранные граждане усыновление детей с ограниченными

возможностями воспринимают как нормальный акт милосердия. Иностранцы при усыновлении не выбирают детей ни по цвету кожи, ни по внешним данным, ни по национальности или состоянию здоровья.

Так, всё-таки, нужно ли Казахстану иностранное усыновление? Какие же проблемы возникают при усыновлении детей иностранными гражданами? Ситуация изменилась в связи с тем, что теперь, по закону, иностранные усыновители не могут действовать самостоятельно – только через аккредитованные агентства по усыновлению. Процедура усыновления на сегодняшний момент усложена – данные агентства готовят необходимую документацию на протяжении нескольких месяцев, и только после этого приезжают потенциальные приемные родители. Как нами отмечалось ранее, в целях защиты прав усыновленных детей-сирот Казахстан ратифицировал «Конвенцию ООН о правах ребёнка» и «Конвенцию о защите детей и сотрудничестве в отношении иностранного усыновления», но, несмотря на этом, остается ряд неразрешенных вопросов, которые необходимо решить. По нашему мнению, необходимо разработать и внедрить эффективные механизмы контроля и надзора за выполнением условий усыновления и условий жизни ребенка после усыновления, так называемый «постусыновительский контроль».

Согласно нашему законодательству усыновителями могут быть лица, достигшие 18 лет, но в законодательстве многих стран возраст усыновителей отличается от установленного у нас возраста. Например, гражданский Кодекс Испании разрешает усыновление лицам, достигшим возраста 25 лет. Мы считаем, что минимальный возраст усыновителя должен составлять 23 года и это должно найти свое отражение в Конвенции. Увеличение минимального возраста необходимо, в возрасте 18 лет усыновители не способны в полной мере содержать ребенка, что не соответствует интересам ребенка. Установление возраста 23 года как минимального возраста усыновителя имеет ряд оснований. Во-первых, в возрасте 23 лет человек обычно уже окончил высшее образование или имеет определенные профессиональные навыки и стабильный доход, что говорит о его способности обеспечить ребенка достаточно хорошими условиями жизни. Во-вторых, в возрасте 23 года у человека уже есть определенный жизненный опыт и возможность принимать ответственность за другого человека. Усыновление - это серьезный шаг, который требует определенной зрелости и готовности стать родителем. В-третьих, увеличение минимального возраста усыновителя также поможет предотвратить возможные злоупотребления или неразумные решения со стороны молодых людей, которые могут быть не готовы к такой ответственности.

Также возникает необходимость в улучшении системы подготовки и обучения потенциальных усыновителей, а также в создании условий для реабилитации и социализации усыновленных детей. Часто усыновителям не имеют достаточные знания и навыки, чтобы эффективно заботиться о ребенке и способствовать его адаптации в новую семью. Для решения этой проблемы, государство может разработать обязательные программы подготовки и предоставлять усыновителям доступ к ресурсам и консультациям специалистов в области усыновления и воспитания детей. Также в Казахстане существует проблема недостаточного сотрудничества между государствами при международном усыновлении. Не всегда страны имеют эффективные механизмы сотрудничества и обмена информацией, что может затруднять процесс усыновления и удлинять его сроки. Для решения этой проблемы, государства могут вести активное взаимодействие и установление партнерских отношений, разрабатывать соглашения и протоколы для облегчения и ускорения процесса международного усыновления. Кроме того, необходимо обеспечить поддержку и сопровождение родителей и усыновленных детей после усыновления. Психологическая помощь и ресурсы помогут семьям справиться с возможными трудностями и обеспечить гармоничное развитие ребенка.

В заключение, стоит сказать, что международное усыновление в Казахстане сталкивается с несколькими серьезными проблемами, включая сложность процесса, недостаток информации и поддержки, возможность злоупотребления и недостаток подготовки усыновителей, а также отсутствие эффективного сотрудничества между государствами. Однако, с помощью упрощения процедур, улучшения системы информирования и подготовки, ужесточения контроля и развития международного сотрудничества, эти проблемы могут быть успешно решены.

1. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2024 г.).

2. Актуальные вопросы частного и публичного права в современных условиях: монография/ Г.В. Синцов, А.В. Сабаева, С.С. Бабанян и др. под ред. Г.В. Синцова. – Пенза, Изд-во ПГУ, 2015. – 162с.

3. Конвенция о правах ребенка (Ньо-Йорк, 20.11.1989) Постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 8 июня 1994г.

4. Конвенция о правах ребенка: принята 20 ноября 1989 г. Резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи ООН // Сборник международных договоров СССР. - Вып. XLVI. - М., 1993. – 178 с.

5. Валуйская Н., Пример настоящей заботы, Казахстанская правда №316 опубликовано: 27.05.2013 15:30 http://www. kazpravda.kz/ida.php?ida=41878 (27.09.2013).

Нурекин Д. К., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, инженерлік экономика және менеджмент факультеті, ЭМ-22-1, магистрант
(Ғылыми жетекші — э.ғ.к., доцент, Уразбеков А.К..)

ЭКОНОМИКАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ, ҒЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елдің бәсекеге қабілеттілігінң артуы мен инновациялық дамуына ең алдымен ғылым мен білім өз әсерін тигізеді, ғылым болмайынша елдің инновациялық дамуы жүзеге аспайды, сондықтан инновация саласында мемлекет, ғылым, білім беру және бизнестің интеграциясы қажет.

Білім және ғылым интеграциясының маңызды бағыттарының бірі жоғары білікті кадрларды - PhD докторлар мен магистранттарды бірлесіп даярлау болып табылады.

Қазіргі заманауи жағдайындағы білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен-деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана бі ле тін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі — білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласынада өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр.

Инфрақұрылымдық жобаларды бюджеттен тыс қаржыландыруды қолдану және оларды жеке сектордың сапалы түрде басқаруы есебінен іске асыру кезінде тиімді құралдардың бірі болып табылатын МЖС-ні дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік саясаты шеңберінде ерекше орын алады.

МЖС тетігін қолдануды практикаға енгізу үшін мына проблемалық мәселелерге көңіл бөліп, осыларды шешу жолдарын анықтау керек:

1. Халықаралық практикада жобаларды іске асыру кезінде дәстүр бойынша мемлекет жауапкершілігінің саласына қатысты мемлекет пен жеке сектордың өзара қатынасының елдің заңнамасы деңгейіне бекітілген.

МЖС ұғымының заңнамалық анықтамасының жоқтығы МЖС механизмін мемлекет пен жеке сектор арасындағы кез келген шарттық және шарттық емес қатынастар деп түсінуге әкеп соғады.

Осыған байланысты қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыру үшін МЖС механизмін қолдану шегін айқындау мақсатында МЖС ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесін пысықтау қажеттілігі туып отыр.

2. Халақаралық практика жаңа құрылысты және/немесе қайта жаңартуды талап ететін жобаларда да, сонымен қатар басқару тиімділігін жақсартуды талап ететін жобаларда да МЖС механизмін қолдануға болатынын көрсетіп отыр.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан бері Қазақстанда МЖС-нің келісімшарттық нысандарының бірі концессия әрекет етеді [2].

Инвестициялық және пайдалану тәуекелдерінің басым бөлігі жеке меншік тарапқа жүктелетін бұл концессия моделі кірісті басынан бастап шоғырландыруға қабілетті ірі ауқымды жобаларды іске асыруды көздейді.

Осыған байланысты мемлекет қойған МЖС-ні дамыту жөніндегі міндеттер шеңберінде, әсіресе әлеуметтік маңызы бар жобаларда коммуналдық шаруашылық, білім, денсаулық сақтау сияқты, тарифтің әлеуметтік үлкен маңызы бар және басқа да салаларда жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты концессия мәселелері бойынша заңнама шеңберінде оны қолдануды кеңейтуге мүмкіндік беретін мынадай мәселелерді пысықтау қажет:

1) концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесін қайта қарау;

2) концессионерді таңдау конкурсының екі кезеңдік конкурсты қолдану мүмкіндігін көздейтін рәсімдерін жетілдіру;

3) мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын индекстеу мүмкіндігімен жеке сектордың инвестициялық қана емес, сонымен қатар пайдаланушылық шығыстарын өтеу тетігін енгізу;

4) мемлекет тұтынатын кірістің ең аз көлемі бір (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің белгілі бір көлеміне) кепілдік беруге, салықтық преференциялар мен кедендік жеңілдіктер беруге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын дамыту;

5) тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен тәсілдерін қайта қарау;

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мемлекеттік меншіктің сенімгерлік басқаруға және жалға беру жөніндегі мемлекеттік меншікті сенімгерлік басқаруға және жалға беру бойынша

шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, МЖС белгілері халықаралық практика негізінде шарттық өзара қатынастары айқындалған [3].

Бұл шарттық қатынастарда жеке меншік әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық рәсімдерді өткізу, тәуекелдерді жеке меншік тарап мемлекет пен арасында бөлу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау міндеттілігінің болмауына байланысты оларды толығымен МЖС келісімшарттарына жатқызуға болмайды.

Осыған байланысты мәмілелерді ҚР азаматтық заңнамасының шеңберінде МЖС тетігі бойынша мәмілелер ретінде тану үшін жобаны жоспарлау үдерісін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге белгілі бір түзетулер енгізу, МЖС-мен келісімшарт жасасуға конкурс өткізу және жобалардың іске асырылу барысын басқару талап етіледі.

Көрсетілген шараларды пысықтау МЖС механизмін қолдану салаларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Шетелдік практикада жеке қаржылық бастама (бұдан әрі – ЖҚБ) моделі көп қолданылады. ЖҚБ – бұл жеке сектор қаржыландыратын мемлекеттік қызметтер мен жұмыс келісімшарттары, бірақ қызметтерге тұтынушылар емес, мемлекет ақы төлейді (мысалы, қоғамдық жарықтандыру бойынша жобаларда, ауруханалар мен мектептерде мемлекет ұзақ мерзімді келісімшарт жасаса отырып, мемлекеттік кепілдік берілген тапсырысты орналастырады және көрсетілетін қызмет сапасына қарай объектіні ұстауға арналған шығындарды төлейді). Бұл ретте меншік және күтіп ұстау құқығы жеке меншік тарапта қалады. Келісімшарт мерзімнің соңында мемлекет келісімшартты ұзарта алады.

Осыған байланысты концессия мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамада осы келімішарт түрін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

5. Қазіргі бюджеттік инвестицияларды жоспарлау практикасы бюджет шығыстарын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері негізінде бюджеттік инвестиция түрлері бойынша көздейді. Яғни, іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жобаларды іске асырудың оңтайлы схемасын айқындау бойынша алдын ала талдауды көздемейді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының шеңберінде оларды іске асыру схемаларын айқындау бойынша, оның ішінде МЖС тетігі бойынша инвестициялық ұсыныстарға алдын ала талдау жүргізудің міндеттілігі бөлігіндегі мәселені пысықтауды көздеу қажет.

Бұл тәсіл бір жағынан бюджетті жоспарлаудың тиімділігін арттыруға және инвестициялық жобаларды іске асырудың балама тәсілдерін мемлекеттік органдардың түсінуінің және қарау қажеттілігінің дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

6. Халықаралық практикада инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде МЖС-нің институционалдық нысаны қолданылады. МЖС-нің институционалдық нысаны – бұл мемлекеттік және жеке қатысушылардың арасындағы бірлескен кәсіпорындардың барлық түрлері, сондай-ақ қаржыландыру мен жобаларды сапалы басқарушыларды қолдану үшін жеке компаниядағы мемлекеттік компаниялардың үлесін сату.

Қазақстанда көрсетілген заңдық ұйымдарды құру үшін заңнамалық база бар, бірақ МЖС нысанында ынтымақтастық орнату үшін жеке меншік әріптесті таңдау конкурсын, жоба бойынша белгілі бір міндеттерге қол жеткізуді белгілеуді, тәуекелдерді бөлуді және тағы басқаларды көздейтін белгілі бір заңнамалық рәсімдерді әзірлеу мүмкіндігін қарастыру қажет.

7. Инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған құрал ретіндегі МЖС әлі даму сатысында тұрғанын ескеретін болсақ, мемлекеттік қызметшілер мен жеке меншік сектор өкілдерінің біліктілігін арттыру жөніндегі мәселені пысықтау қажет.

Осыған байланысты оқу орындарында МЖС саласында семинарлар, тренингтер өткізу жолымен мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мүмкінгін қарастыру қажет.

8. МЖС жобаларының инвестициялық тартымдылығын арттыру және МЖС тетігі бойынша ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде мемлекеттің жауапкершілігін арттыру мақсатында (қолжетімділік үшін төлем) кірістердің аз көлемінің кепілі түрінде бюджеттен төленуге айқындалған қаражаттың пайда болуы мен жеке сектордың алуы арасында уақытша лагтың пайда болу тәуекелін төмендету үшін «резервтік шотты» бөлу жолымен немесе «ағымдағы шығыстар» бабының шеңберінде жұмыстардың бюджеттік жоспарлау мәселесін пысықтау қажет.

9. Концессия тетігін пайдалана отырып, ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қосымша инвестициялар қолдану ға мүмкіндік беретін қаржылық қамтамасыз етуін талап етілуі мүмкін.

МЖС тетігін пайдалана отырып, нақты бір жобаны іске асыру үшін жобаның демеушісі құратын арнайы қаржы компаниясы концессионер ретінде әрекет етуі мүмкін жобалық қаржыландыру құралын пайдаланудың халықаралық оң тәжірибесі осы мәселенің шешімі болуы мүмкін.

Жобалық қаржыландыру құралының ерекшелігі жобаның ағымдағы және келешектегі ақша ағынын тұрақты жинақтау қабілетін бағалау болып табылады, атап айтқанда, осы ағындар қызмет көрсету мен борышты қайтару және жобаға инвестицияланған капиталға кірісті төлеу үшін қаражат көзіне айналады [1].

МЖС тетігін пайдалана отырып іске асырылатын жобаларда мемлекет келісімшарттар бойынша мемлекеттік меншік объектілерін берудің қажетті параметрлері мен стандарттарын бекітуі, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мүмкіндігін, тетіктері мен көлемдерін айқындауы және концессия объектісі мен көрсетілетін қызметтер сапасының жай-күйін бақылау функцияларын өзінде сақтап қалуы қажет.

Жеке секторға жобаны іске асыру шеңберінде ұсынылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін келісімшарттардың талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер жүктелуі тиіс.

Жобалық қаржыландыруды пайдалануды заңнамалық реттеу жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға ықпал ететін болады, ол кезде:

1) тартылған қаражатқа қызмет көрсету және оның қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін негіз болатын жобаны іске асырудан түскен болашақ ақша ағындары бойынша талап ету құқығын беру жүзеге асырылады;

2) жобалық борышты қолдану және қызмет көрсету үшін жаңа заң бойынша ерекшеленген әлеуметтік қаржылық компания құрылатын жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға негіз болады.

3) тәуекелдерді төмендетуге, кредиторлар құқығын қорғауға және күшейтуге;

4) жобаны іске асыру кезінде және соның нәтижесінде жобаның тартымдылығы артқан кезде заңнамалық белгісіздіктерді азайтуға бағытталады. Жобалық қаржыландыру мәселесін заңнамалық тұрғыдан реттелгеннен кейін күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік:

5) қазақстандық тарап тәуекелдерін төмендету есебінен тікелей және портфельді шетелдік инвестицияларды қолдану инвестициялық ахуалды және қазақстандық қарыз алушылар үшін сыртқы қарыз алу әлеуетін жақсартады;

6) жобаларды іске асыру мемлекеттік кепілдік беруді көздемейді және мемлекет борышының өсуіне әкеп соқпайды, өйткені жобаларды қаржыландыру болашақта жобаның өзінен түсетін ақша ағындарынан жүзеге асырылады;

7) қаржы секторын дамытуға және тәуекелді төмендету есебінен инфрақұрылымдық және капиталды қажет ететін өзге де жобаларға инвестициялайтын қаржы институттарына жаңа мүмкіндіктер беруге ықпал етеді.

1. «Мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде МЖС жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді лимиттерін, анықтау әдістемесін бекіту туралы» 26 қарашадағы № 731 Ұлттық экономика 2015 министрінің бұйрығы;

2. Есембекова Д.Б. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту. -Алматы: 2020.

3. Балашов с. дамыған елдерде МЖӘ жұмыс істеу тәжірибесі / / РҒА ЖЭ хабаршысы, 2019.-№5.

Оразова А. Б. Е.А**.** Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, Ю-34 к. студенті.
(Ғылыми жетекші – з.ғ.м., аға оқытушы Мүлкібаева Ш.Р.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар қоғамдық өмірдің барша салаларына енгізілді. Қазақстанда электрондық сот төрелігін цирфландыру кейінгі жылдары құқық қолдану тәжірибесінде және ғылыми ортада үнемі талқылануда. Ал бұл өз кезегіңде, терең ізденістер мен дамып келе жатқан тәжірибені егжей - тегжейлі зерттеу қажеттілігін білдіретіні аян.

Кейбір елдер ұзақ уақыт бойы электрондық сот төрелігі жүйесіне ену үрдісі мен жекелеген елдерде даму жолдары әртүрлі жолдармен жүрген. Электрондық сот дамуына алуан көзқарастың негізгі себебі түрлі заңнама, нәтижесінде құқықтық жүйелерге қойылатын талаптар деп болжау қисынды болар еді. Кез келген елдің өзі, бүгінгі шындыққа сүйене отырып, оған қандай ішкі жүйелер қажет екенін анықтайды. Мысалы, Ресейде "Интернет" желісінде сот отырыстарын бейне трансляциялау мүмкіндігі жақында енгізілді, ал Еуропаның кейбір елдерінде сот мәжілісін заңмен жазуға тыйым салынды. Электрондық сот төрелігіне тағы бір кедергі ретінде - техникалық дамудың алуан деңгейі. Көптеген елдерде барлық соттар түрлі идеяларды жүзеге асыру үшін қажетті техникалық құралдармен жабдықталмаған, ал АҚШ-та соттарды ақпараттандыру өткен ғасырдың 80 - ші жылдарында басталған.

Қазіргі заманда онлайн жүйеде электронды құжат айналымы қызметінің саны күн санап өсіп келеді. Бұл мақсатта Электронды үкімет порталы халық пен биліктің жұмысының сапасының артуына ықпал етіп, тиімді, ашық, әрі азаматтарға қолжетімді бола түсті.

Мақаланың зерттеу жаңалығы ретінде азаматтық істер бойынша электрондық форматта сот ісін жүргізу тәртібі мен құқықтық реттелу негіздерін пайда болатын құқықтық қатынастарды реттейтін қолданыстағы заңнамаға және құқық қолдану, сонымен қатар бірқатар шетел мемлекеттердің электрондық сот ісін жүргізу тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізіле отырып, нәтижесінде зерттеуге алынған нормаларды құқықтық реттеуді жетілдіруге байланысты тиімді ұсыныстар беруге мүмкіндік жасалады.

Бүгінгі күні электронды сот өндірісінің мәселесіне байланысты көптеген ғалымдардың көз-қарастары және ой пікірлері бар. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінде электронды сот өндірісінің дамуына байланысты салыстырмалы анализ жасауға А.А. Власов, В.Ф. Тараненко, У.К. Ихсанов, М.К. Сулейменовтің еңбектері пайдаланылды.

Азаматтық істерді қарастыруда электрондық технологияларды қолдануда заңнамалық, теориялық және тәжірибелік артықшылықтары мен кемшіліктер бар екені белгілі.

Кейбір тәжірибелік заңгерлер электрондық сот төрелігінің айқын артықшылықтары бар, сондықтан барлық сот процестерін онлайн режимінде шығару керек деп санайды.

Ал қалғандары әрбір іс жеке, дербес барлық процессуалдық нормалар дәйекті қарастыру жөн деп пікір білдіреді. Атап айтқанда, қылмыстық істерге, байланысты көптеген сұрақтар туындайды. Ал кейбір заңгер мен ғалымдардың пікірінше цифрландыруға толық көшу сот ісін жүргізуді тараптардың сайысушылық сияқты маңызды құрамдас бөліктен айыруы мүмкін деп санайды. Азаматтық процесс адвокаттар мен прокурорлардың іске тікелей қатысуын қамтиды, бірақ онлайн-жүйе процестерді тек ресми форматқа қарай ығыстыруы мүмкін деген болжам айтуда. Сондай-ақ электрондық сот ісі ескірген құжаттамалық сот ісін жүргізуден электронды сот ісін жүргізуге ауысу, бюрократияны төмендетуге және азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін жеңілдетуге ғана емес, сонымен бірге сот төрелігін ашық әрі сыбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал ететініне назар аударғымыз келеді.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, цифрлық технологияларды қолдану арқылы сот органдарының жедел қызметіне, соттар, іске қатысушылар, сондай-ақ басқа органдар арасында ақпарат алмасу жеңілдете түсуіне ықпал етеді.

Кемшіліктері ретінде келесідей бірқатар мәселелер туындауы мүмкін. Атап айтсақ, іске қатысатын тараптар арасында қысым жасау, деректердің құпиялылығы мәселелері, адвокаттың өзіне сенім берген тұлғаны толық мүддесін сотта жеткізе алмау және т.б. Дамымаған жүйеде манипуляцияның жаңа түрлерінің пайда болуы әбден мүмкін. Мысалы, тараптардың біріне пайдалы болуы мүмкін интернет байланысының үзілу, қатып қалуы, қатысушылар санының шектеулігі және т.б. Сондай-ақ, іс материалдарының толықтығын қамтамасыз етумен байланысты ауыртпалықтар. Соттардың онлайн нысанға ауысуымен бқл қиындықтар одан әрі күшейе түскенін айтуға болады. Дәлелдермен теріс пайдалану қаупі туындай түседі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Сот кабинеті» сервисі арқылы (сканерленген көшірмелер арқылы) дәлелдемелерді жіберу бұрмалау үшін алғышарттар орын алуы мүмкін. Мысалы, іске қатысушылардың бірі құжаттың түпнұсқалығын, қол қоюдың түпнұсқалығын, құжатты толтыру сапасын және іске қатысушының сот отырысына қатысқан кезде анықтай алатын қандай да бір дәлелдемелерді қолдан жасаудың басқа да белгілерін тексере алмайды. [1, б. 25-27].

Сот талқылауының жариялылығы қағидасын қамтамасыз ету зардап шегеді [2]. Онлайн формат арқылы сот отырысына жұртшылықтың қатысуын қалай қамтамасыз етуге болады деген сұрақтар туындайды. Тағы да бір сұрақ жабық форматта өткізілетін сот отырыстарының құпиялылығын қалай қамтамасыз етуге болады (мысалы, WhatsApp бағдарламасы арқылы бейне қоңырауды жазуға болады).

Сот отырысы барысында іске қатысушының біреуін байланыс құралдарынан ажырату немесе тараптардың қатысуынсыз сот отырыстарын өткізу жағдайлары және т. б. орын лауы мүмкін. Бұл Қазақстан Республикасында сот төрелігі туралы кемшіліктердің толық тізімі емес екенін мойындаймыз. Осының бәрін ескеру үшін электронды жүйені біртіндеп енгізу керек сынайлы.

Дамыған шетел мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, «Электрондық сот төрелігі» немесе шет елдерде «e-justice» ұғымы қазіргі уақытта қоғамға тұрақты енді. Айталық, АҚШ-та соттарға құжаттарды тапсыру үшін Public Access to Court Electronic (PACER) және Case Management / Electronic Case Files (CM/ECF) жүйелері арлықы сот мәліметтеріне электронды қол жеткізуге болады. Сот мәліметтеріне қол жетімділік өтеулі нысананда екендігін бірден айта кету керек. Төлемдерден түскен табыстар, ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету және қоолдау үшін қолданылады, сонымен қатар, электрондық сот төрелігімен байланысты өзге де шығындарды өтеу үшін пайдаланылады [3].

АҚШ-тың Вермонт штатының дәлелдемелер туралы § 1913 Ережесінде былай делінген: (1) блокчейнда электронды тіркелген сандық жазба, Вермонт штатының ділеледемелер туралы 902 Ережелеріне сәйкес танылуы керек, егер ол білікті адаманың жазбаша өтінішімен, ант берумен, сертификаттау үшін адамның біліктілігін көрсете отырып және: (а) жазба блокчейнге енгізілген күні мен уақыты; (б) блокчейннен жазбаны алу күні мен уақыты; (с) жазба блокчейнде тұрақты қызмет ретінде сақталды; және (d) жазба әдеттегі тәжірибе ретінде үнемі жүргізілетін шаралар барысында жасалды [3].

Европалық Одақ елдерінде электронды сот төрелігі әртүрлі дамыған. Европалық Одақ ұлттық соттарда ақпараттық технологияларды қолдану туралы өзекті мәліметтерден тұратын электронды сот төрелігі мен «Электронды сот төрелігі. Автоматты өңдеу» порталын құрды.

Соттық талқылау кезеңінде ақпараттық технологияларды қолдану үшін көптеген елдердің заңнамалары өзгереді, сонымен қатар, кейбір елдерде байланыс арналары, мысалы, Интернет, сот ісін жүргізудің барлық түрлерінде басқаларында- тек бөлек қолданылады.

Сингапурде электронды сот жүйесі өткен ғасырдың соңында дами бастады. 2000 жылы (Electronic Filing System EFS) құжаттарды электронды жіберу жүйесі енгізілді. Ол жаңа мәліметтерді, құжаттарды, сот үрдісінің әрбір сатын, сот ұйғарымдарын енгізетін сот құжаттарын және сот ісін электронды нысанда Интернет жүйесі арқылы енгізуге мүмкін жасады. Қарастырылып жатқан істер бойынша ашық ақпаратты іздеу мүмкіндігі бар. Бұнын бәрін Интернетке қол жетімді болған кезде жеке компьютерден жасауға болады. Бірақ бұл көбінесе заңгерлер мен адвокаттарға арналған.

2016 жылдан бастап Сингапурде жауапкерге Facebook, Skype және интернет-формудар, сондай-ақ (WhatsApp, Viber және т.б.) телефон нөмірлерімен байланысты мессенджерлер арқылы беріледі.

Хорватияда Жоғарғы сот SMS хабарламарын сот үрдісінде дәлел ретінде пайдалануға болатындығын растады, өйткені олар басқа ақпарат құралдарында сақталған кез-келген басқа жазбаша мазмұнға тең ақпарат көзі болып табылады [3].

Мысалы, Эстонияда электрондық сот ісін жүргізудің ақпараттық жүйесі (e – toimic-E-File proceeding information system) жұмыс жасайды, оның кқмегімен сот талқылауы басталуы, құжаттарды жіберу, азаматтық және әкімшілік сот ісін ж.ргізуде апелляция берілуі мүмкін. Іс құжаттары электронды қолтаңбаны қолдану арқылы тапсырылады. Төлем тапсырмалары мен техникалық қызмет көрсету талаптары, тек Интернет арқылы беріледі, бұл даму мен ақпараттық технологиялардың жеткілікті жоғары деңгейін, ең бастысы- халықтың осы технологияларды өолдануға дайын екендігін көрсетеді [3].

Тапсырманы жеңілдететін және әділеттілікті орнатуға мүмкіндік беретін арнайы нысандағы сотқа шағымды толтыру арқылы қол жеткізуге болады. Өндіріс және өтінім түріне байланысты нысандар әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен де олардың форматтары бірдей.

Жүйеге ID-карталары немесе (Mobile-ID) мобилді индентификаторы арқылы кіруге болады. Тұтынушының өзінің идентификаторы арқылы кірген тұлғаға істерге және мәліметтерге рұқсат беріледі. Деректерді қауіпсіз беру үшін ұлттық X-Road ақпараттық жүйесі қолданылады. Сот шешімдері, ұйғарымдар мен шақыру қағаздары электрондық түрде не ақпарттық жүйе арқылы берілуі мүмкін, бұл ретте олардың ашылған күні автоматты түрде тіркеледі немесе іске қатысушының оларды алғаны туралы сотқа хабарлауға тиіс жлектрондық поштасы арқылы жіберіледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасында тек электрондық құжатты пайдалануға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, электрондық құжат дәлел ретінде танылады. Сондай-ақ, бұйрық және оңайлатылған (жазбаша) істер бойынша электрондық формат жасалды. «Электрондық хаттама» ұғымы, электрондық құжат нысанында дәлелдемелерді бағалауды реттеу, процеске қатысушылардың техникалық құралдарды пайдалануы, мобильді байланыс құралдарын пайдалана отырып, сот процесіне қашықтан қатысу енгізілді.

2022 жылғы тамыздан бастап аумақтан тыс соттылық туралы нормалар қолданысқа енгізілді. Демек, IT-сервис кездейсоқ әдіспен істерді басқа аймақтағы судьяларға жібереді. Бұл аудандық соттардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді дегенді білдіреді.

Электрондық форматтың бір ерекшелігі-ақпараттық жүйе азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің материалдарын цифрлық түрде сақтайды және қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие.

Дегенменде қоғам, техникалық прогресс бір орында тұрмайды, цифрландырудың қазіргі экономиканың түрлі салаларын дамытуда қосып жатқан үлесі мол. Мобильдік билеттер, онлайн сауда, орталықтандырылған қашықтан басқару, науқастың электрондық тарихы және дәрігерлер мен пациенттердің уақытын үнемдеу сынды игіліктері бар. Жақын уақытта сот жүйесінде, әділ сотты іске асыруда айтулы, қоғамға пайдалы өзгерістермен жетістіктер сөзсіз болатынына сеніміміз мол.

Электрондық сот ісін жүргізу тәртібін ерекшелігі атты тақырыпты зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындыға келеміз:

- Процестің жариялылығын қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тұлғаларға шектеусіз қол жеткізуді қоса алғанда, процестің барлық тараптарына техникалық қол жеткізуді қамтамасыз ету.
- Азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде барлық қажетті құжаттардың уақтылы берілуін қамтамасыз ету.
- Халықаралық міндеттемелер мен шетелдік оң тәжірмбесін ескере отырып, төтенше жағдай және карантин режимі кезінде құқықтық жүйенің қызметін реттейтін арнайы заңнаманы әзірлеу және қабылдау.
- Дәлелдемелердің түпнұсқалығына қатысты дау жоқ, куәдан жауап алу талап етілмейтін және тараптардың жеке келіп, қатысуын талап етілмейтін істердің кейбір санаттарын тұрақты негізде онлайн көшіруді қарастыруға болады;
- Электронды дәлелдемелер түсінігі мен нысандарын қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңнамасына енгізу жөн деп санаймыз.

1. Вершинин А.П. Электронный документ: правовая форма и доказательство в суде. Учебно-практическое пособие. М.: Издательство «Городец», 2000. С. 106.

2. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі // https://online.zakon.kz/

3. Сулейменов М.К. Цифровизация в гражданском судопроизводстве: зарубежный опыт// online.zakon.kz

Раймова А.Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті,
топ Ю-22-1қ, студент
(Ғылыми жетекшісі — Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы аға оқытушысы з.ғ.м. Тоқатов Р.А.)

БЛОКЧЕЙН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазіргі ақпараттық қоғам құқықтық ақпаратпен алмасуға және растауға байланысты бірқатар күрделі мәселелерге тап болады. Блокчейн технологиясы бүгінгі цифрлық әлемнің басты назарында. Қоғамда талқылаулардың көпшілігі блокчейннің экономикалық және техникалық аспектілеріне қатысты болса, оның құқықтық реттелуіне де назар аудару қажет. Бұл мақалада біз блокчейн технологиясын құқықтық реттеуге қатысты мәселелерді және оларды шешудің мүмкін жолдарын қарастырамыз. Құқықтық процестердің ашықтығын, сенімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын тиімді құралдарға қажеттілік туындайды. Бұл тұрғыда блокчейн сандық жазбаларды құруға және сақтауға мүмкіндік беретін технология заңгерлер үшін өзекті бола түсуде.

Блокчейннің заңды жағын талқыламас бұрын, технологияның өзін анықтау қажет. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы "Ақпараттандыру туралы" заңның 1-бабының 38-2 тармақшасына сәйкес, блокчейн - өзара байланысты деректер блоктарының, тұтастығын растаудың берілген алгоритмдері мен шифрлау құралдарының тізбектері базасында деректердің таратылған платформасындағы ақпараттың өзгермеуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технология [1]. Бұл ақпараттың қауіпсіз және сандық сақталуын қамтамасыз ететін көптеген құрылғыларда сақталатын және синхрондалатын таратылған мәліметтер базасы. Блокчейннің басты артықшылығы-оның орталықтандырылмаған табиғаты, ол деректерді, құжаттарды қолдан жасау мүмкіндігін болдырмайды.

Блокчейн технологиясында сәйкестендіру барлық желілер танитын пайдаланушының сәйкестендіру нөмірі түрінде жасалады. Осылайша, пайдаланушы аты мен тегі сияқты жеке ақпаратты пайдаланудың орнына, барлық транзакциялар осы сәйкестендіру нөмірімен жасалады. Мұнда жасалған транзакциялар пайдаланушы жүйесінде, яғни хэш функцияларында математикалық есептеулермен шифрланады және тізбекке жазылады [2].

Блокчейн технологияларға негізделген мәліметтер базасының іріктелуі транзакциялардың дұрыстығын қадағалап отыруға мүмкіндік береді және ешқандай қаржылық реттеу органдарының араласуын талап етпейді. Қазір ақша, құжат немесе өзге мәліметтерге қатысты операциялар амалсыз делдалдар арқылы орын алады. Блокчейн технологияда орталық орган деген ұғым жоқ, сондықтан атқарылған транзакцияларды жүйенің барлық қатысушылары тексере алады. Бұл процедураларды азайтып, делдалдардан арылуға септігін тигізеді. Блокчейн технологиясы құрамындағы ақпаратты қауіпсіз сақтау мүмкіндігімен деректердің құпиялылығын ұсынады. Деректерді өзгерту үшін басқа блоктардан рұқсат алу қажет. Бұл блоктар саны сияқты растау механизмін белсендіреді. Осылайша, жүйе сырттан келетін кез келген зиянды әрекеттердің алдын алу арқылы деректердің қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді[3].

Ағымдағы кезеңде блокчейн технологиясы барлық жерде қолданылады. Блокчейн технологиясының басты мақсаты – кез келген ақпаратты цифрландыру. Салаларда қолданылуына және ақпарттың цифраландыруына байланысты мысал қарастырса: денсаулық сақтау саласын алса, пациент кез келген ауруханаға барып, өзі туралы деректі бірнеше мәрте енгізіп жүрмейді, оны дайын жүйеден деректер базасынан алуға рұқсатын берсе жеткілікті және бұл аурухана қызметкерлерінің жұмыстарын жеңілдетеді және уақыт үнемдейді.

Жоғарыда келтірілген ақпараттардан заң саласында блокчейн технологиясы келесі жағдайларда қолданылуы мүмкін екендігін анықтауға болады:

1.Құқықтарды есепке алу және тіркеу: блокчейн технологиялар арқылы жылжымайтын мүлікке, зияткерлік меншікке және басқа активтерге құқықтарды беру және тіркеу, мемлекеттік қызметтер көрсету жүзеге асырылуы мүмкін. Деректерді сақтаудың орталықтандырылмаған жүйесі делдалдардың қатысуынсыз құқықтың ашықтығы мен расталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Делдалдардың құқықтарды есепке алу, тіркеу, қызмет көрсету істеріне қатысуы кейбір жағдайларда қоғамдағы ірі мәселенің бірі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа әкеліп соғатынын байқауға болады. Блокчейн бұл мәселенің алдын алуына бірден-бір себепші бола алады. Бұл туралы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығында блокчейн технологиясына нақты көрсетілмеседе сілтеме ретінде қарастырылған: «Сапалы цифрландыру сыбайлас жемқорлықты төмендету факторы ретінде Цифрландыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, азаматтың шенеунікпен тікелей байланысын және тиісінше, "тұрмыстық" сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын болдырмай, барлық рәсімдердің бюрократиядан арылтуға және ашықтығына кепілдік береді. Мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін цифрлық форматқа көшіру арқылы озық технологиялық шешімдерді одан әрі қолдану барлық салаларда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталатын болады» [4]. Осы жарлықтың қоғамда жүзеге асырылуына және блокчейн технологиясының алғы шарты ретінде іске асырылып жатқан жағдайларды қарастырсақ. Қазіргі уақытта Қазақстанда жол қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету үшін 2017 жылы іске қосылған "Сергек" жүйесі және мемлекеттік қызметтер көрсетудің электрондық түрі ретінде

«Электрондық үкімет» порталы 2006 жылдан бастап жұмыс атқаруда. Бұл технология мен ээлектрондық портал ішкі істер органдарының, мемлекеттік қызметтер көрсетумен айналысатын қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлықтың санын төмендетуде.

2. Сот процестерін жеңілдету және автоматтандыру: блокчейн технологияны сот процестеріне қатысатын куәліктерге, шарттарға және басқа құжаттарға қол жеткізуді жеңілдететін электрондық құжаттарды жасау үшін пайдалануға болады.

3. Деректерді қорғау және құпиялылық: Блокчейнде сақталған барлық транзакциялар шифрланған және тиісті авторизациясыз өзгерту немесе жою мүмкін емес. Бұл жеке тұлғаны тексеру жүйесі жалпы қауіпсіздікті арттыра отырып, ақпараттық шабуылдаушылардың, алаяқтық әрекеттерді одан әрі болдырмайды.

4. Дауларды шешу: Блокчейн цифрлық келісімшарттар мен смарт келісімшарттар жасау арқылы дауларды шешу үшін технологияны қолдануға болады. Смарт келісімшарттар блокчейнде жұмыс істейтіндіктен, олар транзакция процесін жиі бәсеңдететін қағаз құжаттарды жояды. Сонымен қатар, смарт келісімшарттардың артықшылығы - оларды жалған жасау мүмкін емес[5].Бұл тараптарға өзара әрекеттесу ережелері мен шарттары туралы келіссөздер жүргізуге, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Блокчейн технологиясы заң саласында көптеген артықшылыққа ие. Бірақ оларды жүзеге асыру үшін құқықтық мәселелер де туындайды. Оларға жеке тоқталып өту қажет.

Қатысушыларды анықтау: блокчейнге қатысты негізгі сұрақтардың бірі-желі қатысушыларын анықтау. Блокчейнге негізделген әрекеттер пайдаланушыларға анонимді болуға мүмкіндік береді. Алайда, мұндай анонимділік блокчейнге сот жауапкершілігі тартылған жағдайларда қиындықтар тудыруы мүмкін. Үкіметтер мен реттеушілер құпиялылық пен блокчейн мүшелерін анықтау міндеті арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін заңдар мен саясаттарды әзірлеу қажет.

Алаяқтықты жою: бұл қатысушыларды криптовалюта ұрлығы, кибершабуылдар және басқа да блокчейн қылмыстары сияқты заңсыз немесе зиянды әрекеттерден қорғау үшін құқықтық реттеу қажеттілігін тудырады.

Меншік құқығын қорғау: Блокчейн технологиясы жылжымайтын мүлік немесе зияткерлік меншік сияқты активтерге құқықтарды делдалсыз беруге және тіркеуге мүмкіндік береді. Бөлінген тізілімде меншік құқығын және әртүрлі қаржылық құжаттарды жазуға болады. Блокчейн технологиясымен қамтамасыз етілген жылжымайтын мүлік тізілімі мүмкіндігінше ашық болады. Кез келген пайдаланушы оны толығымен, бірден және ең жаңартылған пішінде көреді[6]. Жылжымайтын мүлік сияқты, блокчейн адамдардың зияткерлік меншік құқықтарының сенімді жазбасын қамтамасыз ете алады. Ақпарат жалпыға қолжетімді болады, бұл кез келген өзгерістерді және барлық жазылған құжаттарды қадағалауға мүмкіндік береді. Құқықтық реттеу меншік құқығын тиісті қорғауды және блокчейнді пайдалану кезінде туындайтын дауларды шешуді қамтамасыз етуі керек.

Қорытынды

Блокчейннің бөлінген және орталықтандырылмаған табиғаты ақпараттың желіде қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етеді, бұрмалау және рұқсатсыз өзгертулер қаупін азайтады. Блокчейн технологиясы ашықтықты арттыру, тиімділікті оңтайландыру және құқықтық процестердің қауіпсіздігін нығайту мүмкіндігін ұсына отырып, қазіргі заманғы заң қауымдастығында айтарлықтай әлеуетке ие. Блокчейн технологиясы технологиялық инновациялар мен құқықтық эволюцияның қиылысында тұр. Бұл инновациялық технология көптеген мүмкіндіктерді ұсынғанымен, оның заңды қыр-сыры жоқ емес. Блокчейнді қолданыстағы құқықтық базаға кедергісіз біріктіру, қолданыстағы құқықтық шеңбермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық аспектілерді ескеру қажет. Блокчейн технологиясын реттеу үшін жаңа заңдарды әзірлеу немесе қолданыстағы заңдарды бейімдеу қажет. Блокчейн технологиясы деректер базасымен жұмыс атқаратындықтан, “Қазақстан Республикасының Дербес деректер базасы және оларды қорғау туралы заңына” 1-бабына блокчейн технологиясы туралы негізгі ұғымдар енгізіліп, 2- тарау блокчейн технологиясында дербес деректердің қолданылуы мен құпиялылығын сақтауға қатысты нормамен; “Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы” заңының 4,5-тарауларына «блокчейн технологиясы арқылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу ерекшеліктері мен тәртібі туралы»; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңына:

- Блокчейннің ашықтығына қойылатын талаптар: ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік транзакцияларды ашық немесе тексерілетін блокчейн тізілімдерін жүргізуге қатысты;

- Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алу үшін мемлекеттік жобаларда пайдаланылатын смарт-келісімшарттардың қолданылу және жасалу рәсімдерін белгілеу туралы.

- Блокчейн ақпарат берушілерді қорғау: анонимділік пен заңды кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, блокчейн технологиясы арналары арқылы сыбайлас жемқорлықты әшкерелейтін ақпарат берушілерді қорғау тетіктерін әзірлеу туралы нормалармен толықтыру әрекеттері жүргізілсе .

Білім беру және ақпараттандыру блокчейн технологиясын заң саласында құқықтық реттеуде алатын орны ерекше. Осыған байланысты блокчейн технологиясын құқықтық реттеудің күрделілігі студенттер мен заң мамандарына білім беруді және хабардар етуді талап етеді. Заңгерлерді оқыту олардың жаңа құқықтық мәселелерді түсінуі және ережелерді тиімді қолдануы үшін блокчейн технологиясы өте маңызды.

Тұтастай алғанда, блокчейн технологиясы әділетті және тиімді сот төрелігін дамыта отырып, заң саласында барған сайын маңызды құралға айналуда.Құқықтық реттеу блокчейнге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Тиісті заңнаманы әзірлеу және барлық мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу қажеттілігі туындайды. Бұл бірлескен күш-жігер заңды өріс шеңберінде блокчейн технологиясы барлық қатысушы тараптардың мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.Сонымен қатар, блокчейн технологиясының эволюциясы заңдық процестерге әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар заңнан тыс салаларда қолданылып, оларға жұмыстарды жүзеге асыруда тиімділік пен қолжетімділікті арттыруға жағдай жасайды.

1. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418

2. Блокчейн дегеніміз не? Блокчейн технологиясы неліктен маңызды? Blockchain қалай жұмыс істейді?, 2021.[Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://kk.rayhaber.com/2021/08/%D0%B1%D0%BB%D0%BE%D0%BA%D1%87%D0%B5%D0%B9%D0%BD

3. Қазақстан блокчейн технологиялар мен электронды валюталардан не ұтады [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-blokcheyn-texnologiyalar-men-elektrondy-valyutalardan-ne-utady_a2967110/

4. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802

5. Заң ғылымындағы блокчейн технологиясы [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі:https://prague.bc.events/ru/news/blockchain-in-legal-practice-how-technology-is-used-in-legal-sector-96527

6. Дробышев Павел “Заңгерлерге арналған блокчейн технологиясы : заң қызметтері нарығын дамытудың жаңа перспективалары”[Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: http://www.anglolex.org/News/21.html

Рахимжанова Г.Е., Карагандинский университет Букетова, экономический факультет, гр. МЛГ-23Р, магистрант
(Научный руководитель — к.э.н., ассоциированный профессор Арынова Ж.З.)

АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИНСТРУМЕНТЫ ВНЕДРЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЛОГИСТИКУ

